Әділет

# Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17651 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 13) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.07.2023 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақстан тарихы" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ (орыс) тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін әлеуметтік – саяси білім беру модулінің үлгілік оқу бағдарламасы;

7) осы бұйрыққа 7-ші қосымшаға сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Дене шынықтыру" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.12.2022 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтүзбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтүзбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Білім және ғылым министрі* *Е. Сағадиев*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 603 бұйрығына
1-қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орыннан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақстан тарихы" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.12.2022 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған "Қазақстан тарихы" жалпы білім беретін пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (

бұдан әрі - бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.07.2023 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бакалавриат білім беру бағдарламаларының білім алушыларына арналған.

3. Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес пән бойынша оқу ұзақтығы 150 академиялық сағатты (5 академиялық кредит) құрайды.

## 2-тарау. Мақсаты, міндеттері және күтілетін оқу нәтижелері

4. Пәннің мақсаты: Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру.

5. Пәннің міндеттері:

1) білім алушыларды фундаментальді деректанулық және тарихнамалық материалдармен, сондай-ақ қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының жетістіктерімен таныстыру;

2) Қазақстан тарихының гуманитарлық білім беру жүйесіндегі орнын айқындау;

3) дамудың заманауи кезеңіндегі өзекті мәселелерді талдау үшін Қазақстан тарихының нысаны мен пәнінің ерекшелігін анықтау;

4) Ұлы дала аумағындағы мемлекеттілік формалары мен өркениеттердің эволюциясын, қазақ халқы этногенезінің негізгі кезеңдерін толық және объективті көрсетуге негізделген Қазақстан тарихының ғылыми-негізделген тұжырымдамасын жасау;

5) Қазіргі Қазақстан тарихының оқиғалары туралы білімдерді жүйелеу.

6. Оқу нәтижелері:

1) Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;

2) сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;

3) қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістерін зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;

4) заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделей білу;

5) Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарын жүйелеу және сыни баға беру.

**3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама 5 тақырыптық блоктан тұрады: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы, Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәуірдегі Қазақстан ( XVIII-XX ғасырдың басы), Кеңестік кезеңдегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан.

8. Пәнді оқыту процесінде қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) интерактивті және цифрлық технологиялар;

2) оқытудың жобалық әдістері;

3) проблемалық оқыту технологиялары;

4) геймификация.

9. Бағдарламаның пререквизиттері мен постреквизиттерін жоғары оқу орнының өзі тағайындайды.

**Негізгі бөлім**

1-блок. Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы

Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы

Тарихи үдерісті кезеңдерге бөлу. Тас дәуіріндегі Қазақстан аумағының ландшафтық-климаттық өзгеріске ұшырауы. Антропогенез туралы жаңа мәліметтер. Адамның шығу тегі териясы және адамзаттың алғаш пайда болу проблемалары. Қазақстан аумағы – homo sapienstің қалыптасу ошақтарының бірі. Глоттогенез түсінігі. Культурогенез тұжырымдамасы.

Қазақстан аумағындағы тас ғасырына қатысты археологиялық ескерткіштердің ашылуы. Ежелгі адамның шаруашылығы мен тұрмысы.

Тарихқа дейінгі кезеңдегі адамның мәдениеті. Ерте палеолиттегі өнер мен діни түсініктердің қалыптасуы. Алғашқы қауымдық өнер ескерткіштеріндегі антропо және зооморфтық бейнелердің ерекшеліктері. Палеолит, мезолит, неолит дәуірлеріндегі тілдің, рационалды білімнің дамуы, діни түсініктердің қайта құрылуы. Жартасқа сурет салу өнері – петроглифтер (Мыңшұңқыр, Өлеңті, Еңбек, Тесіктас, Шатыртас, Ақбидайық, Ақбауыр, Баянжүрек).

Ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениетінің қалыптасуының алғышарттары

Ұлы даладағы энеолит және қола дәуірі. Ежелгі темір өңдеу техникасы. Мал шаруашылығы негізінде өндіруші шаруашылықтың қалыптасуы және оның кезеңдері. Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениеті. Қазақстан – жылқыны қолға үйретудің ежелгі ошағы. Еуразия өркениетінің қалыптасуындағы атқа міну мәдениетінің тарихи маңызы. Солтүстік және Орталық Қазақстаннан табылған остеологиялық материалды

талдау нәтижелері. Кремний индустриясының сипаттамасы. Шаруашылықтың көп қырлы сипаты. Құрал жасаудың қабыршақтау техникасы. Сүйек кесу өнерінің дамуы. Еуразияда көне жылқы көлігі коммуникациясының дамуы. Дала аймағы – көне дөңгелекті көлікті даму орталықтарының бірі.

Өңірдегі аридтену үдерістері. Қола дәуірі мәдениеттерінің шығу тегі мәселесі мен таралу аймағы. Қазақстанның ежелгі тұрғындарының антропологиялық түрі. Қола дәуіріндегі өнер: петроглифтер. Ешкі-өлмес, Тамғалы кешендеріндегі тасқа қашалған суреттер.

Қола дәуіріндегі палеоэкономика. Қазақстан аумағында кен ісі орталықтарының қалыптасуы. Материалдық мәдениет. Жерлеу тәсілдері мен салт-ғұрыптары. Қоныстар мен тұрғын үйлер. Орталық Қазақстанда қыш жасаудың дамуы. Қоғамдық құрылымы мен рухани мәдениеті. Қазақстанның ежелгі тұрғындарының тілдік атрибуциясы мәселесі. Еуразиялық дала жүйесіндегі Қазақстан аумағы (үндіеуропалық көші-қон). Шұңқырлы мәдениетті жасаушылар. Мәдениеттер мен этностардың ара қатынасы мәселесі. Ежелгі қалалар мәдениеті. Монументті сәулет өнерінің ескерткіштері. Ерте көшпелілер мәдениетінің қалыптасуы жағдайында ежелгі Қазақстан аумағындағы энеолит және қола дәуірін зерттеудегі жаңа көзқарастар. Соңғы қола және ерте темір дәуірі тайпаларының этномәдени сабақтастығы. Жетісу аумағында соңғы қола дәуіріндегі Көлсай археологиялық мәдениетінің ашылуы.

Атқа міну мәдениетінің генезисі

Көшпелілер тарихын кезеңдеу. Көшпеліліктің қалыптасуының алғышарттары: табиғи-географиялық және әлеуметтік-мәдени факторлар. Мал шаруашылығының рөлі мен маңызының артуы. Көшпелі шаруашылық түрлері: үй маңы, бақташылық, көшіп-қону және т.б. Атқа міну мәдениеті. Құдықтар. Ат әбзелдері. Дала, жартылай дала және шөлейтті аймақтарды игеру. Төрт түлік түрлері. Әлеуметтік құрылымы мен қоғамдық құрылысы.

Ерте темір дәуірі хронологиясы мен археологиялық мәдениет ескерткіштері. Тасмола мәдениеті: күні, ауқымы, қорғандар мен материалдық мәдениеттің ерекшеліктері. Жазба деректер. Қазақстандағы ерте темір дәуірінің зерттелуі. Ерте темір тайпаларының этносаяси және әлеуметтік тарихы. Сақтар. Массагеттер. Савроматтар мен сарматтар. Сақтар мен сарматтардың саяси құрылымдары. Ерте темір дәуіріндегі тайпалардың мәдениеті: хронология, жерлеу рәсімі, қару-жарақ, ауыздық, аң стилі өнері. Ежелгі антик қалалар. Сақтардың Ахеменидтер державасымен қарым-қатынасы. Сақтардың грек-парсы соғыстарына қатысуы. Сақтардың Александр Македонскийдің жаулап алуына қарсы күресі.

Сармат-Алан тайпалық одағы. Аорстар және роксоландар. Қоныстандыру аумағы. Яньцай Мемлекеті. Ғұндармен және қаңлылармен қарым-қатынас.

Мемлекеттіліктің қалыптасуының бастапқы кезеңі, Ұлы Жібек жолы аумағындағы көшпелі және отырықшы мәдениеттің урбандалуы мен өзара қатынастары (біздің заманымыздан бұрынғы III – біздің заманымыздың II ғасырлары)

Прото және ежелгі түріктердің мәдениет генезисі. Прототүрік және протомоңғолдық элементтердің ежелгі байланыстары мәселесі. Тақталы обалар мәдениеті. Орталық Қазақстандағы Қорғантас қорымы. Сюннулар жайлы қытай деректері. Археологиялық зерттеулер мәдениеті. Ғұн тайпаларының шығу тегі мен этникалық тарихы мәселесі. Ғұндардың (сюнну) империясының саяси тарихы.

Жетісу және Тянь-Шандағы үйсіндердің этносаяси бірлестіктері. Үйсіндердің тілдік және этникалық шығу тегі мәселесі. Жетісу және Тянь-Шандағы үйсіндердің этносаяси құрылымдары. Үйсіндердің көрші халықтармен және мемлекеттермен қарым-қатынасы .

Қаңлылардың тарихи-мәдени мұрасы. Қаңлылардың шығу тегі және этностық тарихы. Біздің заманымыздан бұрынғы II – біздің заманымыздағы V ғасырдың бірінші үштігіндегі қаңлылардың тараған аумағы мен қоныстанған жерлері. Урбандалуының ерте кезеңі. Тұрмыстық керамика этникалық шығу тегінің көрсеткіші ретінде. Тоқыма кәсібі. Жетіасар тайпаларының Қаңлы этномәдени тарихындағы маңызы. Шығыс Арал маңы аумағындағы түркі этникалық қауымдастығының қалыптасуы. Византия, Иран, Сирия және Қытаймен сауда байланысы.

**Негізгі әдебиет:**

1. Таймагамбетов Ж.К., Байгунаков Д.С. Қазақстанның тас дәуірі (зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 266 б.

2. Толеубаев, А.Т. Раннесакская шиликтинская культура: научное издание / А. Т. Толеубаев. – Алматы: ИП "Садвакасов А. К.", 2018. – 528 б.

3. Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы: Қазақпарат, 2009. – 576 б.

4. История древнего Казахстана / Под ред. Байпакова К.М. – 2-е изд. – Алматы: Рауан, 1996. – 112 б.

5. Исмагулов О., Исмагулова А. Происхождение казахского народа. По данным физической антропологии. – Алматы, 2017. – 196 б.

6. Харари Ю.Н. Sapiens. Адамзаттың қысқаша тарихы. – Алматы.: (Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. – 368 б.

7. Китов Е.П., Тур С.С., Иванов С.С. Палеоантропология сакских культур Притяншанья (VIII – первая половина II века до нашей эры). – Алматы: "Хикари", 2019. – 300 б.

**Қосымша әдебиет:**

1. Акишев А. "Искусство и мифология саков". ҚазКСР Тарих, археология және этнография институты, "Ғылым" баспасы, Алматы, 1984. – 176 б.
2. Акишев К.А., Кушаев Г.А. "Древняя культура саков и усуней долины реки Или". – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1963. – 298 б.
3. Ахинжанов С.М., Макарова Л.А., Нурумов Т.Н. "К истории скотоводства и охоты в Казахстане". – Алма-Ата: "Ғылым", 1992. – 217 б.
4. Исмагулов О., "Этническая антропология Казахстана: (Соматол. исслед.) – Алма-Ата: Наука, 1982. – 231 б.
5. Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. "Древняя культура Центрального Казахстана". – Алма-Ата: Наука КазССР, 1966. – 435 б.
6. Самашев З. Берел. – Алматы: Таймас, 2011. – 236 б.
7. Омаров Ғ.Қ. Сақ-скиф археологиясы: хрестоматия. – Алматы: Қазақ университеті , 2021. – 342 б.
8. Ежелгі Үйсін елі. Қытай деректері мен зертеулер. Құрастырушы: Ш. Ахметұлы. – ҚХР Үрімжі, "Шыңжаң Халық Баспасы", 2005.

2-блок. Түркі өркениеті және Ұлы дала

Моңғол кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы түркі тілдес этностардың этномәдени интеграциясы кезеңдері.

Көне түркі кезеңіндегі көшпелі мемлекеттік және мәдени дәстүрлердің дамуы. Жазба және археологиялық деректер мәліметтері. Түркілердің шығу тегі мәселесі. Мекендеген аумағы. Түрік қағанатының құрылуы, құрылымы және саяси тарихы. Көршілес мемлекеттермен өзара қарым-қатынас: Византия, Сасанидтік Иран, түркі-соғды синтезі, эфталиттер мемлекеті. Батыс Түрік қағанаты ("он оқ"): құрылуы, аумағы, этникалық құрамы. Әлеуметтік-экономикалық даму. Саяси тарихы. Тан империясымен қарым-қатынас. Түргеш мемлекетінің құрылуы және нығаюы. Жетісу және Оңтүстік Қазақстандағы араб-қытай қайшылығы. Талас өзені бойындағы тарихи шайқас (751 жыл). Жетісу аймағындағы билігінің күшеюі. Түркі-соғды мәдени синтезі. Қарлұқтар туралы тарихи деректерден алынған мәліметтер. Қарлұқ мемлекетінің саяси тарихы: құрылуы, көрші мемлекеттер мен тайпалармен қарым-қатынастары. Қарлұқ тайпаларының қоныстану аумағы және тайпалық құрамы. Мемлекеттің экономикалық және мәдени өміріндегі қалалардың рөлі. Исламның енуі және түркілердің мұсылман әлемімен халықаралық байланысы. Түркілер арасында қожалардың пайда болуы.

IX-XII ғасырлардағы Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі факторы. Сырдария бойындағы жабғу мемлекеті. Ауызша тарих және археологиялық деректер. Оғыздардың этникалық тарихының мәселелері және олардың қазақ халқының этногенезіндегі рөлі. Қимақтардың мемлекеттік құрылымындағы ежелгі түркі әлеуметтік-саяси дәстүрлерінің сабақтастығы. Ортағасырлық Қазақстан аумағындағы Қараханидтер. Араб және парсы деректеріндегі Қараханидтер туралы мәліметтер. Қараханидтер мемлекеттілігі түркі мемлекеттілігі эволюциясының жаңа кезеңі ретінде.

Исламды қабылдау және Қараханид мемлекетінің мұсылман әлеміндегі орны. Сауда-экономикалық және мәдени байланыстардың ерекшеліктері. Орталық Азияның халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қараханидтер мемлекетінің рөлі. Қарақытайлардың басып кіруі және олардың Жетісу мен Мәуереннахрға билік құруы. Қыашақтар туралы нарративті мен шежірелік дерек мәліметтері. Қимақтар мемлекетінің ыдырауы. Көшпелі тайпалардың көші-қоны. Қыпшақтардың шығу тегі мен этникалық тарихы мәселелері. Қимақ, қыпшақ, кумандардың үштік этникалық триадасы.Тайпалардың көші-қоны және олардың этникалық процестерге әсері. Қыпшақтардың саяси гегемониясының таралуы. Түркі көшпелі мемлекеттік және әлеуметтік-мәдени дәстүрлерінің дамуының соңғы кезеңі ретінде Қыпшақ хандығының құрылуы. Қыпшақтардың қимақ, қидан, оғыз, хорезмшах, орыс княздықтарымен байланысы. Орталық Азия кеңістігіндегі түріктердің әскери салтанаты кезеңі. Қыпшақтардың тілі мен әдеби ескерткіштері. Найман, керейіт, меркіт, жалайырлар туралы деректердің мәліметтері. Этникалық тарих және тілдік тиістілік мәселесі ( моңғол және түркі тектес ұғымдар).

Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы. Көшпелілер ("қала-дала" жүйесі) және отырықшылар: екі шаруашылық-мәдени типтерінің өзара қарым-қатынасы. Қалалар мен қоныстар – әскери-әкімшілік, мәдени, сауда мен қолөнер орталықтары ретінде. Қазақстанның түркі дәуіріндегі ортағасырлық сәулет ескерткіштері. Оңтүстік Қазақстан және Жетісу қалалық мәдениетінің гүлденуі. Ұлы жібек жолындағы қазақстандық трассалар. Ақша айналымы. Ұлы Жібек жолының ежелгі дәуір мен ортағасырдағы маңызы.

Орхон-Енисей (руникалық) жазуы ежелгі түркі өркениетінің өркениеттік белгісі ретінде. Ежелгі нанымдар мен культтер, буддизмнің таралуы, несторианизм, манихейизм және Жібек жолындағы басқа да автохтонды емес діндер. Түркі әлемінің исламға кірігу жолдары мен формалары. Түркі-ислам синтезінің қалыптасуындағы Қ.А. Ясауидің рөлі. Түркі мәдениетіндегі ауызша дәстүр. Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қ.А. Ясауи.

Ұлы Дала Алтын Орда кезеңінде (XIII-XV ғасырлар)

Алтын Орданың тарихы. Шыңғыс хан және Моңғол империясының құрылуы. Шыңғысханның Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алуы. Моңғолдардың Орта Азия мен Қазақстанды басып алуы туралы ортағасырлық деректер мен зерттеулер. Қазақстан үш моңғол ұлысының құрамында. Бату ханның Шығыс Еуропаға жорығы. Алтын Орданың Еуразия империясы ретінде құрылуы: территория, этникалық процестер, мәдени симбиоз. Ұлыстық жүйенің дамуы. Алтын Орда билеушілері. Өзбек ханның империялық саясаты. Ислам дінінің мемлекеттік дін ретінде қабылдануы. Египеттегі Мамлюк сұлтанатымен дипломатиялық байланыстар орнату, ортағасырлық әлемдегі империяның беделінің өсуі. Әмір Темірдің Алтын Ордаға жорықтары. Еуразиядағы оба пандемиясы. Алтын Орданың әлсіреуіне және ыдырауына әкелген

сыртқы және ішкі факторлар кешені. Ұлыстар арасындағы күрес. Шағатай мемлекетінің құрылуы.

Ортағасырлық мемлекеттер, XIV-XV ғасырлардағы Ақ Орда мемлекеті (XIII ғасырдың соңы – XV ғасырдың басы). Шыңғыс әулеттерінің Сырдария өңірі үшін бәсекелестігі. Орта Азиямен және Хорезммен байланыстары. Сырдарияның орта ағысы бойындағы өңірлер мен қалалар үшін Мәуереннахрлық билеушілермен күрестер.

Моғолстан (XIV ғасырдың ортасы – XVI ғасырдың басы). Мемлекеттің құрылуы. Аумағы мен этникалық құрамы. Шағатайлықтырдың және қоныс аударған моңғолдардың ұрпақтарының исламға бетбұруы, Жетісудағы мұсылман мәдениетінің жандануы. Моғолдардың Мавераннахр шағатайлықтарымен қарым-қатынасы. Моғолстан мен Ақ Орда билеушілерінің одағы Әмір Темірдің мемлекетінің экспансиясына қарсы күресі. Моғолстанның Темір мемлекетіне вассальдық тәуелділігі. Мухаммад хан тұсындағы биліктің нығаюы. Уәйіс хан және оның ұлдары Есенбұғы мен Жүністің таққа таласы. Ойраттардың Моғолстанға жорықтары. Моғолстанның әлсіреуі және құлауы.

Көшпелі өзбектер мемлекеті (1428-1468 жылдар) немесе Әбілқайыр хан мемлекеті. Аумағы және этникалық құрамы. Әбілқайыр ханның билікке келуі. Дешті Қыпшақтағы билік үшін күресі. Әбілқайыр ханның Орта Азияға соғыс жорықтары. Сырдария бойындағы қалалар үшін күресі. Әбілқайырдың ойраттардан жеңілуі (1457 жыл). Жәнібек пен Керей сұлтандардың көшіп кетуі (1457 жыл). Хандықтың ыдырауы.

Ноғай ордасы. Аумағы және этникалық құрамы. Ноғай Ордасының билеушілері. Би және мырза лауазымдары. Ноғай Ордасының көршілес мемлекеттермен өзара қарым-қатынасы. Ноғай Ордасындағы саяси дағдарыстар, мемлекеттің ыдырауы мен құлауы.

Сібір хандығының аумағы, этникалық құрамы, шаруашылығы. Сібір хандығының құлауы. (XV ғасырдың соңы – XVI ғасыр).

Алтын Орда дәуірінің мәдени-өркениеттік мұрасы. Қала құрылысының өркендеуі, Алтын Орданың империялық кезеңіндегі Дешті Қыпшақтың мәдени даму деңгейі туралы жаңа археологиялық ашылымдар.

Қазақ халқының қалыптасуы. "Қазақ" этнонимі. Қазақ жүздері

Қазақ халқы қалыптасуының тарихи алғышарттары. Қазақстан аумағындағы этникалық үдерістер. Монғолдар үстемдігі кезеңінен кейінгі халықтың қалыптасуы. Этникалық аумағының және бірыңғай тілдің қалыптасуы. Шаруашылықтың, материалдық және рухани мәдениеттің ортақтығы. Мемлекеттің құрылу факторы және оның этникалық үдеріске ықпалы. "Өзбек" және "қазақ" ұғымдарының арақатынасы. " Қазақ" терминінің әлеуметтік, этникалық мәні мен мазмұны. Қазақ жүздерінің қалыптасуына этносаяси және шаруашылық факторлардың әсері. Ұлы, Орта және Кіші жүздердің пайда болуы.

Қазақ хандығы XV-XVI ғасырлар.

Қазақ хандығы дәуірінің кезеңделуі. Қазақ хандығының құрылуы, оның барысы және негізгі оқиғалары. Керей мен Жәнібек хандардың рөлі. Қазақ хандығы құрылуының тарихи маңызы. Қазақ хандығының күшеюі. Бұрындық хан тұсындағы Қазақ хандығының Сырдария бойындағы қалалар мен өңірлер үшін күресі және оның барысы, қорытындысы.

Қазақ хандығының XVI ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. Ру-тайпалық құрамы. Шаруашылығы: мал шаруашылығы, егіншілік, қалалары, саудасы. Сырдария жағалауындағы жерлердің саяси және экономикалық маңызы. Мұхаммед Шайбанидің Қазақ хандығына қарсы жорықтары. Шайбани ханның қаза табуы.

Моғолстанның саяси негіздерінің әлсіреуі. Қазақ хандығының Орталық Азиядағы ең күшті мемлекеттердің біріне айналуы. Жетісудың Қазақ хандығы аумағына қосылуы . Қасым хан тұсында хандық аумағының ұлғаюы. Шайбанидтердің Қазақ хандығына қарсы жорығы. XVI ғасырдың орта тұсына қарай Қазақ хандығының уақытша әлсіреу кезеңі. XVI ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ хандығы. Тақ үшін күрестер және олардың салдары. Мамаш, Тахир хандар. Қазақ хандығының Моғолстанмен өзара қарым-қатынастары. Ахмет, Тоғым және Бұйдаш хандар. Қазақ-ноғай қатынастары.

Қазақ хандығының қайта өрлеуі. Хақназар ханның билігі. Қазақ-ноғай қатынастары. Қазақ хандығы және Мәуереннахрдағы Шайбанидтер. Қазақ хандарының Бұхара мен Сібір хандығының одағына қарсы күресі. Хақназар ханның қаза табуы. Шығай хан. Тәуекел хан, оның саясаты. Мәуереннахр аумағына жорықтардың нәтижелері. Қазақ халқының этникалық аумағы қалыптасуының аяқталуы.

Қазақ хандығы XVII – XVIII ғасырдың басында

XVI ғасырдағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. Есім ханның Сырдария бойындағы қалалар үшін күресі. Қазақ және Бұхар хандықтары арасындағы қарым-қатынастар. Жоңғар хандығының пайда болуы, алғашқы қазақ-жоңғар қатынастары. XVII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-жоңғар қатынастарының сипаттамасы. Қазақ қоғамында батырлар мен билер ықпалының өсуі. Жәнібек хан. Орбұлақ шайқасы. Жәңгір хан тұсындағы Қазақ хандығы.

"Белгісіз жылдар" кезеңі. 1652-1680 жылдар. Сайрам соғысы.

Тәуке ханның билікке келуі, оның саясаты. Қазақ-жоңғар қатынасында шиеленістің күшеюі. Тәуке ханның "Жеті жарғысы". Билер институты. Қазақ мемлекетінің сыртқы саясаты мен дипломатиясы: Мавераннахрмен (шейбанидтер, аштарханидтер), Иранмен байланыс, Осман империясымен байланыс орнату әрекеттері, қазақ-орыс байланыстары .

Қазақтардың XIV – XVIII ғасырдың басындағы мәдениеті

Қазақтардың дәстүрлі көшпелілер мәдениеті. Көшпелі шаруашылық түрлері, олардың ерекшеліктері. Еңбек құралдары. Қарулар. Қолөнер және үй кәсіпшілігі. Сауда және сауда жолдары.

Қазақ халқының рухани мәдениеті. Орталық Азия сунниттік-ханафи мектебі шеңберінде қазақ-мұсылман діни дәстүрін қалыптастыруды аяқтау. Қазақтар арасындағы Құран мен Сүннеттің беделі. Ежелгі тәңірлік жәдігерлері, Наурызды сақтау және оның көшпелі өмір салтына бейімделуі. Қазақ хандығының рухани өмірі мен идеологиясындағы Ахмет Ясауи кесенесі мен қасиетті Түркістан қаласының рөлі.

Поэзия мен шешендікке табыну, қазақтардың ауызша-вербальды мұрасы.

Қазақстанның қалалық мәдениеті. Қала мен даланың өзара байланысы. Қазақстанның түрлі аймақтарындағы қалалардың құрылымы. XVII ғасырдағы – XVIII ғасырдың басындағы қалалық мәдениеттің құлдырауы.

Ауызша тарих айту дәстүрі және оның ерекшеліктері мен маңызы. Жазбаша тарихнама. Мұхаммед Хайдар Дулатидың, Қадырғали Қасымұлы Жалайыридің аса көрнекті еңбектерінің маңызы.

**Негізгі әдебиет:**

1. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. – Том 2 . – Алматы: Атамұра, 1997. – 345 б.

2. Кумеков Б.Е. Государство кимаков в IX-XI вв. – Алма-Ата, Наука, 1972. – 695 с.

3. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: "Сардар" баспа үйі, 2014. – 520 б.

4. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей. Астана: Астана Даму, 2006. – 256 б.

5. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. СПб.: Петербургское Востоковедение, 2004. – 368 б.

6. Қазақстан тарихы (Қазақ елі). 1-2 кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 458 б.

**Қосымша әдебиет:**

1. Бартольд В.В. Сочинения. Т.1: Туркестан в эпоху Монгольского нашествия. – М.: Издат. восточ. лит-ры, 1963. – 760 б.

2. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата: Ғылым, 1989. – 296 б.

3. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. – Саранск, 1960. – 252 б.

4. Оразбаева А.И. Формула государственности казахов. – М.: ИП Лысенко А.Д. " PRESS-BOOK.RU", 2017. – 376 б.

5. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Алматы: Елтаным, 2014. – 360 б .

6. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 б.

7. May T. The Mongol conquests in world history. – London, Reaktion Books: 2012. – 173 б.

8. История Казахстана в арабских источниках. Т. 1.– Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 711 б.

9. История Казахстана в персидских источниках. Т. IV. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005 . – 625 б.

10. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Т.1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 240 б.

3-блок. Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII - XX ғасырдың басы)

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы.

Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан: зерттеудің жаңа әдіснамалық трендтері. Кезеңдеу. Тарихнама және дереккөздер. Қазақстан Ресей империясымен, ортаазиялық хандықтармен, Башқұртстанмен, Қалмақ хандығымен халықаралық қатынастар жүйесінде. Жоңғар хандығының күшеюі: жоңғарлардың басқыншылық стратегиясы. " Ақтабан шұбырынды", "Алқакөл сұлама" жылдары. Ордабасындағы басқосу – өзара келісім және аумақтық біртұтастықты сақтап қалу жолы. Әбілқайыр ханның бұртұтас қазақ әскерінің қолбасы болып сайлануы. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресі. Бұланты шайқасындағы жеңістің маңызы. Аңырақай шайқасы. Қазақ халқының ұлт-азаттық күресіндегі қазақ батырларының рөлі. Қазақтар мен жоңғарлардың әскери өнері: салыстырмалы талдау. Қазақ-башқұрт, қазақ-қалмақ қатынастары.

Қазақстандағы отарлық дәуірдің басталуы

Қойбағар Қобаяковтың дипломатиялық миссиясы. Сейітқұл Қойдағұлов пен Құтлымбет Қоштаев басқарған хан Әбілқайыр елшілігі. Мырза Құтлы Мұхаммед Тевкелев басқарған Ресей елшілігі. Азаматтық мәселесі төңірегіндегі келіссөздердің барысы және түрлі саяси топтардың күресі. И.К. Кирилов жобасы. Орынбор экспедициясының ұйымдастырылуы мен қызметі. Қазақ хандары мен Кіші және Орта жүздердің ықпалды сұлтандарынан ант қабылдауы (XVIII ғасырдың 40 жылдары). Орынбор губерниясының губернаторы И.И. Неплюевтің саясаты. Әбілқайыр мен Орынбор әкімшілігі арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуі. 1740 жылдардың аяғында патша үкіметінің Әбілқайырмен келіссөздері. Әбілқайырдың өлімі. Хан билігін заңдастыру. Нұралы сұлтанды хандық лауазымға бекіту (1749 жылғы 13 сәуір).

1739-1741 жылдардағы жоңғар-қазақ соғысы. Абылайдың Жоңғармен, Қытаймен, Ресеймен қарым-қатынастары. Абылай сұлтанның дипломатиялық өнері. Қытай мен Қазақстан арасындағы елшілік қарым-қатынастар. Қазақтар мен башқұрт көтерілісшілері.

XYIII ғасырдың соңындағы Қазақстан және Орта Азия мемлекеттері

Ресей империясы саясаты жүйесіндегі Орталық Азия. 1839 жылғы Хиуа жорығы және оның нәтижелері. Сырдария шекара сызығының белгіленуі.

Ұлы жүз сұлтаны Сүйік Абылайханұлының Ресей бодандығын қабылдауы. I Александрдың Ұлы жүз қазақтарын Ресей бодандығына қабылдағаны туралы Құрмет грамотасы. 1846 жылы Жетісу сұлтандарының Ресей бодандығын қабылдауы. Іле аймағын отарлау. Алатау округінің құрылуы. В. Перовскийдің Қоқанға жорығы (1853 жыл). Қазақтардың 1858 жылғы Қоқан үстемдігіне қарсы көтерілісі. Жетісудағы 1860 жылғы әскери іс-қимылдар. Ұзынағаш шайқасы. Әулие-Ата, Мерке, Түркістанның алынуы. Генерал-майор Черняев басқаратын алдыңғы шептегі Жаңа Қоқан шебін құру туралы жоғары Жарлық. Шымкент, Сайрам қалаларының алынуы. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіруі. Қазақстанның Ресей империясына қосылуы.

Қазақстанда Ресейдің әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі (XYIII ғасырдың соңғы ширегі – XX ғасырдың басы)

Орынбор генерал-губернаторы О. Игельстромның реформасы: бас старшинаны енгізу және Кіші жүздегі хан билігін жою жобасы. Шекара сотының және расправаларлың құрылуы. Дала реформасы барысындағы "татарлардың" коммуникативті рөлі. Кіші және Орта жүздер аумағында барлық билік институттарын реформалау және аумақтық-әкімшілік басқару жүйесін енгізу. Хан билігін жою. Даладағы сұлтандық институты (XIX ғасырдың 20-60 жылдары). Ресей империясының құқықтық нормалары бойынша аға сұлтандар, сұлтан-әміршілер, болыс сұлтандар, старшиналар, билер, құрметті қазақтардың мәртебесі.

Дала комиссиясының қызметі. Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы ( 1867 жыл) және Орынбор және Батыс Сібір бас үкіметтерінің Дала облыстарын басқару туралы (1868 жыл) уақытша ереженің жүзеге асырылуы. Сот жүйесі мен салық салудағы өзгерістер. Түркістан өлкесін басқару туралы ереже (1886 жыл). Әкімшілік құрылым. Дала облыстарын басқару туралы ереже (1891 жыл). Көшпелі және отырықшы халықты жерге орналастырудағы өзгерістер. Ресей империясының Дала генерал-губернаторлығындағы соңғы реформасы: шаруа бастықтары институтының енгізілуі (1902 жыл).

Бөкей ордасының (Ішкі Орда) құрылуы: басқару жүйесінің ерекшеліктері, аумақтары. Бөкей ханның билігі. Жәңгір хан билігінің сипаттамасы: жерге иелік ету мен жер пайдаланудың жаңа нысандары. Жәңгір ханның ағартушылық саясаты. Хан билігінің жойылуы және Ішкі Орданы басқару жөніндегі Уақытша кеңестің құрылуы. Басқарушы Әділ Бөкейханұлы. Уақытша кеңестің қайта құрылуы. Жаңа әкімшілік-аумақтық құрылымдардың құрылуы: Приморск округтері, Қалмақ, Торғын, Тал, Қамысты-Самар, Нарын аймақтары. Ішкі Ордадағы билеуші сұлтандар институты.

Жер мәселесі

Шекаралық шептердің құрылуы, жерді тартып алу. Әскери-казактық отарлауы: Орал, Орынбор, Сібір казак әскерлері. Казактар сословиесі және оның мәртебесі.

XIX ғасырдың 60-90 жылдарындағы көші-қон мәселесі. Орыс шаруаларын Қазақстанға қоныстандыру туралы уақытша ережелер. Орыс шаруаларын Қазақстан аймақтарына орналастыру ерекшеліктері. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы. Қоныс аударушылардың кәсіптері және олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы. Қауымдық жерлердің экспроприациясы және оның қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына әсері. Мемлекеттік Думадағы қазақ депутаттарының қазақтың жайылымдық жерлерінің талан-таражға салынуы туралы пікірлері. Көшпелі қазақ ауылының егіншілікке көшу үдерісі. Жатақтық. XIX ғасырдың соңындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық сипаттамасы. XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы көші-қон саясаты және столыпиндік жаңғырту. Ауыл тұрғындары мен егінші мещандарды қоныстандыру туралы уақытша ереже (1904 жыл). Қазақстанда көпұлтты қоғамның қалыптасуы.

Көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымы

Қазақ көшпелі қоғамының материалдық өндіріс жүйесі. Кеңейтілген және минималды қауымдастық. Көші-қон бағыттары. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Қазақ сұлтандары мәртебесінің эволюциясы. Жергілікті басқару жүйесіндегі қазақ шенеуніктерінің қалыптасуы. Қазақ көшпелі қоғамының әлеуметтік ұйымдастыру тәртібінің өзгеруі: жаңа таптар (шенеуніктер, дворяндар, құрметті азаматтар).

Қазақ көшпелі қоғамының әлеуметтік инженерингі: қазақ жастарын Ресей империясының кадет корпусында, гимназияларында және университеттерінде оқыту. Қазақ зиялы қауымының қалыптасуы: әлеуметтік құрамы, білімі. Қазақ көпестерінің, саудагерлерінің пайда болуы.

Орынбор Мұсылмандары Діни Жиналысы және Қазақ даласы. Муфтияттағы қазақтардың діни істерін шығару. Мешіттердің салынуы және қазақ молдалары. Жәдидшілдік ағартушылық идеяларының ықпалы және Далада жаңа әдістемемен істейтін мектептер мен медреселердің ашылуы.

Діни конфессиялардың Қазақ даласындағы миссионерлік қызметі.

Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы халық-азаттық күресі

Е. Пугачев көтерілісіне қазақтардың қатысуы. "Көзге көрінбейтін" Көктемір көтерілісі. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздің ұлт-азаттық қозғалысы, Қаратай мен Арынғазы сұлтандардың қозғалысы (1816-1821 жылдар). Старшын Жоламан Тіленшіұлының (1822-1824 жылдар) наразылық қозғалысы. Бөкей хандығындағы Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы бастаған қазақтардың көтерілісі (1836-1838 жылдар): көтерілістің қозғаушы күштері, сипаты, кезеңдері, маңызы. Сұлтандар Қасым Абылайханұлы, Саржан Қасымұлы бастаған Сібір ведомствосы қазақтары жеріндегі қозғалыс. Сұлтан Кенесары Қасымұлы бастаған қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы ( 1837-1847 жылдар): қозғаушы күштері, барысы, негізгі кезеңдері және жеңіліс себептері. Тарихи әдебиеттегі Кенесары хан. Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Есет

Көтібарұлының көтерілістері. 1868-1869 жылдардағы Торғай, Орал облыстарындағы және 1870 жылғы Маңғыстау қазақтары көтерілістерінің себептері, сипаты мен барысы.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақ даласы: 1916 жылғы 25 маусымдағы "Тыл жұмыстарына бұратана халықтарды реквизициялау туралы" Жарлық . 1916 жылғы Орта Азия ұлт-азаттық көтерілісі, оның себептері, қозғаушы күштері, басталуы, барысы және негізгі кезеңдері. Амангелді Иманов, Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Әбдіғафар Жанбосынов және т.б. көтерілісшілер әскерлерін ұйымдастырудағы рөлі. Үкіметтің репрессиялық шаралары және жазалаушы әскерлердің әскери әрекеттері. Көтерілісшілердің әскери өнері. Жеңіліс себептері және көтерілістің тарихи маңызы. Қазақтардың Қытайға (Құлжа аймағы, Қашқария), Ауғанстанға үдере көшуінің бірінші толқыны. Отандық және әлемдік тарихи әдебиеттегі 1916 жылғы көтерілістіке берілген баға.

Қазақстан мәдениеті (XVIII – XX ғасырдың басы)

Қазақ халқының ауызша шығармашылығы. Қазақстанды еуропалық және ресейлік ғалымдардың зерттеуі. Қазақстандағы экспедициялар.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлт-азаттық күрестегі халық ақындарының рөлі. Махамбет Өтемісұлының, Тәттімбет Қазанғапұлы және басқалардың шығармашылығы. Жер аударылған орыстардың (Г.С.Карелин, М.М. Муравьев-Апостол , Ф.М. Достоевский және басқалар) Қазақстан мәдениетіне қосқан үлесі. А.И. Левшин, В.И. Даль және тағы басқа орыс ғалымдарының Қазақстанның өндіргіш күштерін, өмірі мен мәдениетін зерттеуі. Еуропалық саяхатшылар Қазақ даласы туралы. Ағартушы ғалым Ш. Уәлиханов және оның Қазақстанның тарихы, географиясы, экономикасы мен мәдениетіне қатысты ғылыми мұрасы. Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметінің маңызы. Абай Құнанбаевтың қазақ халқының мәдениетіндегі тарихи рөлі. Абай және Е.П. Михаэлис.

Құрманғазы Сағырбайұлы (1818-1889 жылдар), Дәулеткерей Шығайұлы (1829-1882 жылдар), Біржан сал Қожағұлұлы (1832-1895 жылдар), Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913 жылдар), Жаяу Мұса Байжанұлы (1835-1929 ) және басқалардың музыкалық шығармашылығы.

Қазақ әдебиеті. "Зар-заман" мектебінің поэзиясындағы наразылық және діни-эсхатологиялық идеялар мен мотивтер: Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әубәкір Кердері. Орыс-қазақ әдеби байланыстары.

Ғылыми қоғамдардың пайда болуы. Орыс географиялық қоғамының бөлімдері мен бөлімшелерінің (Орынбор, Семей, Түркістан бөлімдері) қызметінің маңызы. Статистикалық комитеттер және олардың қызметі. Қазан университетінің тарих, археология және этнография қоғамы. Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы. Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімді басылымдар. "Қазақ", "Вақыт", "Шуро", "Ақмулла"

газеттерінің, "Айқап" журналының қазақ халқының ұлттық болмысын қалыптастырудағы рөлі. Мұхамеджан Сералин, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров және басқалардың шығармалары.

Мерзімді баспасөз. А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов және бүкілресейлік мұсылман қозғалысы. Қазақстан аумағындағы мұсылмандық қайырымдылық қоғамдары. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениетіндегі ағартушылық және реформаторлық бағыт. Қазақтың зияткерлік-рухани элитасының мұрасы. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев және оның қазақ фольклоры мен шежіресін жинақтауға қосқан үлесі.

"Алаш" қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы. Түркі-мұсылман халықтарының зияткерлік элитасы мен Ресей империясының өзара байланыстары. Ресей империясындағы мұсылман қозғалысының қалыптасуы. Бүкілресейлік мұсылман съездеріне қазақ элитасы өкілдерінің қатысуы. Ресей мұсылмандарының қоғамдық-саяси қозғалысының қалыптасуындағы "Иттифак-эл-муслимин" ( мұсылмандар Одағы) рөлі. Орыс түркітану ілімі және оның қазақ ұлттық қозғалысының қалыптасуына әсері. Мұсылмандық қайырымдылық қоғамдары және олардың қызметі. Меценаттықтың пайда болуы мен дамуы. Маркстік, либералдық-демократиялық, кадеттік топтар мен ағымдардың қалыптасуы.

Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері. Революциялық өзгерістерге байланысты ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа міндеттері. Қазақ саяси элитасының қазақ комитеттерін құруға шақыруы. Облыстық қазақ съездері және олардың маңызы. Уақытша үкімет органдарындағы ұлттық интеллигенция өкілдерінің қызметі. 1917 жылғы жаздағы саяси дағдарыс. Шілдедегі жалпықазақ съезі және Алаш партиясын құру туралы шешім. Бүкілресейлік құрылтай жиналысы мен Алаш партиясы депутаттарын сайлау. Қазақ зиялыларының саяси, мәдени-ағартушылық қызметін зерттеудегі жаңа ұстанымдар.

**Негізгі әдебиет:**

1. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. Т.3. – Алматы: Алматы кітап, 2010. – 312 б.

2. Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII веках: история, политика, дипломатия. – Алматы: Дайк-Пресс, 1998. – 592 б.

3. Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 256 б.

4. Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 456 б.

5. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. – Алматы: Горизонт, 1995. – 320 б.

6. Қазақстан тарихы (Қазақ Елі). 3 кітап. Қазақстан тоталитарлық және отаршылдық жүйеде – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 265 б.

**Қосымша әдебиет:**

1. История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. В 10 томах. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 551 б.

2. Campbell I W. Knowledge and the Ends of Empire, Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe. 1731-1917. Cornell University Press, 2017. – 288 б.

3. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. – Алматы: Казахстан, 1994. – 160 б.

4. Алимбай Н.А., Муканов М.С., Аргынбаев Х.А. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: Ғылым, 1998. – 233 б.

5. Касымбаев Ж.К. Кенесары хан. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 200 б.

6. Мартин В. Закон и обычай в степи: Казахи Среднего жуза и российский колониализм в XIX в. – Алматы: КазАТиСО, 2012. – 692 б.

7. Хафизова К.Ш. Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. – Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. – 480 б.

8. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Т. 1,2. – Алматы: АБДИ Компани, 2014. – 1032 б.

9. Сартори П., Шаблей П. Эксперименты империи: адат, шариат и производство знаний в Казахской степи. – М.: Новое литературное обозрение, 2019. – 280 б.

4-блок. Кеңестік кезеңдегі Қазақстан

Қазақстан Қазан төңкерісі және кеңес үкіметінің орнауы кезеңінде

Ресейдегі Қазан төңкерісі және Қазақстандағы саяси өмір. Кеңес өкіметінің орнауы. Ресей халықтарының құқықтары Декларациясының жариялануы (1917 жылғы 15 қазан) .

Желтоқсандағы Жалпықазақ съезі. Алаш автономиясын құру туралы шешім. Түркістан (Қоқан) автономиясы үкіметінің құрылуы. Мұстафа Шоқайдың естеліктері. Алаш және Қоқан автономиясы билік органдарының жойылуы. Қазақ өлкесіндегі " ақтар" мен "қызылдардың" қарсыластығы. Алашорда үкіметінің қазақ ұлттық әскерінің іс-қимылдары. Қазақ аумағында әскери іс-қимылдардың тарауы. "Соғыс коммунизмі" саясаты. Алаш Орда үкіметіне амнистия жариялануы. А. Байтұрсынұлының В.И. Ленинге жазған хаттарында большевиктік идеяларын сынауы. Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының (бұдан әрі – АКСР) құрылуы. Қырғыз (Қазақ) АКСР-інің аумақтық шекарасы мәселелерінің әкімшілік-әміршілдік тұрғыда шешілуі. Қазақ АКСР-ы және Түркістан АКСР-ы. Мұсылман бюросы және Түркомиссия: саяси билік үшін күрес. Біртұтас Түркістан идеясының жеңілуі. Т. Рысқұлов пен М. Сұлтанғалиев. Басмашылар қозғалысы. Әнуар паша және А.З. Валидов. Қазақстанда большевиктік режимнің қалыптасуы. Қазақстандағы жер-су

реформасы. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат (бұдан әрі – ЖЭС). ЖЭС мазмұны және оны жүзеге асыру ерекшеліктері. 1921-1922 жылдар. Қазақстандағы ашаршылық. Қазақ зиялыларының ашаршылыққа қарсы күресі. Қазақ өлкелік партия комитетінің "қазақ ұлтшылдығына" қарсы күресі. Түркістан республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі – біртұтас Түркістан идеясының күйреуі. Қазақ жерлерінің Қазақ АКСР қосылуы.

Мемлекеттік құрылыстың кеңестік үлгісінің іске асырылуы

Коммунистік партияның қоғамдық өмірдегі күші мен ықпалының күшеюі. Ф.И. Голощекиннің "Кіші қазан" идеясы: мәні мен салдары. Қазақ өлкелік партия комитетінің жер мәселесі жөніндегі шешімдері. Қазақ зиялыларына қуғын-сүргіннің басталуы. Қазақстанды индустрияландырудың жолдары мен әдістері туралы пікірталастар. Қазақ қоғам қайраткерлерінің индустрияландыру мәселесіне қатысты ұстанымдары. Қазақстандағы индустрияландырудың ерекшеліктері.

Жайылымдық және шабындық жерлерді бөлу және оның нәтижелері. Қазақ ауылын кеңестендіру саясаты – қазақтың дәстүрлі қоғамының жойылуы. Бай шаруашылықтарының тәркіленуі және оның саяси-экономикалық салдарлары. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылықтарын отырықшы өмірге күштеп көшіру. Ұжымдастырудың әдістері мен қарқыны. Ашаршылық салдарлары. 1930 жылдардың екінші жартысындағы Қазақстан ауыл шаруашылығының ауыр жағдайы. Таптық-партиялық принциптің қоғамдық-саяси өмірдегі, мәдениеттегі, білім мен ғылымдағы салдары. Ұлттық мүдде жақтастарының саяси ұстанымы – С. Сәдуақасов, С . Қожанов, Ж. Мыңбаев. М. Шоқайдың эмиграциядағы саяси қызметі. Кеңестік Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Сталиндік қуғын-сүргін, оның ауқымы және ауыр зардаптары. Саяси сенімсіздік пен халықтарды Қазақстанға күштеп депортациялау – ұлттық ар-намысты кемсітудің үлгісі.

Кеңестік білім беру жүйесін құру. Қоғамның ұлттық-мәдени негіздерінің жойылуы. Қазақ тілі ұстанымдарының әлсіреуі. Арабтан латынға, кейін кириллицаға көшу. Әдебиет пен өнердегі социалистік реализм. Қазақстан жазушылары мен композиторларының шығармашылық қызметі. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (бұдан әрі – КСРО) Ғылым Академиясының Қазақ филиалының құрылуы.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы Кеңес мемлекетінің сыртқы және ішкі саясатының негізгі бағыттары. Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайы. Қазақстан аймақтарына халықтарды, өнеркәсіп кәсіпорындары мен мәдениет объектілерін эвакуациялау. Қазақстандықтардың майдан іс-қимылдарына, партизандық қозғалысқа қатысуы. Отан соғысы жылдарындағы тыл еңбеккерлерінің көрсеткен ерлігі. Соғыс тұтқындарының тағдыры. "Түркістан легионының" тарихы. М. Шоқайдың Батыс Еуропадағы қуғындағы қызметі. Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелері мен сабақтары. Соғыс жылдарындағы ғылым, мәдениет және халыққа білім беру.

20 ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен салдары

Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан. Бейбіт құрылысқа көшудің қиындықтары. Қазақстанның халық шаруашылығындағы мәселелер мен қиындықтар. Қазақстан аумағындағы ядролық сынақтар және олардың зардаптары.

Білім мен ғылымдағы оң өзгерістер. Қазақ Ғылым Академиясының құрылуы. Партия шешімдеріндегі тенденциялық волюнтаристік әрекеттер. И. Сталиннің жеке басқа табыну кезеңін сынау. Мемлекет және қоғам қайраткерлерін саяси ақтау және оның "жартымсыз" сипатына баға беру. Н.С. Хрущевтің партия-мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформасыжәне оның үстірт сипаты. Ұлттық мәселелердегі шектеулердің күшейтілуі. Теміртау оқиғалары. Реформалық әрекеттердің толық емес сипаты. Қазақ Кеңестік Социалисттік Республикасындағы (бұдан әрі – Қазақ КСР) аумақтық дауды шешудегі қайшылықтар. Репатриант қазақтардың Қазақстанға оралуы (1955, 1962 жылдар).

Ауыл шаруашылығын көтерудің әміршіл-әкімшілдік шаралары. Жоғары партиялық-мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзгерістер. 1965-1966 жылдардағы экономикалық реформалардың аяқталмауы. Идеологиялық дағдарыс. Зиялы қауымның жасырын қарсыласуы, диссиденттік ортаның қызметі.

Қазақстанның КСРО өнеркәсібінің дамуына қосқан үлесі. Әкімшілік басқару нәтижесінде аграрлық сектордағы қайшылықтардың тереңдей түсуі. Орталықтың этнодемографиялық саясаты: ішкі көші-қон, төлқұжаттық режимнің қазақтардың ауылдан қалаға көшуіне кедергі болуы, "тіркеу", тілдік кемсітушілік және оны жүзеге асырудыңтағы басқа жолдары. Ақшаның құнсыздануы мен негізгі тұтыну тауарларының тапшылығы. "Көлеңкелі экономика", қылмыстық топтардың таралуы.

Экологиялық дағдарыс. Мәдениет және ғылым. Мәдени-рухани өмірдегі қайшылықтардың тереңдей түсуі – әміршіл-әміршілдік биліктің күшеюінің салдары. Қазақтардың ұлттық санасының стихиялық қайта өрлеу белгілері: "Жастұлпар" және студенттік жастардың басқа да бейресми ұйымдары, алғашқы қазақ диссиденттері. М. Шаханов, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, О. Сүлейменов, І. Есенберлин және т.б. шығармашылығы.

Қазақстандағы "қайта құру" саясаты

Идеологиядағы, экономикалық және саяси өмірдегі ауқымды өзгерістер. М.С. Горбачевтың реформалары. Жариялылық пен демократия жағдайында одақтық республикаларда туындаған ұлттық қақтығыстар. Экономикалық дағдарыс. "Қайта құру" мен "жариялылықтың" ел экономикасына әсері. Одақтық басқару жүйесі тұсында жеке мемлекеттік кәсіпорындардың ұлттық республикаларға қайтарылуы. Ауған соғысы және оған қазақстандықтардың қатысуы (1979-1989 жылдар).

Д.А. Қонаевтың қызметі. 1986 жылғы Алматыда және республиканың басқа қалаларында болған Желтоқсан оқиғасы. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ресми

түрде ақталуы. Жаңа қоғамдық ұйымдар мен партиялардың құрылуы. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы. "Тіл туралы заңның" қабылдануы және оның маңызы. Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. 1991 жылғы тамыз төңкерісі . Кеңес Одағының Коммунистік Партиясы (КОКП) қызметінің тоқтатылуы. КСРО-ның ыдырауы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі - ТМД) құрылуы.

**Негізгі әдебиет:**

1. Омарбеков Т.О. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы : Өнер, 2003. – 552 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
3. Абылхожин Ж.Б. Постсталинский период в истории советского Казахстана: череда обреченных реформ и несостоявшихся деклараций (1953 - 1991 гг.). – Алматы, КБТУ,2019. – 465 с.
4. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. Т. 4. – Алматы, Алматы кітап, 2010. – 312 с.
5. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 5. – Алматы: Атамұра, 2010. – 680 с.
6. Алаш қозғалысы. Мәселенің зерттелу тарихынан. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1918 – 2007 жж. Движение Алаш. Из истории изучения вопроса. Сборник документов и материалов. 1918 – 2007 гг. Алматы.: "Ел – шежіре", 2007. Т. 4. – 472 б.
7. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репресии в Казахстане 1920 – 1940 – х годов. – Алматы, 2009. – 448 с.

Қосымша әдебиет:

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
2. Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы: Туран, 1997. – 360 с.
3. Омарбеков Т.О. 1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері: зерттеу. – Алматы: Арыс, 2018. – 480 б.
4. Омарбеков Т.О. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы : Өнер, 2003. – 552 б.
5. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіресі, 2008. – 360 б.
6. "Я себя совершенно не призанаю виновным!": из истории протестного движения в Казахстане 1960-1980 гг. (Сборник документов и материалов). Сост. М. Койгелдиев. – Алматы: Арыс, 2019. – 256 с.
7. Қойгелдиев М. Қорғансыздың күнін кешкендер. Менің ғылымдағы өмірім. ( Қазақстанның ғылыми мектептері. Әдебиеттану): Монография. – Алматы: Арыс, 2019. – 304 б.
8. Красный террор: из истории политических репресссий в Казахстане (Сборник документальных материалов политических репрессии 20 – 50 годов XX века). Сост.

М.К. Койгелдиев, В.И. Полулях, Ш.Б. Тілеубаев. – Алматы: "Алаш баспасы", 2013. – 384 с.

5-блок. Тәуелсіз Қазақстан

Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы

Тәуелсіздікті жариялау қарсаңындағы Қазақтандағы қоғамдық-саяси жағдай. Тұңғыш рет Қазақстан Президентінің бүкілхалықтық сайлауы. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы" Конституциялық Заңы.

Тәуелсіз Қазақстанды дамытудың мемлекеттік стратегиясының белгіленуі. Қоғамды демократияландыру үдерісінің күшейтілуі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымын жасақтау. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру. Қоғамның конституциялық құрылысының негіздерін құру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұранының бекітілуі. Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылуы. Ұлттық армияның құрылуы.

Ұлттық валютаны енгізу және оның маңызы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын белгілеу. Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасын делимитация және демаркациялау нәтижелері. және Ұлттық қауіпсіздікті нығайту. Мемлекеттік бірегейлікті дамыту, азаматтық бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты нығайту.

Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыстағы Конституциясының Бүкілхалықтық референдум арқылы қабылдануы. Қазақстандағы парламентаризмнің дамуы. Атқарушы вертикаль ішіндегі мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту. Орталықсыздандыру, орталық пен өңірлер, мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң. Құқық қорғау органдарын (сот, прокуратура, полиция, арнайы қауіпсіздік қызметтерін) құру. Құқықтық реформа және заңдарды ізгілендіру. Құқық қорғау жүйесін оңтайландыру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды нығайту. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және оның нәтижелері.

"Қазақстан-2030" Стратегиясы. Қазақстан астанасының көшірілуі. "Қазақстан-2050" Стратегиясы.

Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі

Егемендік жолындағы қиындықтар: экономикалық дағдарыс, әлеуметтік қиындықтар, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық пен қылмыстың көбеюі. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің негізгі кезеңдері. Нарықтық экономикаға өту, жекеменшік институттардың орнығуы және Отандық бизнес негізінің қалануы. Жаңа экономикалық жүйені қалыптастырудағы қиыншылықтар мен кемшіліктер. Ұлттық валютаның енгізілуі. Ұлттық қордың құрылуы.

Қазақстанда ұлттық компаниялардың құрылуы. Экономиканың өнеркәсіп, аграрлық және қаржы-банк секторларын басымдықпен дамытудың келешегі. Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасын реформалау бағыттары.

Бірікке Ұлттар ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) даму жөніндегі бағдарламасы, адамның даму мәселесі туралы есептер, Адам дамуының индексі. Қазақстанда Адам дамуы туралы есептің тұңғыш басылымы.

Қазақстан Республикасының Америка құрама штаттары (бұдан әрі – АҚШ), Батыс Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия, Таяу Шығыс елдерінің ірі компанияларымен сыртқы экономикалық ынтымақтастығы. Экономиканы дамытудағы "Нұрлы жол", "100 нақты қадам" бағдарламаларының жүзеге асырылуы.

Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму. 2025 жылға дейінгі "Ұлттық даму жоспары". Ұлттық жобалар.

Қоғамдық-саяси даму және рухани даму

Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайының шақырылуы және оның тарихи маңызы. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайлары (1992-2017 жылдар). Қазақстан халықтарының форумы (1992 жыл). Қазақстан Республикасы қоғамдық қозғалыстарының құрылуымен көп партиялық жүйенің қалыптасуы. Қазақстандағы көші-қон, демографиялық және халықтың этникалық құрылымындағы өзгерістер.

Тәуелсіздік жылдарындағы халық санақтары және оның қорытындылары (1999, 2009, 2021 жылдар). Қазақстан халқының ұлтаралық келісімі – тәуелсіздік пен демократияны нығайтудың кепілі. Демократиялық үдерістердің дамуы, Парламент сайлауларына пропорционалдық жүйенің енгізілуі және партиялық тізім бойынша сайлау нәтижелері. Азаматтық институттардың дамуы. Азаматтық форумдар және олардың маңызы. Қазақстан Республикасы ақпарат саясаты, Бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) дамуы. Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесінің қызметі. Азаматтық қоғамды дамыту және демократияландыру жөнінде ұсыныстар дайындайтын Мәжілістің тұрақты ұйымы. Демократияландыру және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссияның қызметі. Қазақстан Республикасының жастар саясаты және тарихпен тәрбиелеу шаралары. Құқық қорғау және сот орындарының қызметін жетілдіру. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі Комиссия және оның қызметі. Қазақстан Республикасы Адам құқықтары бойынша өкілдік институты (Омбудсмен).

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты мақаласының тарихи маңызы. Елді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясат. "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасы.

"Қаңтар оқиғасы". Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың "Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы" атты Жолдауының мәні мен маңызы.

Конституцияға түзетулер енгізу жөніндегі Референдум. Демократиялық қайта құрулардың кеңеюі. Қазақстанда Парламенттің рөлінің артуы және еліміздің саяси жүйесіндегі өзгерістер. Саяси партияларды тіркеу рәсімін жеңілдету.Ұлттық құрылтайды құру.

Білім және ғылым жүйелеріндегі реформалар. "Болашақ" бағдарламасы. Денсаулық сақтау ісінің нарықтық экономика жағдайына көшуі.

"Мәдени мұра", "Тарих толқынында" мемлекеттік бағдарламалары: мақсаты мен негізгі кезеңдері. Мемлекеттік тілде гуманитарлық білім қорын құру. "Мәңгілік ел" идеясының негіздері. Тарихи сананы жаңғырту. "Ұлы даланың жеті қыры".

Тәуелсіз Қазақстанның конфессионалдық саясаты. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері. Діни экстремизм мен терроризм қаупі және оған қарсы күрес. "Жусан" операциясы.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты қалыптасуының негізгі факторлары. Геосаяси және геоэкономикалық факторлардың Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі принциптерінің қалыптасуына ықпалы. Қазақстанның посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық үдерістреге қатысуы. ТМД. Қазақстан Республикасының БҰҰ мүше болуы. Қазақстанның БҰҰ-дағы ұсыныстары. Қазақстан және Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ). Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен, АҚШ-пен, Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынастарының қалыптасуы мен бағыттары, нәтижелері. Қазақстан Республикасының әлемдік қаржы институттары: Еуропалық даму және қалпына келтіру банкі, Азиялық және Ислам даму банкілерімен әріптестегі. Еуропалық вектордың жаңа бағыттары. Қазақстан Республикациясының Орталық Азия республикаларымен қарым-қатынастары. Қазақстанның Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесі және мұнай экспорттаушы елдер ұйымымен (МЭЕҰ – ОПЕК) байланыстары бойынша ұстанымдары. Қазақстанның Таяу шығыстағы саясаты. Араб елдерімен және түркітілдес мемлекеттердің халақаралық ұйымдарымен қарым-қатынастары. Түркі әлемі интеграциясының бүгінгі бағыттары. Қазақстанның Оңтүстік және Оңтүстік шығыс Азия елдерімен қарым-қатынастары. Қазақстаның қауіпсіздік бойынша халықаралық және аймақтық ұйымдармен ынтымақтасығы. Халықаралық терроризим мен жаһандық қауіп-қатерлердің күшеюі жағдайындағы өзара сенім мен сұхбаттастықты нығайту бойынша бастамалары. Қазақстан Республикасының Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім жөніндегі Кеңес ұйымдастыру бастамалары. Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ). Қазақстан Республикасы және Солтүстік Атлант альянсы (НАТО). Қауіпсіздіктің жаңа геосаяси мәселелері. Заманауи сыртқы қауіптердің алдын алу.

**Негізгі әдебиет:**

1. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітап: Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 570 б.
2. Абылхожин Ж.Б. Страна в сердце Евразии: Сюжеты по истории Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 280 с.
3. Назарбаев Н. А. Эра независимости. – Астана: Атамұра, 2017. – 508 с.
4. Токаев К.К. Под стягом независимости: Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы: Білім, 1997. – 736 с.
5. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие. Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Жасыл Орда, 2015. – 328 с.
6. Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы, 2002.

**Қосымша әдебиет:**

1. Абенов Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н. Казахстан: эволюция государства и общества. – Алматы: Атамұра, 1996. – 390 с.
2. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Атамұра. 1996. – 256 с.
3. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003 – 240 с.
4. Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С. Современная история Казахстана. – Алматы: Раритет, 2010. – 432 с.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 603 бұйрығына
2-қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.07.2023 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бағдарлама "Философия" жалпы білім беру пәнінің жаңартылған мазмұнын зерттеуге, студенттердің бойында сананың ашықтығы, өзіндік ұлттық код, ұлттық

сана-сезім, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, реализм және прагматизм, сыни ойлау, білімге ұмтылыс қасиеттерін қалыптастыруға, олардың әділдік, намыс, еркіндік және тағы басқа дүниетанымдық ұғымдарды игеруіне, сонымен қатар, толеранттық құндылықтарын, мәдениетаралық сұқбат пен бейбіт өмір сүру мәдениетін нығайтуға және дамытуға бағытталған.

3. Жоғарғы білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес осы бағдарлама бойынша оқу ұзақтығы 150 академиялық сағатты (5 академиялық кредитті) құрайды.

**2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

4. Бағдарламаның мақсаты студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) Білім алушылардың қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешудегі философияның рөлін түсіну аясында білім алушылардың философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін игеруі ;

2) студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру;

3) ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық әлеует қалыптастыру.

6. Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады:

1) философияның тарихи дамуы негізінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау;

2) нақты дүниені философиялық зерделеудің ерекшелігін түсіндіру;

3) дүниеге көзқарасты табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық зерделеу мен зерттеудің нәтижесі ретінде негіздеу;

4) дүниені танып-білудің ғылыми және философиялық әдістерін жіктеу;

5) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның ерекшеліктері мен мазмұнына түсініктеме жасау;

6) негізгі дүниетанымдық ұғымдардың мағынасы мен рөлін адамның қазіргі әлемдегі жеке және әлеуметтік болмысының құндылықтары ретінде негіздеу;

7) медиамәтіндер, әлеуметтік-мәдени және жекетұлғалық жағдайлардың философиялық қырларына этикалық шешімдерді қабылдау және негіздеу үшін талдау жасау;

8) қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзінің адами ұстанымын қалыптастыру және сауатты дәйектеу;

9) кәсіби саладағы мәселелердің философиялық мазмұнын анықтау үшін өзекті болып саналатын зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін талқылауға ұсыну.

## 3-тарау.Бағдарламаның құрылымы және мазмұны

7. Осы бағдарлама пәннің мақсаты мен міндеттерін, оқыту әдістерін және технологияларын, пререквизиттері мен постреквизиттерін шолудан басталады.

8. Пәннің мазмұнын, семинар (практикалық) сабақтарының тақырыптарын және білім алушылардың өзіндік жұмыстарын қамтитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны осы бағдарламаға қосымшада келтірілген.

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) білім алушы тарапынан рефлексивті көзқарас тәсіліне негізделген студенторталықтандырылған оқыту;

2) біліктілікке бағытталған оқыту;

3) әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;

4) кейс-стади (нақты жағдаяттарды сараптау);

5) жобалар әдісі.

10. Бағдарламаның пререквизиттері мен постреквизиттерін жоғары оқу орны өзі тағайындайды.

Жоғары және (немесе) жоғары<br>оқу орнынан кейінгі білім беру<br>ұйымдары үшін "Философия"<br>жалпы білім беру пәнінің үлгілік<br>оқу бағдарламасына<br>қосымша

## Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Философия" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

| № | Пәннің мазмұны | Семинар (практикалық) сабақтар тақырыптары | Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары | Сағаттар саны |
|---|---|---|---|---|
| Философияның пайда болуы және дамуы | | | | |
| 1-2 апта: Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі | | | | |
| | Ойлау мәдениеті. Көркемдік рефлексия. Философия – даналыққа құштарлық. Философияның сұхбаттық сипаты және эвристикалық | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | мүмкіндіктері. Философиялық ойлау түрі – сын және күмәндану. Өткенге сыни көзқарас – қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы мен ұлттық санасындағы өзгерістер шарты. Философиялық мәселелердің тұлғалық сипаты. Философия және дүниетаным. Дүниенің ғылыми, философиялық, діни бейнелері. Мифология, дін және философия. Қоғам дамуындағы мифтің рөлі. Философия – білім мен рухани қызметтің ерекше түрі. Философияның негізгі бөлімдері – онтология, гносеология, философиялық антропология, логика, этика, эстетика, әлеуметтік және саяси философияның қысқаша сипаттамалары. Философия және фәлсафа. Фәлсафа дәстүріндегі ғылым мен дін мәселелерін шешу жолдары. Философияның анықтамалары, түрлері мен бағыттарының санқырлылығы және философиялық пайымдау тәсілдерінің әртүрлілігі. Философия мен | 1.Философияның пәні, қызметтері мен міндеттері. | 1."Қазіргі заманғы Қазақстанның үшінші модернизациясын жүзеге асырудағы философияның рөлі " тақырыбы бойынша сараптау жұмысын (эссе, реферат, баяндама) дайындау. | 10 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | философтың адам және қоғам өміріндегі рөлі. Қазіргі Қазақстанның үшінші модернизациясындағы философияның орны. | | | |
| Дүниені философиялық түсінудің негіздері | | | | |
| 3 апта: Сана, рух және тіл | | | | |
| | Жан, ақыл, парасат, рух. Антикалық философиясындағы рух пен парасаттың космологизмі. Фәлсафа дәстүріндегі рух ұғымы: Ибн-Сина рух туралы. Ортағасыр дәстүріндегі рух пен жанның теологиялық түсінігі. Сананың гносеологиялық моделдері. Жаңа заман философиясындағы тума идеялар концепциясы және cogito статусы. Неміс классикалық философиясындағы ақылдың транцендентaлдық негіздері. Шәкәрімнің үш анығы. Шәкәрім рух туралы. Рух және адамның рухани қызметінің табиғаты. Тәндік және руханилық. Сананы онтологиялық мәселе ретінде түсіну. Сана фактілері. Сана феномендері. Сананың қалыптасуын анықтайтын | | 1."Үңгір аллегориясы: қазіргі оқылу" тақырыбына сараптау жұмысын ( эссе, реферат, баяндама) дайындау. Дерек Джонстонның " Философияның қысқаша тарихы. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | факторлар. Антропосоциогенез. Сананың шығу тегі мен мәні: негізгі концепциялар. Шығыс философиясындағы сана мәселесі. Сана құрылымы. Бейсаналық, сана, санадан жоғары. Сананың сезімдік-перцептілік, эмоциялық, құндылықтық-мотивациялық, жігерлік, логикалық компоненттері. Бейсаналықтың философиядағы негізгі концепциялары (З.Фрейд, К.-Г.Юнг). Постмодернистік философиясындағы сана мәтін ретінде (Ж.Деррида, Ж.Делез). Сана және өзіндік сана. Қазақстандық тұлға санасының ашықтығы: әлемдік үдерістерді түсіну, өзгерістерге дайын болу, алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесінен үйренуге қабілеттілік. Сана және ұлттық сана-сезім. Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы аясындағы ұлттық сана-сезім. Рухани жаңғыру – ұлттық сананың әртүрлі полюстерінің ымыраға келуі. Ойлау және тіл. М.Қашғаридің тіл философиясы. XX ғ. философиясының "лингвистикалық | 1.Сана және бейсана: философиялық концепцияларды салыстырмалы талдау. 2.Тіл мен ойлаудың арақатынасын бағалау. Латын графикасына көшу және қазақ тілінің дамуы. | Сократтан Дерридаға дейін" оқулығын қолдану ұсынылады. 2. "Қоғамдық сананы модернизациялаудағы сыни ойлау" тақырыбына шығармашылық жоба дайындау. алғашқы деректерді сыни талдау негізінде презентация дайындаңыз (Б. Расселдің "Сыни ойлаудың он | 10 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бұрылыс": сана философиясы тіл философиясы ретінде (аналитикалық және структуралистік интерпретациялары). Тіл және ұлт. Латын графикасына көшудің қазақ ұлты мен қазақ тілінің дамуындағы рөлі. | | қағидасы" еңбегін қолдану ұсынылады). | |
| 4 апта: Болмыс. Онтология және метафизика | | | | |
| 3 | Болмыс және тіршілік. Мән және бар болу. Онтология – болмыс туралы ілім. Бар болудың онтологиялық құрылымы. Болмыс және бейболмыс (Парменид, Зенон). Болмыстың түрлері. Платон мен Аристотельдің философиясындағы болмыс мәселелері. Әл-Кинди және Ибн-Рушд концепциялары. Жаңа заман философиясындағы субстанция мәселесі (Р.Декарт, Б.Спиноза, Г.Лейбниц). М.Хайдеггердің "фундаменталды онтологиясы" (Dasein). "Материя" ұғымы. Материалдық әлем болмысы. Қозғалыс, кеңістік және уақыт. Философияның негізгі ұғымдары: дүние, заман, мән, құбылыс, мазмұн, форма, жалпы, жеке, бүтін, бөлік, сан, сапа, өлшем, | 1.Болмыстың субстанциялық концепцияларын бағалау және онтологияның базалық категорияларын талдау. | 1. "М. Хайдеггер онтологиясының негізгі ұғымдары" | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | терістеу, себеп, салдар, қажеттілік, кездейсоқтық, мүмкіндік, шындық. Болмыс және Абсолют. Құдай-әлем қатынасы мәселесі. Абай дүниетанымдағы Құдай және адам мәселесі. "Идея" ұғымы. Болмыс пен ойлау арақатынасы мәселесі. Идея және рухани құндылықтар болмысы. Виртуалды шындықты философиялық зерделеу пәні ретінде талдау. | | тақырыбына шығармашылық жұмыс дайындау. | |
| 5 апта: Таным және шығармашылық | | | | |
| | Таным философиялық мәселе ретінде. Әртүрлі философиялық концепциялардағы білім мәнінің анықтамалары. Таным объектісі мен субъектісі. Таным мүмкіндіктері мен шекаралары. Дүниенің түбегейлі танылуы мәселесі: танымдық оптимизм, скептицизм және агностицизм. Милет ойшылдарының натурфилософиясы және Скифтік Анахарсистің скептицизмі. Д.Юмның скептицизмі. И.Канттың классикалық агностицизмі. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Г.Гегельдің диалектикалық методы және батыс европалық гносеологиясындағы оның маңызы. К.Ясперстің "Мен - адамилық деңгейлердің концепциясы", К.Поппердің " субъектсіз" эпистемологиясы. Ақиқат пен адасу. Білім, ақиқаттылық және жалғандық. Қазіргі Қазақстан жаңғыруы аясындағы білім культі. Ақиқаттың әртүрлі тұжырымдамалары. Ақиқат және оның критерийлері. Сезімдік және рационалдық таным. Философиядағы рационалдық және эмпирикалық дәстүр. Таным құралы. Эмпирикалық және теориялық таным. Таным және шығармашылық. Шығармашылық және интуиция. | 1.Таным философиялық мәселе ретінде | 1.Бір ойшылдың (өз таңдауыңыз бойынша) еңбегін мысалға ала отырып, индуктивті және дедуктивті ойлаудың салыстырмалы талдауын жасаңыз. | 10 | |
| 6 апта: Білім, ғылым, техника және технологиялар | | | | | |
| | Қазіргі ғылымның жетістіктері және оның себептері. Әдіс мәселесі. Танымның негізгі әдістері. Ғылыми таным әдістері және және ғылыми ақиқат ерекшелігі. Ғылыми және ғылыми емес білімнің демаркациясы мәселесі. Ғылым құндылықтары. Ғылымды білім, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | қызмет және әлеуметтік институт ретінде талдау. Ғылымдардың классификациясы: Аристотель, әл-Фараби, Ф.Бэкон, Г.Гегель, О.Конт. Шоқан Уәлихановтың ғылым философиясы. Қоғам өміріндегі ғылымның рөлін бағалаудағы қайшылықтар. Сциентизм және антисциентизм. Ғылым және техника. Ыбырай Алтынсариннің білім философиясы. "Білімді адам" моделі. Ғылыми-техникалық прогресс және қазіргі ғылымның даму болашағы мәселелері. Қазіргі ғылым және этика. Қазақстан ғылымы дамуының келешегі. Отандық ғылым мен білімнің дамуындағы "Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасының үлесі. | 1.Ғылымдағы әдіс мәселесі. Ғылым және техника<br>2.Қазақстанның үшінші жаңаруындағы цифрлық технология. | 1.Н.А.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласы аясында қазіргі мәдениеттегі ақпараттың рөлін гносеологиялық талдау негізінде " білім-ақпарат" салыстырмалы кестесін жасау.<br>2."Гносеологиялық оптимизм, скептицизм және агностицизм": скептицизмнің гносеологиялық стратегия ретінде қазіргі ғылыми және қарапайым дүниетанымдағы маңызы туралы эссе-негіздеме жазу. | 10 | |
| Адам философиясы және құндылықтар әлемі | | | | | |
| 7 апта: Адам | | | | | |
| | Адам және Ғалам. Зат әлемі. Адамды қарастырудың философиялық тәсілінің ерекшелігі. Ежелгі Үнді діни-философиялық ілімдердегі адам мәселесі. Конфуцийшілдік және даосизм жүйесіндегі адам | | 1.Абай философиясындағы адам мәселесі бойынша эссе-негіздеме дайындау.<br>2.Түпнұсқалар негізінде (өз таңдауыңыз | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7 | мәселесі: ер және әйел бастамалары ( Инь/Ян). Антикалық философия тарихындағы адам бейнелері (Пифагор, Платон, Эмпедокл, Протагор, Сократ, Аристотель). Христиандық антропология: адам Құдайдың бейнесі ретінде (Әулие Аугустин, Акуинолық Томас). Ренессанс дәуіріндегі адамның индивидуалистік түсінігі (Пико делла Мирандола). Жаңа заманның механистикалық антропологиясы ( Б.Паскаль, Ж.Ламетри). Л.Фейербахтың антропологизмі. Адам мәнінің марксистік түсінігі. Ф.Ницше философиясындағы "Асқан адам". Адам және оның әлемдегі-болмысы: экзистенциализм. Іскер адам: прагматизм. Э.Кассирер: адам символдық жануар ретінде. Й.Хейзинга : "ойнаушы адам". Г.Маркузе: "бір өлшемді адам". ХХ ғ. философиялық антропология ( М.Шелер, Х.Плеснер, А.Гелен ). Қазақ философиясындағы адам мәселесі. Адам мәселесінің Абай даналығында | 1.Қазіргі философиядағы адам мәселесін талдау тәжірибесі. | бойынша) адам мәселесін экзистенциалдық түсіну туралы сараптамалық шолу жасау. | 10 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бейнелену. Шәкәрімнің адамның өмірмәндік бағдары туралы экзистенциалдық рефлексиясы. Адам, индивид, индивидуалдылық, тұлға. | | | |
| 8 апта: Өмір және өлім. Өмірдің мәні | | | | |
| 8 | Адам болмысының категориялары ( бақыт, сенім, өмір және өлім). Өмірдің онтологиялық және аксиологиялық мазмұны. Адам, оның ажалдығы және ажалсыздығы. Іргелі философиялық мәселелердің өмір және өлім мәселесімен байланысы: метафизика және моральдық философия. Өмірдің мәні – оның шектеулілігін ұғыну . Уақыт, мәңгілік және мақсат. Қорқыт дүниетанымындағы мәңгілік өмір мәселесі. Өмірдің мәні. Өмірдің мәнін іздеу. Философиялық ойлар тарихындағы өмірдің мәні мәселесі: фатализм, гедонизм, волюнтаризм, функционализм. Өмірдің мәні – қазақ философиясының негізгі категориясы. Өмірмәндік құндылықтар туралы ілім. Адам қажеттіліктерінің | 1.Күнделікті тәжірибеде өмір мәнін іздеудің маңызды қырлары: философиялық талдау. | 1.Қазақ философиясы бойынша түпнұсқаларды салыстырмалы сараптау және түсіндірме бере отырып оқудың негізінде "Өмірдің мәні – қазақ философиясының негізгі тақырыптарының бірі" тақырыбына ғылыми-ізденістік жоба дайындау. 2.Стоицизм және гедонизм: олар туралы қазіргі заманғы | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | пирамидасы. Махаббат – адамның өмір сүру мәні. Фәлсафа дәстүріндегі Қожа Ахмет Яссауидің мистикалық дүниетанымы. Абай философиясындағы махаббат мән-мағына туғызатын бастама ретінде. " Махаббатпен жаратқан адамзат ... ". | | түсініктерге сүйене отырып, эссе-негіздеме жазу. | |
| 9 апта: Этика. Құндылықтар философиясы | | | | |
| 9 | Аксиология және адамгершілік. Этикалық ілімдердің тарихи типтері. Құндылықтар теориясының негіздері. Құндылық ұғымы. Бар болып отырған және болуы тиіс. Адамгершілік ережелері және құқық ережелері. Негізгі этикалық категориялар ( парыз, игілік, мән және қажеттілік, ар-ұят, еркіндік). Адамгершіліктің алтын қағидасы ( Конфуций) және бұлжымас императиві (И.Кант) . Адамгершіліктің бастауларын түсінудің негізгі тәсілдері. Утилитаризм және деонтологиялық теориялар (парыз теориялары). Пайдалылық пен принциптер. Құндылықтың сана табиғаты. Фәлсафа дәстүріндегі | 1 . Этикалықдилеммалар: жағдаяттық талдау.<br>2.Қазақ философиясының экзистенциалдық сипаты. | 1 . "ҚазіргізаманғыҚазақстанжастарыныңэтикалыққұндылықтары" тақырыбына эссе-пайымдаудайындау.<br>1.Этикалық жағдайды ( моральдық қиындық, тосын әлеуметтік жағдаяттар, қоғамдағы өзекті этикалық мәселе, | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | этикалық өлшем. Жүсіп Баласағұн философиясындағы ақиқат мәселесі. "Құт", "қанағат", "тәубе", "әділет", "сабыр" категориялары. Ұрпақтық дискурсдағы этикалық құндылықтары. Қазақ халқының озық ұлттық этикалық құндылықтарын сақтап, дамыту – қоғамдық сана жаңғыруының алғышарты және негізі. Саяси этика. Зорлық. Толеранттық. Адам құқығы. Кәсіби этика. Бизнестегі этика. | | тұлғаның ішкі және тұлғааралық қақтығыс және) бағалауды негіздеу және кейс-талдау. | |
| 10 апта: Еркіндік философиясы | | | | |
| | Философия тарихындағы еркіндік ұғымы. Адам және оның еркіндігі (Б.Спиноза). М.Хайдегердің шығармаларындағы еркіндік пен ақиқаттың байланысы. Еркіндік пен жауапкершілік (Ж.-П.Сартр). Еркіндік және абсурд (А.Камю). Н.Бердяевтың еркіндік концепциясы. Ерік еркіндігі. Еркіндік деңгейлері. Оң және теріс еркіндік. Еркіндік, әділдік, адамның өмірі мен намысы – адамгершілік-құқықтық құндылықтар. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10 | Құқықтың дүниетанымдық мәселелері. Саяси еркіндік. Ұлттық еркіндік. Еркіндік – қазіргі демократиялық мемлекеттердің негізгі идеалдарының бірі. Жеке еркіндік және табиғи құқық. Тұлғаның, оның еркіндігінің, өмірді, табиғатты және мәдениетті сақтау жауапкершілігінің қалыптасу шарттары. Сөз және көзқарас еркіндігі. Еркіндік пен шығармашылық – адамның мәдениетте шын мәнінде өмір сүруінің тәсілі. Абайдың "толық адам" концепциясы. Алаш қайраткерлерінің философиясындағы еркіндік және тәуелсіздік идеялары. | 1.Ерік еркіндігі мәселесін зерделеу және түсіндіру. | 1. "Қазіргі заманғы қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың рөлі" тақырыбына шығармашылық жұмыс (эссе, реферат, баяндама) дайындау. | 10 | |
| 11 апта: Өнер философиясы | | | | | |
| | Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Антикалық эстетикалық ойлардың тарихы (софистер, Сократ, Платон, Аристотель). Араб-мұсылмандық эстетика (Омар Хайям, Әл-Фараби, Ибн Рушд, Ибн Араби, Руми). Христиандық ортағасырлықтың көркемдік-эстетикалық әлемі ( | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 | А.Августин, Иоанн Дамаскин). Қайта Өрлеу дәуірінің эстетикасы (Л.Б. Альберти, Леонардо да Винчи, А.Дюрер, М.Монтень, Эразм Роттердамский). XVII-XVIII ғ.ғ. Жаңа заман эстетикасы және көркемдік практикасы (Д.Локк , Р.Декарт, Вольтер, Д.Дидро, Ж. Руссо). Классикалық эстетиканың негіздері (И.Кант, Г.Гегель, Ф.Шеллинг). XIX - XX ғ.ғ. классикалық емес эстетика (Ф. Ницше, Дж.Дьюи, Ж.-П. Сартр. М. Хайдеггер). Эстетикалық тәжірибе. Адам өмірінің эстетикалық өлшемі . Негізгі эстетикалық категориялар: сұлулық – ұсқынсыздық, трагикалық-комедиялық, асқақ-төмен. Сұлулықтың құндылығы. Философия және өнер. Өнер – мәдениет феномені, оның тұлғалық және және әлеуметтік қызметтері. Көркем шығармашылық субъектісі. Өнер әлеміндегі адам. Адамның мінез-құлқы, іс-қимылы, жан тебіреністерінің себептерін ашудағы өнердің мүмкіндіктері. | 1.Музыкалық эстетиканың қалыптасуын қазіргі мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру. | "Қазіргі заманғы адамның өміріндегі өнердің рөлі" | 10 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Өнерді зерттеудің заманауи философиялық тәсілдері. Қазіргі өнер философиясының негізгі категориялары: әлемді эстетикалық сезіну, еліктеу және елігу; сұлулық, көркем бейне, көркем стиль, көркем талғам, символ мен симулякр және тағы басқалары. Қазақ халқының сұлулық философиясы. Жырау және билердің шығармашылығындағы этикалық және эстетикалық бастамалары. Қ.Нұрланова: "Адам - Әлем біртұтас" концепциясы. Ұлттық аспаптар қобыз, домбыра көшпенділердің рухани мәдениетінің көрінісі ретінде. Қазақ дәстүрлі музыкасының ерекшеліктері. Күй – қазақ өнерінің феномені. | | тақырыбына эссе-пайымдау жазу . | |
| 12 апта: Қоғам және мәдениет | | | | |
| | Әлеуметтік философияның пәні. Қоғам философиялық ұғым ретінде. Антикалық философиясындағы әлеуметтік ой: Платонның идеалды мемлекеті, Аристотельдің "Политикасының" негзгі тұжырымдамалары. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Адам саяси жануар ретінде. Августин: " Фәни шаһар" және " Бақи" шаһар. Қайта өрлеу дәуіріндегі утопиялық теория: Т.Мор және Т.Кампанелла. Н.Макиавеллидің әлеуметтік-саяси теориясы. Жаңа заман әлеуметтік философиясы ( Т.Гоббс, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо). К.Маркс: таптық қоғам. К.Поппер " Ашық қоғам". "Қоғамдық сана" ұғымы. Қоғамдық сананың түрлері. Қоғамның типтері. Ақпараттық қоғам. Постиндустриалдық қоғам. Ашық қоғам. Желілік қоғам. Жаңару. Қала. Урбандану. Мәдениет, оның табиғаты мен мәні. Философия тарихындағы мәдениеттанулық теориялар (З.Фрейд, Н.Данилевский, О.Шпенглер, К. Леви-Строс). Мәдениет – қоғам болмысының формасы. Материалдық және рухани мәдениет. Мәдениет және коммуникация. Мәдени-антропологиялық әдістеме: адам мен мәдениеттің мәндік және онтологиялық түбегейлі бірлігін мойындау. Қазақтардың ұлттық мәдениеті – қазақ халқының ұлттық | 1.Қоғамдық сана феномені: түрлері, құрылымы, мәні. 2.XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамдық санасының жаңғыруының мәні. 3.Қазіргі ақпараттық қоғамды философиялық талдау және қазіргі заманның жаһандық талаптарын зерделеу. | 1. "Қазақстанның қазіргі дамуының басымдықтары аясындағы прагматизм философиясы" тақырыбына шығармашылық | 10 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бірегейлігінің негізі және оның "Рухани жаңғыру" жобасы аясында дамуы. | | жұмыс (эссе, реферат, баяндама) дайындау. | |
| 13 апта: Тарих философиясы | | | | |
| 13 | Тарихты философиялық пайымдау пәні ретінде талдау.Тарих түсінігімен уақыт туралы көріністердің байланысы. Миф " уақыты". Уақыттың антикалық түсінігі және тарихтың айналымы. Орта ғасырдағы және Қайта өрлеу дәуіріндегі тарих философиясы. Г.Гегельдің философия тарихы. Марксистік философия тарихы. Тарихтың "сыни" философиясы: Дильтей, Риккерт, Ясперс. Қазіргі заман философиясындағы "тарих мәні", " тарихтың соңы" мәселелері. Тарихтың бағытталғандығы және оның мәні. Тарих философиясының пәні. Тарих философиясының даму кезеңдерін қарастырудың негізгі әдістері. Адамзат тарихы: өткені-бүгіні-болашағы.Тарихтың мақсаты, мәні, бағыты мәселесі. Адамзат тарихының бірлігі мен көптүрлілігі. | 1.Қазақ философиясындағы тарихи даму мәселелерін талдау. 2.Қазіргі Қазақстан қоғамындағы жаңару үдерістерінің мәні мен ерекшелігі. | 1.Түпнұсқаларды түсіндірме бере отырып оқу және олардың мазмұнын салыстырмалы талдау негізінде қазіргі заманғы ақпараттық қоғам дамуының негізгі концепцияларына сараптамалық шолу жасау. 2."Қазақстанның дамуы мен көркеюіне менің үлесім" | 10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тарихи үдерістегі революциялық және эволюциялық. Тарихтың қозғаушы күштері. Тарихтағы прогресс және регресс . Формациялар және өркениеттер. Шығыс-Батыс. Өркениеттер қақтығысы. Біртұтас адамзат пен әлемдік тарихты қалыптастыру үдерісі. Қазіргі өркениет, оның өзгешелігі және қайшылықтары. Адамзаттың даму үрдістері. Асан Қайғы: Жерұйық философиясы. Қазақстан тәуелсіздігі тарихының философиясы. "100 жаңа есім" жобасы – қазіргі Қазақстан тарихының бейнесі. Қазақстанның эволюциялық дамуы – елдің гүлдену мүмкіндігі. | | тақырыбына эссе-пайымдау жазу . | | |
| 14 апта: Дін философиясы | | | | | |
| | Дін анықтамалары. Дін және философиялық білім. Дін және өнер . "Дүниежүзілік діндер" феномені. Діннің алғашқы формалары. Алғашқы діни формалардың мәселелері: эволюционизм (У. Тейлор), структурализм ( Леви-Брюль, Леви-Строс), марксизм (С. Токарев). Буддизм | | 1.Қазіргі жаһандық мәселелерді түсінудегі және шешудегі философияның рөлі | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14 | және оның негізгі бағыттары. Христиан дінінің пайда болу тарихы және негізгі формалары. Ислам. Исламныңқалыптасуы, догматикасыжәнетарихиформалары. Суфизм ( Аль-Газали, Ходжа АхметЯссауи). Неміс романтизм өкілдерініңдінифилософиялыққонцепциясы ( Ф.Шлейермахер). С.Кьеркегордіңдіни философиясы. | 1 . Қазіргізаманмәдениеттегідінфилософиясы | " тақырыбына ғылыми-ізденістік жоба дайындау.<br>2.К.Амстронгтың " Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны" еңбегін талдау негізінде эссе жазу. | 10 | |
| Апта 15: "Мәңгілік Ел" және "Рухани жаңғыру" – жаңа Қазақстан философиясы | | | | | |
| 14 | Кеңістік-уақыттық континуумдағы " Мәңгілік Ел" және " Ұлы Дала" категориялары. Қазіргі Қазақстандағы жаңғыру үдерісі: әлеуметтік-саяси, экономикалық, мәдени қырлары. Қоғамдық сананы жаңартудың негізгі бағыттары. Рухани жаңғыру. XXI ғасырда ұлттық сана-сезімді қалыптастыру мәселесі. Еуразияшылдық және Қазақстан дамуы. Еуразияшылдықтың әлеуметтік-мәдени, идеологиялық және геосаяси негіздері. Жаһандық әлемдегі Қазақстанның өркениеттік идентификациясы. " Мәңгілік ел" идеясы . Н.А.Назарбаевтың | 2.Қазіргі ақпараттық қоғамды философиялық талдау және қазіргі заманның жаһандық талаптарын зерделеу.<br>3."Мәңгілік Ел" идеясы мен "Рухани жаңғыру" жобасы – | 3." ...(кәсіби қызмет салалары) өзекті философиялық мәселелері" | 10 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласы және " Рухани жаңғыру" жобасы – XXI ғасырдағы Қазақстан дамуы болашағын айқындайтын маңызды құжат. " Мәңгілік Ел" жалпыұлттық және патриоттық идеясының ұйыстырушы құндылығы. Қазақстанның қоғамдық санасын жаңғыртудың негізгі бағыттары. | Қазақстанның тарихи дамуының жаңа векторлары. | тақырыбына ғылыми-ізденістік жоба дайындау. | |
| Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 5 академиялық кредит - 150 академиялық сағат | | | | |

Әдебиеттер: Негізгі:

1. Назарбаев Н.А. "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания". http:// www. akorda. kz.
2. Назарбаев Н.А. "Мәңгілік Ел. Годы, равные векам. Эпоха, равная столетиям" – Астана: Деловой мир Астана, 2014. – 368 с.
3. Нұрышева Г.Ж. "Философия" – Алматы: Інжу-маржан, 2013.
4. Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш. "Философия". – Алматы: Эверо, 2014.
5. Ғарифолла Есім "Фәлсафа тарихы" – Алматы, 2000.
6. Ғарифолла Есім "Қазақ философиясының тарихы" – Алматы, 2006.
7. Ғарифолла Есім "Адам-зат" – Астана, 2008.
8. Бертран Р. "История западной философии" – М.: Издатель Litres, 2018. – 1195 с.
9. Джонстон Д. "Философиянықысқашатарихы. СократтанДерридағадейін".Ғылыми ред. Нурышева Г.Ж. – Астана, 2018.– 216 б.
10. Хесс Р. "Философияның таңдаулы 25 кітабы". Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
11. Кенни Э. "Батысфилософиясыныңжаңатарихы. 1-том: Антика философиясы" / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408 с.
12. Кенни Э. "Батысфилософиясыныңжаңатарихы. 2-том: Орта ғасырфилософиясы" / ғылыми редактор Оспанов С. – Астана, 2018. – 400 с.
13. Карен Армстронг Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны/ Научн.редактор Кенжетай Д. – Астана, 2018. – 496 с.
14. Johnston D."A Brief History of Philosophy: From Socrates to Derrida". –A&C Black, 2006. – 211 p. ( ДжонстонДи. "Э бриф хистори оф философи: Фром Сокрэйтес ту Дэррида".- Эй энд Си Блэк, 2006. - 211 пи.)
15. Kenny A."New History of Western Philosophy". Volume 1-4. –Oxford University Press, 2006 - 2010. ( Кэнни Эй. "Нью хистори оф Вестерн философи". Волум 1-4 – Оксфорд юниверсити пресс, 2006-2010)
16. Humphreys P. "The Oxford Handbook of Philosophy of Science". – Oxford University Press, 2016. ( Хамфрейс Пи. "Зе Оксфорд хэндбук оф философи оф ссайнс". – Оксфорд юниверсити пресс, 2016)
17. Estlund D."The Oxford Handbook of Political Philosophy". –Oxford University Press, 2017. (Эстланд Ди. " Зе Оксфорд хэндбук оф палитикал философи". - Оксфорд юниверсити пресс, 2016)

18. Cappelen H., Gendler T., Hawthorne J. The Oxford Handbook of Philosophical Methodology. – Oxford University Press, 2016. (Кэппелен Эйч., Гендлер Ти., Хэутон Джэй. "Зе Оксфорд Хэндбук оф философикл метадаладжи". - Оксфорд юниверсити пресс, 2016)
19. Karen Armstrong "A History of God: The 4000-year quest of judaism, christianity and islam". - Gramercy Books, 2014.- 496 p. (Кэрен Армстронг "Э хистори оф гад: Зе фо саузанд ие гэст оф джудаизм, кристианити энд ислам". – Грамэрси букс, 2014 – 496 пи.)
20. Джонстон Д. "Краткая история философии/пер. Е.Е. Сухарева. - М.: Астрель, 2010. – 236 с.
21. Хесс Р. "25 ключевых книг по философии". – М.: Урал LTD, 2000. – 368 с.
Қосымша:
1. Барлыбаева Г.Г. "Эволюция этических идей в казахской философии". – Алматы, 2011.
2. Зотов А.Ф. "Современная Западная философия".– М.: Высшая школа, 2012.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 603 бұйрығына
3-қосымша

## Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің типтік оқу бағдарламасының үлгісі (бұдан әрі - бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленген және оқытудың мақсаты, міндеттері, құрылымы, мазмұны және оқыту әдістері мен оқу нәтижелерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.07.2023 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бағдарлама жалпы білім беру циклінің міндетті пәндерінің бірі болып саналатын "Шетел тілі" пәнін оқытуды қамтамасыз етуге арналған.

3. Жоғары білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес осы бағдарлама бойынша оқу 300 академиялық сағатты (10 академиялық кредитті) құрайды.

### 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін жеткілікті (А2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалықжеткілікті (В1, жалпыеруопалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Білім алушының тілдік деңгейі дайындығына байланысты жоғары оқу орнына түскенге дейін В1 жалпыеуропалық құзыреттілік

деңгейінен жоғары болса, курстың аяқталу кезеңінде В2 жалпыеуропалық құзыреттілік деңгейіне жете алады.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім алушыларға шетел тілінің лексикасын мен тілдік ерекшеліктерін игерту және олардың коммуникативтік-функционалды құзыреттілікттерін қалыптастыру;

2) мәдениаралық коммуникация субъектісі болып табылатын жеке тұлғаның мәдениаралық қарым-қатынасқа қабілеттілігін көрсететін, мәдениаралық құзыреттілігін қалыптастыру.

3) шетел тілінде дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру және тілі оқытылатын елдің тілдік және мәдени ерекшеліктерін түсіну.

6. Оқу бағдарламасын меңгеру қорытындылары барысында студенттер келесідей оқу нәтижелеріне қол жеткізеді:

1) серіктесінің және осы деңгейдегі мәтіндердің авторларының коммуникативтік мақсаттарын түсінудің тұжырымдамалық негізін жүйелейді;

2) коммуникативтік мақсатқа сәйкес сөйлеу формалары мен түрлерін салыстырады және таңдап алады / логикалық құрастырылған сөйлеу түріне барабар қарым-қатынас ( коммуникация);

3) зерттелетін тілдің әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкестігін ескере отырып, тиісті тілдік құралдарды дұрыс таңдау және тиісті түрде қолдану арқылы өз коммуникативтік ниеттерін қажет деңгейде көрсете алады;

4) нақты фактілерді, беделді пікірге сілтемелерді және т.б., ауызша мінез-құлқының коммуникативтік және когнитивті негізделген әдістерін пайдалану деңгейлерін сыныптайды;

5) стилистикалық ерекшеліктерді зерттеуге назар аудара отырып, шет тілінің даму заңдылықтарын анықтайды;

6) ғылыми және әлеуметтік сипаттағы мәтіндердегі оқиғалардың себептері мен салдарын лингвистикалық сипаттайды және талдайды;

7) негізделген ақпаратты (мәліметтерді) пайдалана отырып, қазіргі заманғы проблемалардың ықтимал шешімдерін шет тілінде айта алады;

8) осы деңгейдегі жеткілікті негізделген тілдік құралдармен тілдік материалдарды дәлелді қолданады; 75% қатесіз сөйлеумен қатар, рұқсат етілген қателерді дер кезінде және өз бетінше түзетеді;

9) коммуникативтік әрекетті құру стратегиясын және тактикасын иеленіп, тілдік тақырыптар шеңберінде және сөздерді грамматикалық дұрыс құрастыру арқылы, лексикалық жеткіліктіліктілікке сүйене отырып, дұрыс интонациямен сөйлей алады.

**3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Осы бағдарлама бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, пәннің тақырыптық жоспары, оқыту әдістері, оқу нәтижелерін бағалау критерийлері, пәналды (пререквизит ) және пәннен кейінгі (постреквизит) оқытылатын пәндерге шолу жасаумен басталады.

8. Пәннің оқу жоспары, оның ішінде пәннің мазмұны, семинар тақырыбы ( практикалық) және студенттердің өзіндік жұмысы осы бағдарламаға қосымшада берілген. Тақырып мазмұны салалардан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және қарым-қатынастың типтік жағдаяттарынан тұратын танымдық-лингвомәдени кешендер түрінде ұсынылған.

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) оқытушы мен студенттер тарапынан рефлексивті оқыту тәсіліне негізделген студенттерді шоғырландыра оқыту,

2) интерактивті практикалық сабақ (проблемалық тақырыптар, пікірталас алаңы, " Пресс-конференция", "Сұрақтар-жауаптар-талқылау");

3) интерактивті дөңгелек үстел, семинар, рөлдік ойындар;

4) кейс-стади (нақты жағдаяттарды талдау);

5) жобалау әдісі (өз тәжірибесі мен құзыреттілігін толықтыру және өзгерту).

10. Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені мыналарды қамтиды:

1) силлабус (жұмыс оқу жоспары);

2) тәлімгерлердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру, оны жүзеге асыру кестесі және оларға әдістемелік нұсқаулар;

3) қысқа тақырыптық мазмұны;

4) семинарларлық (практикалық), зертханалық сабақтарға арналған оқу материалдары;

5) пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы;

6) пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы.

11. Студенттердің құзыреттерін бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады: бағдарлама мәтінінде тілдік материалды түсіну, терминологияны меңгеру, алынған білімді пайдалану.

Минималды-жеткілікті деңгей – (біліктіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша А2 деңгейіне сәйкес).

11.1. Минималды-жеткілікті деңгейде қалыптасатын біліктіліктер когнитивтік, әлеуметтік мәдени және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

11.2. Минималды-жеткілікті деңгейде сөйлеу тілінің формалары мен сөйлеу түрлерінің түрлері: этикет сипатындағы диалог; диалог-сұрақ.

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: ой - пікір элементтері бар сипаттама, хабарлама.

Жазбаша сөйлеу туындылары түрлері: хат, жеке хат, құттықтау хаты, сауалнама, формуляр, кеден декларациясы, баяндама жоспары.

11.3. Минималды жеткілікті деңгей дескрипторлары:

- коммуникацияның ауызша және жазбаша түрлері бойынша:

- мәлімет беруге дайындық және қабілет, ақпарат беру; ақпарат сұрау, сұрақтар қою , сұрастырып білу; кеңес беру, ұсыныс жасау; сендіру, сақтандыру; бағалауыш сөйлесімдердің, тұжырымдардың көмегімен сипаттау; мейірім білдіру және жақтырмау , қызығушылық-немқұрайдылық, үмітті, сезімді білдіру.

- диалог барысында қайталауларды, перифраздарды және тағы басқа құралдарды қолдана отырып, дайын сөздер негізінде қарапайым әңгіме жүргізу, әңгімені жалғастыру үшін қысқа сөз оралымдарымен ой бөлісу, күнделікті өмірге және сөйлеу тақырыптарына (отбасы, бос уақыт және т.б.) қатысты таныс тақырыптар бойынша әңгіме жүргізу, диалогты бастау, жалғастыру және аяқтау үшін сөйлеу әдебі сөздерін қолдану.

- Монолог барысында:

Өз отбасын, оқуын, тұратын орнын, курстастарын, күн тәртібін, ауа райын, жыл мезгілдерін және т.б. қарапайым фразалармен сипаттау, өзі, өзінің сабақтары мен қызығушылықтары туралы қысқаша хабарлама жасау.

Жазбаша коммуникация барысында: туған-туысқандарды, өзінің айналасындағыларды, олардың іс-әрекеттері, үй (пәтер) және т.б. сөйлеу тақырыптары бойынша қарапайым фразалармен сипаттау, рәсімдеудің нормативтік талаптарын сақтай отырып, коммуникативтік ниеттерді жеткізу.

Тыңдап түсіну барысында:

оқытушының және өзінің курстастарының сөзін, нұсқауларын түсіну;

күнделікті тұрмыста қолданылатын күнделікті қарапайым сөйлесімдерді қабылдау және түсіну;

оқытушының жақсы құрастырылған және баяу айтылған сұрақтарын, нұсқауларын, ережелерін немесе қарапайым қысқа бұйрықтарын түсіну;

хабарламаның тақырыбы туралы фрагментті (сөз, сөз тіркестері және қарапайым фразалар деңгейінде) болжап білу;

Оқу барысында келесі іскерліктер қалыптасады:

ұсынылған мәтіндердегі таныс атауларды, сөздерді, қарапайым фразаларды оқып бөліп көрсету;

тілін оқып жатқан елдегі адамдардың күнделікті өмірлерін реттеуіш прагматикалық мәтіндерді оқу: мәзір және ілінген хабарламалар, бағыттар мен жол карталары, әр алуан нұсқаулықтар мен ескертулер, кестелер және хабарламалар – жаңа әлеуметтік мәдени ортада іс-әрекетке бағдар беретін, негіз болатын ақпараттарды оқу;

Минималды жеткілікті деңгейде біліктіліктердің қалыптасуын бағалау өлшемдері:

Бағалау деңгейлері: үйлесімді, жоғары, орташа, төмен.

Бағалау деңгейлері өлшемдерінің мазмұны:

Басқа тілдегі мәтінді ұйымдастырудың ережелерін сақтау. Жазбаша мәтіннің мазмұны мен көлемі (берілетін ақпараттың дәлдігі, нормативтік талаптарға сәйкестігі). Лексикалық қанықтығы,грамматикалық безендірілуі (этикет сөздердің дұрыстығы, орфография мен емле ережелерін сақтау).

Үйлесімді деңгей:

серіктесінің осы деңгейдегі коммуникативтік ниетін ым, ишара арқылы түсіну;

осы деңгейдегі өз коммуникативтік ниетін сөздік қоры жетпей қалған жағдайда көрнекіліктерді пайдалана отырып білдіру;

осы деңгейдегі сөйлеу/коммуникация формаларының авербалды және визуалды түрлерін таңдап алу;

коммуникативтік ниетін фото немесе суретте бейнеленген нақты деректерді пайдалана отырып баяндау;

Жоғары деңгей:

серіктесінің коммуникативтік ниетін дәлелдерді пайдалана отырып жалпы түсіну;

өз коммуникативтік ниетін оқып жатқан тілдің әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкес дұрыс білдіре алуы;

сөйлеудің логикалық құрылымының жеткіліксіз түрінің сөйлеу/коммуникация формаларын таңдау;

кейбір деректер мен сілтемелерді пайдалануда коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

Орташа деңгей:

серіктесінің коммуникативтік ниетін тек жорамалдай түсінуі;

өз коммуникативтік ниетін шектеулі лексикалық бірліктерді пайдалана отырып жеткілікті түрде барабар білдіруі;

сөйлеу/коммуникация түрлері мен формаларын таңдау коммуникативтік ойға үнемі сәйкес келе бермейді;

кейбір деректерді пайдалануда интерференция салдарынан коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

талап етілген деңгейде талқыға түсуге қабілетсіздігі. Сөйлеу мінез-құлқы коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз.

11.4. Жеткілікті деңгей: (біліктіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша А2 деңгейіне сәйкес):

Жеткілікті деңгейде қалыптасатын біліктіліктер когнитивтік, әлеуметтік мәдени және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

Жеткілікті деңгейде жиі қолданылатын сөйлеу формалары мен қатысым түрлері :

- әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-кәсіби салаларында ақпарат алмасу жөніндегі диалог;

- іс-әрекетте түрткі болатын диалог.

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: ой - пікір элементтері бар сипаттама, хабарлама.

Жазбаша сөйлеу туындылары түрлері: толық хат, жеке хат, құттықтау хаты, сауалнама, формуляр, кеден декларациясы, ой-пікір элементтері бар баяндама жоспары .

Жеткілікті деңгей дескрипторлары:

- Коммуникацияның ауызша және жазбаша формалары саласында:

- бағдарламада көзделген қарым-қатынастың ең кең таралған стандарттық жағдаяттарындағы накты коммуникативтік міндеттерді шешуге сүйене отырып, тілдік материалды өзгерту, құбылту және байланыстыру қабілеті мен даярлығы;

- Диалог барысында:

- оқытушымен, курстастарымен және басқа да адамдармен қарым-қатынаста күнделікті қарапайым жағдаяттарда ешқандай ерекше күш-жігер жұмсамай –ақ әңгімелесуді жүзеге асыра алады;

- әлеуметтік - тұрмыстық, әлеуметтік - мәдени және оқу - кәсіби салаларында ақпарат алмасу үшін қарапайым фразалар мен сөйлемдерді диалогта қолданады;

- айтылған ұсынысқа жауап беру және өз бастамашылық көрсету және әңгімелесушінің әрекет етуіне ұйытқы болу, серіктеспен келіспеу немесе келісу.

- Монолог барысында:

- бірқатар фразалар мен сөйлесімдерді қолдана отырып, өз достарын, тұрғылықты орын жағдайларын, тамаққа қатысты қалауларын, өзінің бос уақытын, қаладағы бағыт-бағдарларды, отбасылық және ұттық мейрамдарды және т.б. толығырақ сипаттау ;

- сюжеттік суретті өз бетінше сипаттау;

- оқыған мәтіннің мазмұнын өз ұстанымын білдіре отырып элементарлы деңгейде қысқаша баяндау;

- өткен тақырыпқа қатысты 10-15 фраза көлемі бойынша шағын хабарлама жасау.

Жазбаша коммуникация барысында:

қарапайым қысқа хат, қысқа жеке хат жазу, рәсімдеудің нормативтік талаптарын сақтай отырып формулярды толтыру, өзінің күн тәртібін құрастыру және жазу, өзінің қалауларын, өмірбаянын, ағымдағы оқиғаларды қарапайым түрде сипаттау;

оқыған мәтінге жоспар және мәтін, тақырып бойынша өзінің сөйлейтін сөзінің қысқаша тезисін құрыстыру және жазу.

Тыңдап түсіну барысында:

таныс тақырыпта сөз болған жағдайда, тікелей қарым-қатынаста өзге адамның айтқан сөзінің жалпы мазмұнын түсіну;

фондық әлеуметтік мәдени білімдерге, оқыған лексикалық және грамматикалық материалға, сонымен қатар мағыналық контекстік болжамға сүйену;

өзінің жеке қарым-қатынас салаларына тікелей байланысты, мысалы жеке тұлғалық және отбасылық деректерге, дүкенде сауда жасау, атқаратын іс қатысты жиі қолданылатын лексика мен фразаларды түсіну;

қысқа, анық және қарапайым хабарламалар мен хабарландырулардағы негізгі ақпаратты түсіну.

Оқу барысында:

өткен тақырыптар шеңберінде әрекеттік күрделіліктің жоғары емес деңгейінің міндеттерін орындау бойынша нұсқауларды қамтитын мәтіндерді оқу;

қос тілді сөздіктермен және басқа да анықтамалармен жұмыс істеу, оларда жұмыста дұрыс бағыт-бағдар таба білу;

өзінің оқу тәжірибесіне, соның ішінде ана тілінде оқу тәжірибесіне сүйену;

тілдік және мағыналық болжамды дамыту;

өз бетінше оқу дағдыларын дамыту.

Жеткілікті деңгейде (А2) біліктіліктердің қалыптасуын бағалау өлшемдері:

Бағалау деңгейлері: үйлесімді, жоғары, орташа.

Баға деңгейлері өлшемдерінің мазмұны:

Үйлесімді деңгей:

- мәтін авторларының, серіктесінің коммуникативтік ниетін түсіну;
- өз коммуникативтік ниетін түсінікті түрде білдіре алуы;
- сөйлеу/коммуникация формаларын сөйлеудің логикалық құрылымына барабартаңдай алуы;
- коммуникативтік ниетін нақты деректер мен сілтемелерді пайдалана отырып жеткілікті түрде толық баяндауы;

Жоғары деңгей:

- серіктесінің коммуникативтік ниетін дәлелдерді пайдалана отырып жалпы түсінуі;
- өз коммуникативтік ниетін оқып жатқан тілдің әлеуметтік-мәдени нормаларына сәйкес дұрыс білдіре алуы;
- сөйлеудің логикалық құрылымының жеткіліксіз түрінің сөйлеу/коммуникация формаларын таңдау;
- кейбір деректер мен сілтемелерді пайдалануда коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

Орташа деңгей:

- серіктесінің коммуникативтік ниетін тек жорамалдай түсінуі;
- өз коммуникативтік ниетін шектеулі лексикалық бірліктерді пайдалана отырып жеткілікті түрде барабар білдіруі;
- сөйлеу/коммуникация түрлері мен формаларын таңдау коммуникативтік ойға үнемі сәйкес келе бермейді;
- кейбір деректерді пайдалануда интерференция салдарынан коммуникативтік ниетін білдірудің толық еместігі;

- талап етілген деңгейде талқыға түсуге қабілетсіздігі. Сөйлеу мінез-құлқы коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз.

11.5. Базалық жеткілікті деңгей - (біліктіліктің жалпыеуропалық шкаласы бойынша B1 деңгейіне сәйкес):

Базалық жеткілікті деңгейде қалыптасатын біліктіліктер құрамы лингво-когнитивтік , әлеуметтік мәдени, когнитивтік және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

Базалық жеткілікті деңгейде жиі қолданылатын сөйлеу формалары мен коммуникация түрлері : диалог-сұрастыру, ой бөлісу диалогы; диалог - әңгіме;

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: сипаттама, хабарлама, ой-пікір, ой - пікір элементтері бар хабарлама, түсіндіру, анықтау, бағалау.

Жазбаша сөйлеу туындылары түрлері: жеке тұлғалық сипаттағы электронды хат, мәтін, хабарлама, мазмұндама, өмірбаян, түйіндеме.

Базалық жеткілікті деңгей дескрипторлары:

- тіл жүйесін және оны мәдениаралық-коммуникативтік әрекетте қолдану тәсілдерін білу;

- сөйлеу және коммуникация жүйесін меңгеру төмендегі коммуникативтік актілерді жүзеге асыруға дайындық пен қабілеттілік ретінде:

- оқып үйренген қызметтер мен тақырыптар шеңберінде баяндау, сендіру, дәлелді түрде ақпаратты жеткізу, өнер және мәдениет (театрлар, фильмдер, кітаптар, әуендер және т.б.) мәселелері бойынша өз көзқарасын білдіру;

- өзінің қабылдау тәжірибесі, бағалау жүйесі елегінен өткізу және талқылау арқылы оқу тақырыбы бойынша өз көзқарасын білдіру (әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік мәдени салалар);

- әңгімені немесе пікірталасқа белсенді қатысу (накты жағдаятта таныс тақырып төңірегінде өрбіген әңгімеге еш дайындықсыз қатысу, әңгіме барысын түсініп тыңдау және өзіне қаратылып, анық айтылған сөзді түсіну, қажет болған жағдайда, қайтадан сұрау, өзінің жеке эмоцияларын білдіру және оларға жауап беру (ашу, қайғы, қызығушылық, қызықпаушылық).

- Коммуникацияның ауызша және жазбаша формалары саласында:

- әңгімелесушіге мәлімет беру, ақпарат беру, қызығушылық білдіру, ақпарат сұрау, сұрастыру, кеңес беру, ұсыныс жасау, сендіру, сақтандыру, бағалау сөздерінің көмегімен сипаттау, мейірім білдіру және жақтырмау, қызығу және қызықпау, үміттену , жанын түсінушілікті білдіру қабілеті мен даярлығы.

- Диалог барысында: серіктестік назарын өзіне аударып, ұстай білу, қызығушылық білдіру, сөздік қоры жетпей қалғант кезде мағыналас сөздермен ауыстыру, ым-ишаралар,дене қимылдары арқылы шеше білу, қате айтқан кезде өзін өзі түзету, анық және баяу айта білу, қажет болған жағдайда, айтылғанды қайталау, жалғаулықтардың көмегімен сөздердің қарапайым топтарын тіркестіру арқылы фразалар құрастыру іскерлігі;

- Монолог барысында:

- өзінің жеке тәжірибесіне сүйене отырып, қарым-қатынастың әлеуметтік - тұрмыстық, әлеуметтік - мәдени және оқу-кәсіби салаларының базалық тақырыптары шеңберінде жағдаяттарды немесе оқиғаларды бірізді тұжырымдар түрінде сипаттау;

- кітаптың немесе фильмнің сюжетін баяндау және өз көзқарасын дәлелдей отырып, ол туралы өз пікірін білдіру;

- берілген тақырып бойынша алдын ала даярланған, күрделі емес баяндама жасау.

Жазбаша коммуникация барысында:

- қарапайым байланысқан мәтін жазу;

- немесе шынайы оқиғаларды сипаттау;

- қызықтыратын тақырыптарға қысқа оңай эссе жазу;

- күнделікті деректі ақпараттар мен қажетті әрекеттерді түсіндіре отырып, формасы мен мазмұны онша күрделі емес қысқа баяндамалар жазу;

Тыңдап түсіну барысында мыналардытүсіне алады:

- кәсіби өмір тақырыптарына қатысты қарапайым ақпараттық хабарламаларды ;

- анық нормативті айтылу жағдайында оқып үйренген тақырып бойынша әңгімені ;

- әңгімелесушінің айтып отырған сөзін;

- анық нормативті айтылу жағдайында жазылған радио және телебағдарлама ақпараттарын;

- радиодан берілген жаңалықтар жиынтығының негізгі тұстарын және таныс тақырыптағы таспада жазылған, баяу айтылатын қарапайым мәтіндерді түсіну;

- қызықтыратын тақырыптағы теледидар бағдарламаларының (сұхбат, қысқаша дәрістер, репортаждар) көп бөлігін түсіну;

Оқу барысында:

- мәтіндерді электронды және қағаз жазбалардан қарау және қажетті ақпаратты табу ;

- күнделікті материалдардан (хат, брошюралар, қысқа ресми құжаттар) қажетті ақпаратты табу және түсіну;

- егжей-тегжейлі нақтылаусыз мәтін тақырыбы бойынша ой-пікір білдіру;

- таныс тақырыптағы қарапайым газет мақаласының негізгі қағидаларын анықтау;

- қызықтыратын тақырыптағы деректі ақпараты бар қарапайым мәтіндерді оқып түсіну;

- күрделі емес тілмен баяндалған техникалық ережелерді түсіну (қауіпсіздік ережелері);

- буклеттерден, каталогтардан, аңдатпалардан, мәзірлерден, кестелерден қажетті ақпаратты іздеп табу және оларды қолдана білу немесе мәлімет алу.

Базалық жеткілікті деңгейде (В1) біліктіліктердің қалыптасуын бағалау өлшемдері:

1) Коммуникативтік ойды жүзеге асыру;

2) Логика-құрылымдық тұтастық;

3) Сөйлеудің пәндік мазмұнын игеру;
4) Тіл иелерінің лингвомәдени нормаларына сәйкестік;
5) Сөйлеудің лингвистикалық дұрыстығы; метатілді білу.

Бағалау деңгейлері: үйлесімді, жоғары, орташа, төмен.

Баға деңгейлері өлшемдерінің мазмұны:

Үйлесімді деңгей:

- берілген деңгейде мәтін авторларының, серіктестің коммуникативтік ниетін толық түсіну;
- оқып жатқан тілдің әлеуметтік мәдени нормаларына сәйкестігін ескере отырып, тілдік құралдарды дұрыс таңдау және оларды орынды қолдану арқылы өзінің коммуникативтік ниетін барабар түрде жеткізу қабілеті;
- логикалық құрылымды коммуникативтік ниетке сәйкес сөйлеу түрімен бірге коммуникация/сөйлеу формасы мен түрін таңдау;
- коммуникативтік ниеттің максималды жеткілікті деңгейде толық баяндалуы, беделді көзқарастарға сүйене отырып шынайы деректерді, сілтемелерді берілген деңгей үшін жеткілікті дәрежеде қолдану және т.б., сөз әрекеті коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан дәйектелген;
- коммуникативтік актіні құрудың стратегиясы мен тактикасын сауатты меңгеру;
- сөйлеуде тілдік құралдарды сауатты қолдану, 75% қатесіз сөйлеу барысында жіберген қателерді өз бетінше уақтылы түзету қабілеті; сөзді дұрыс екпінмен айту, деңгейдің сөйлеу тақырыбы шеңберіндегі лексикалық бай сөздік қоры және грамматикалық сауаттылық;

Жоғары деңгей:

- анықтау үшін қарсы сұрақтарды қоя отырып, серіктестің коммуникативтік ниеттерін жеткілікті толық түсінбеу;
- оқып жатқан тілдің әлеуметтік мәдени нормаларына жеткілікті деңгейде сәйкестігін ескергеннің өзінде, тілдік құралдарды дұрыс таңдау және оларды кей жағдайда орынсыз қолдану арқылы өзінің коммуникативтік ниеттерін бейімді түрде жеткізу қабілеті;
- коммуникативтік ниетке сәйкес келетін логикалық құрылымды сөйлеу түрлерін коммуникацияның/сөйлеу формасы мен түріне жеткіліксіз таңдау;
- берілген деңгей үшін жекелеген фактілерді, көзқарастарға сілтемелерді жеткілікті дәрежеде қолданғанымен, коммуникативтік ниеттің максималды жеткілісіз деңгейде толық емес баяндалуы;
- коммуникативтік актіні құрудың стратегиясы мен тактикасын дұрыс меңгеру;
- сөйлеуде тілдік құралдарды сауатты қолдану, 50% қатесіз айтылымдар барысында жіберген қателерді өз бетінше уақытылы түзету қабілеті; сөзді дұрыс екпінмен айту, деңгейдің сөйлеу тақырыбы шеңберіндегі лексикалық бай сөздік қоры және грамматикалық сауаттылық;

Орташа деңгей:

- анықтау үшін қарсы сұрақтарды үнемі қолдана отырып, серіктестің коммуникативтік ниеттерін тек жалпы түрде ғана түсіну;

- қарапайым құрылымдарды және лексикалық бірліктердің айтарлықтай шектеулі мөлшерін қолдану арқылы өзінің коммуникативтік ниеттерін жеткілікті дәрежеде үйлесімді жеткізу;

- сөйлеу формасы мен түрі коммуникативтік ойға үнемі сәйкес келе бермейді;

- коммуникативтік ниетті білдіруде жекелеген деректерді қолдана отырып, жоғары дәрежедегі дәлелдерді толық емес баяндау;

- коммуникативтік актіні құрудың стратегиясы мен тактикасын жеткіліксіз дәрежеде меңгеру;

- 25 % қатесіз сөйлеу барысында жеткіліксіз дәрежедегі тілдік құралдарды сауатты қолдану; сөз екпіні және сөйлеудің лексика-грамматикалық құралдарының жеткіліксіздігі;

Төмен деңгей:

Талап етілетін деңгейде пікірталасқа қатысуға қабілетсіздік. Сөйлеу әрекеті коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз.

11.6. Базалық стандарттық деңгей - біліктіліктің жалпы еуропалық шкаласы бойынша В2 деңгейіне сәйкес:

Базалық стандарттық деңгейде қалыптастырылатын біліктіліктер құрамы лингво-когнитивтік, әлеуметтік-мәдени, когнитивтік және коммуникативтік біліктіліктер болып табылады.

Базалық стандарттық деңгейде үлгілендірілетін сөйлеу формалары мен коммуникация сөйлеуі түрлері : әңгіме, сұхбат, пікірталас болып табылады.

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: сипаттама, хабарлама, ой-пікір, хабарлама.

Сөйлеу айтылымдарының түрлері: түсіндірме, анықтама, бағалау, қысқаша мазмұндама, интерпретация, комментарий.

Жазбаша сөз туындыларының түрлері: түйіндеме, телефакс, ресми хат, баяндама тезисі, эссе.

Базалық стандарттық деңгей дескрипторлары төмендегілер болып табылады:

- тіл жүйесін және оны мәдениетаралық-коммуникативтік әрекетте қолдану тәсілдерін білу;

- сөйлеу және коммуникация жүйесін меңгеру төмендегі коммуникативтік актілерді жүзеге асыруға дайындық пен қабілеттілік ретінде:

- әр алуан тақырыптарға: жалпы, оқу-кәсіби, сонымен қатар бос уақытқа қатысты тақырыптарға мүдірмей әңгіме жүргізу;

- еш дайындықсыз, грамматикалық қателер жасамай, сөйлеу стилдеріне шектеусіз қарым-қатынас жасау;

- диалогты айтарлықтай жылдам және дайындықсыз жүргізу;

- қандай да бір іске өзінің қызығушылығын атап айту, қажетті дәлелдердің көмегімен өзінің к?зқарасын түсіндіру және нақтылау;

- әңгімеге эмоциялық сипат беру.

- коммуникацияның ауызша және жазбаша формалары саласында студенттер төмендегі дайындық пен қабілеттіліктерді көрсетеді:

- оқып үйреніп жатқан салалар мен сөйлеу тақырыптары шеңберінде естіген және оқыған хабарламаны қабылдау және түсіну;

- айқындау, дәлірек анықтау;

- әңгімелесушінің айтқанын толықтыру;

- пікірталас тудыратын тезисті, ұсынысты алға тарту;

- түсіндіру, хабарлы екендікті білдіру;

- әрекетке ұйтқы болу және серіктеске мақтау айту;

- көмек көрсетуді ұсыну және оған жауап беру;

- серіктестің араласуына рұқсат беру;

- түзету, ескерту, нұсқау айту;

- сөйлеушінің сөзін бөлу;

қарсы қойылған сұрақтарға жауап беру;

- бірге ойлауға (индивидуалды әрекетке) түрткі болу;

- өз пікірін дәлелдеу; әр түрлі көзқарасқа қарсы тұру; қорытынды жасау;

- көңіл ортақтығын, өкінішті, қанағаттануды/қанағаттанбауды білдіру;

- қуанышты, көңілі қалуды білдіру;

- күдігін, өкпесін, ашуын білдіру;

- қорқыныш, шошу, мазалану;

- өзінің тұжырымының қате екендігін мойындау;

- қарым-қатынастың бейтарап, ресми, бейресми стилдерін сақтай отырып, әңгіме бастау және оны ары қарай жалғастыру;

- әңгімеге араласу және оны әрі қарай дамыту;

- түсінбегендігін білдіру, айтылғанды қайталап айтуын сұрау; әңгіме тақырыбын өзгерту; әңгімелесуді аяқтау;

- өзін қызықтыратын мәселелерге кең көлемде анық сипаттама беру;

- өз көзқарасын жеткілікті дәрежеде анық, толық қосымша тұжырымдармен және мысалдармен дамыту және нақтылау;

- ұсынылып отырған ұстанымның жағымды және жағымсыз тұстарын атап көрсете отырып, өзекті мәселе бойынша өз көзқарасын түсіндіру;

- ең жалпы сұрақтар бойынша дайындықсыз, анық нақты хабарламалар жасау;

- маңызды тұстарын атап көрсетіп, белгілі бір көзқарасты қолдайтын және қолдамайтын дәлелдерді келтіріп, әр түрлі варианттардың жағымды және жағымсыз жақтарын баяндай отырып, анық, қисынды құрылған баяндама жасау.

- рәсімдеудің нормативтік талаптарын сақтай отырып, коммуникативтік ниетті жеткізу (ресми хат, эссе);

оқығанның, тыңдағанның және көргеннің (мәтіннің, суреттің және видеофильмнің) фактілерін, оқиғаларын жүйелі түрде жазбаша баяндау, сонымен қатар әрекет етуші адамдардың іс-әрекеттеріне, суреттелген фактілерге және оқиғаларға қатысты өз көзқарасын білдіру;

- белгілі көзқарасты қолдайтын және қолдамайтын дәлелдер келтіре отырып және шешім варианттарының жағымды және жағымсыз жақтарын түсіндіре отырып, қандай да бір ұстанымды дамыту үшін эссе немесе баяндама жазу;

айналада айтылып жатқандардың басым б?лігін түсіну және пікірталасқа қатысу;

- дәрістердің, әңгімелердің, баяндамалардың және де білім және кәсіби әрекеттерге қатысты тақырыптық және лингвистикалық тұрғыда айтарлықтай дәрежеде күрделі сөйлеген сөздердің басқа да түрлерінің негізгі қағидаларын түсіну;

- бір қалыпты жылдамдықпен айтылған, нақты тақырыптарға қатысты хабарландырулар мен хабарламаларды түсіну;

- таспада жазылған, кедергілері бар шетел тіліндегі ақпаратты түсіну;

- магнитофонға жазылған сөйлеген сөзді түсіну;

- сөйлеушінің, көзқарасын, оның бір нәрсеге қатынасын анықтау және сөйлеген сөзінде бар ақпаратты анықтап табу;

- радиодан немесе таспадан дыбысталған документалды радиобағдарламаларды және басқа материалдарды түсіну;

- теледидар жаңалықтарын және ағымдағы оқиғалар туралы бағдарламаларды түсіну;

- документалды фильмдердің және басқалардың мазмұнын түсіну;

маңызды тұстарын анықтай отырып, айтарлықтай күрделі мәтінді тез қарап шығу;

- мақаланың мазмұнын жылдам түсіну және бағдарламалық тақырыптарға қатысты жаңалықтардың, мақалалардың немесе хабарламалардың өзектілігін анықтау;

- қажетті анықтамалық материалдарды қолданып, мәтіндерді өз бетінше оқып түсіну (сирек кездесетін идиомалық тіркестер қиындық туғызуы мүмкін);

- газет және журнал мақалаларындағы ең маңызды фактілер мен оқиғаларды анықтап көрсету;

- негізгі идеяны, ойды анықтап көрсету;

- мәтіннің мазмұнын максималды дәл және нақты түсіну;

- таныс емес сөздердің мағынасын контекст және сөздің құрылымы бойынша анықтау (контекстуалды және тілдік болжап табу);

- мәтіннен семантиканың ұлттық мәдени компоненттері бар реалийлер мен сөздерді табу;

- мәдени маңызды ақпаратты іріктеу;

- алынған ақпаратқа сын көзбен қарау, деректер мен оқиғаларды бағалау;

- болып жатқан оқиғаларға, кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру;

- қажетті ақпаратты іздеу мақсатында шағын мәтіндерге көз жүгіртіп шығу;

- прагматикалық сипаттағы материалдан (жарнама, аңдатпалар, бағдарламалар, анықтамалық үндеухаттар, кітапшалар) қажетті ақпаратты тауып алу;

- қызықтыратын мәселелерге қатысты хат-хабарларды оқу және еш қиындықсыз негізгі ойды түсіну.

Базалық стандартты деңгейде біліктіліктердің қалыптасуын бағалау өлшемдері:

1) Коммуникативтік ойды жүзеге асыру;

2) Логика-құрылымдық тұтастық;

3) Сөйлеудің пәндік мазмұнын игеру;

4) Сол тілде сөйлеушінің лингвомәдени нормаларына сәйкестік;

5) Сөйлеудің лингвистикалық дұрыстығы; метатілді білу.

Бағалау деңгейлері: үйлесімді, жоғары, орташа, төмен.

Баға деңгейлері өлшемдерінің мазмұны:

Үйлесімді деңгей:

берілген деңгейде мәтін авторларының, серіктестің коммуникативтік ниетін толық түсіну;

оқып жатқан тілдің әлеуметтік мәдени нормаларына сәйкестігін ескере отырып, тілдік құралдарды дұрыс таңдау және оларды орынды қолдану арқылы өзінің коммуникативтік ниетін сол тілге барабар түрде жеткізу қабілеті;

коммуникативтік ниетке сәйкес логикалық құрылған сөйлеу түріне барабар коммуникация/сөйлеу формасы мен түрін таңдау;

коммуникативтік ниеттің жоғары жеткілікті деңгейде толық баяндалуы, берілген деңгей үшін шынайы деректерді, беделді көзқарастарға сүйенген сілтемелерді жеткілікті түрде дәлелдер арқылы қолдану және т.б., сөйлеу әрекеті коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан дәйектелген;

коммуникативтік актіні құрудың стратегиясы мен тактикасын сауатты меңгеру;

сөйлеуде тілдік құралдарды сауатты қолдану, 75% қатесіз сөйлеу барысында жіберген қателерді өз бетінше уақытылы түзету қабілеті; сөзді дұрыс екпінмен айту, деңгейдің с?йлеу тақырыбы шеңберіндегі лексикалық бай сөздік қоры және грамматикалық сауаттылық;

Жоғары деңгей:

анықтау үшін қарсы сұрақтарды қолдана отырып, серіктестің коммуникативтік ниетін онша толық түсінбеу;

оқып жатқан тілдің әлеуметтік мәдени нормаларына жеткілікті деңгейде сәйкестігін ескергеннің өзінде, тілдік құралдарды дұрыс таңдау және оларды кей жағдайда орынды қолданғанның өзінде коммуникативтік ниеттерін барабар түрде онша толық жеткізе алмауы;

логикалық құрылған коммуникативтік ниетке сәйкес сөйлеу түріне коммуникация/ сөйлеу формасы мен түрін таңдау;

жекелеген фактілер мен сілтемелерді пайдаланудың жоғары деңгейінде коммуникативтік ниеттің жеткіліксіз түрде толық емес баяндалуы;

коммуникативтік актіні құрудың стратегиясы мен тактикасын дұрыс меңгеру;

сөйлеуде тілдік құралдарды сауатты қолдану, 50% қатесіз айтылымдар барысында жіберілген қателіктерді өз бетінше уақытылы түзету қабілеті; сөзді дұрыс екпінмен айту, деңгейдің сөйлеу тақырыбы шеңберіндегі лексикалық сөз байлығы және грамматикалық сауаттылық;

Орташа деңгей:

анықтау үшін қарсы сұрақтарды үнемі қолдана отырып, серіктестің коммуникативтік ниеттерін тек жалпы түрде ғана түсіну;

қарапайым құрылымдарды және лексикалық бірліктердің айтарлықтай шектеулі мөлшерін қолдану арқылы өзінің коммуникативтік ниеттерін жеткілікті дәрежеде үйлесімді жеткізу;

сөйлеу формасы мен түрі коммуникативтік ойға үнемі сәйкес келе бермейді;

жекелеген деректерді қолдана отырып, жоғары дәрежелі дәлелдер арқылы коммуникативтік ниетті жөнді білдіре алмау;

коммуникативтік актіні құрудың стратегиясы мен тактикасын жеткіліксіз дәрежеде меңгеру;

25 % қатесіз сөйлеу барысында тілдік құралдарды онша дұрыс қолдана білмеу; сөз екпінінің және лексика-грамматикалық тілдік қолданыстың дұрыс болмауы;

Төмен деңгей:

Талап етілетін деңгейде пікірталасқа қатысуға қабілетсіздік. Сөйлеу әрекеті коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз.

Тілдік деңгейді меңгеруге қойылатын талаптар

А1 деңгейі

Мәдениаралық коммуникативтік қатынастағы тіл жүйесі мен пайдалану тәсілдерін меңгеру.

Фонетикалық материал:

- жаңа тілдік материалға қатысты есту-айту дағдыларын әрі қарай жетілдіру.

Лексикалық материал:

- кең ауқымды мамандандыруды бейнелейтін жиі қолданылатын лексиканы бекіту;
- 600-800 лексикалық бірліктерді меңгеру арқылы сөздік қорды кеңейту;
- сөздердің тіркесуі: еркін сөз тіркестері, морфологиялық-синтаксистік және лексикалық-фразеологиялық байланысқан сөз тіркестері;
- фразеологиялық және комбинаторлық сөздіктермен танысу.

Грамматикалық материал:

Ағылшын тілі:

- Articles: zero article, definite article, indefinite article;
- Pronouns (Relative, Possessive, Reflexive);
- Present simple, or continuous;
- Adverbs of frequency;
- Gerund or infinitive?;
- Present continuous (future), invitations;
- Future forms: will/going to;
- Past simple (regular/irregular);
- Comparative/Superlative Adjectives;
- Phrasal verbs (verb+preposition, verb+particle, verb + particle + preposition);
- Modals verb;

Неміс тілі:

-Aussagesatz Wort – und Satzfrage Imperativ "Sie" Konjugation Präsens;
-Artikel Negation Possessivartikel;
-Akkusativ Verben mit Vokalwechsel Modalverb "möchten";
-Trennbare Verben Modalverben "Können", "müssen", "dürfen". Uhrzeit;
-Demonstrativpronomen. Indefinitpronomen. Ortsangaben;
-Possessivartikel. Modalverb "sollen". Imperativ 2;
-Person Singular und Plural. Perfekt: Struktur und Beispiele;
-Perfekt: alle Verben. Richtungsangaben. Personalpronomen im Akkusativ;
-Wechselpräpositionen;
-Dativ. Komparativ und Superlativ (prädikativ);
-Demonstrativpronomen im Akkusativ;
-Genitiv;
-Artikel + Adjektiv + Nomen. Artikelwörter "dieser", "mancher", "jeder"/"alle";
-Reflexive Verben mit Präpositionalergänzung. Fragewörter und Pronomen "wofür?", " dafür". Konjunktiv II;
-Steigerung und Vergleich Passiv.

Француз тілі:

-L’article determiné et indeterminé;
-L’ordre des mots;
-la mise en relief;
-le présent des verbes réguliers et irréguliers;
-la négation;
-l’interrogation (qui, que, quand, où);
-les pronoms et ses types;
-les adjectifs et ses types;
-les formes et les sens de la conjugaison pronominale;
-le présent progressif – le future proche – le passé récent.

Тілдік деңгейді меңгеруге қойылатын талаптар

А2 деңгейі

Мәдениаралық-коммуникативтік қатынастағы тіл жүйесі мен пайдалану тәсілдерін меңгеру.

Фонетикалық материал:

- жаңа тілдік материалға қатысты есту-айту дағдыларын әрі қарай жетілдіру.

Лексикалық материал:

- кең ауқымды мамандандыруды бейнелейтін жиі қолданылатын лексиканы бекіту;
- 800-1000 лексикалық бірліктерді меңгеру арқылы сөздік қорды кеңейту;
- сөздердің тіркесуі: еркін сөз тіркестері, морфологиялық-синтаксистік және лексикалық-фразеологиялық байланысқан сөз тіркестері;
- фразеологиялық және комбинаторлық сөздіктермен танысу.

Грамматикалық материал:

Ағылшын тілі:

- Articles: zero article, definite article, indefinite article;
- Pronouns (Relative, Possessive, Reflexive);
- Present simple, or continuous;
- Look or look like?;
- Adverbs of frequency;
- Gerund or infinitive?;
- Present continuous (future), invitations;
- Future forms: will / going to;
- Past simple (regular / irregular);
- Comparative/Superlative Adjectives;
- Phrasal verbs (verb+preposition, verb+particle, verb + particle + preposition);
- Modals verb;
- Zero & First Conditionals;

Неміс тілі:

-Aussagesatz Wort – und Satzfrage Imperativ "Sie" Konjugation Präsens;

-Artikel Negation Possessivartikel;

-Akkusativ Verben mit Vokalwechsel Modalverb "möchten;

-Trennbare Verben Modalverben "Können", "müssen", "dürfen". Uhrzeit;

-Demonstrativpronomen. Indefinitpronomen. Ortsangaben;

-Possessivartikel. Modalverb "sollen". Imperativ 2;

-Person Singular und Plural. Perfekt: Struktur und Beispiele;

-Perfekt: alle Verben. Richtungsangaben. Personalpronomen im Akkusativ;

-Wechselpräpositionen;

-Dativ. Komparativ und Superlativ (prädikativ);

-Demonstrativpronomen im Akkusativ;

-Genitiv;

-Artikel + Adjektiv + Nomen. Artikelwörter "dieser", "mancher", "jeder"/"alle";

-Reflexive Verben mit Präpositionalergänzung. Fragewörter und Pronomen "wofür?", " dafür". Konjunktiv II

-Steigerung und Vergleich Passiv

Француз тілі:

-le présent des verbes réguliers et irréguliers;

-l'impératif;

-le complément;

-les adverbes et ses types;

-les pronoms et ses types;

-le participe présent;

-le participe passé;

-le passé composé;

-l'imparfait;

-le futur simple;

-les adjectifs et ses types;

-les formes et les sens de la conjugaison pronominale;

-les articles partitifs;

-les mots exprimant la quantité (assez-trop);

-le présent progressif – le future proche – le passé récent;

-le discours direct et indirect;

-les verbes à l'infinitif;

-l'adjectif;

-les comparatifs et les superlatifs;

-le subjonctif présent.

Тілдік деңгейін меңгеруге қойылатын талаптар

В1 деңгейі

Фонетикалық материал:

Фонетикалық құбылыстар: палатализация, ассимиляция, латерал дыбыс, мұрын жолды дыбыс, дыбыстың жоғалуы, редукция.

Лексикалық материал:

Сөйлеу стилінің бейтарап, сондай-ақ күнделікті-ауызекі және публицистикалық түрінде өте жиі қолданылатын, сөздермен көп тіркесе алатын 1200 лексикалық бірлік. Көрсетілген қолданыс аясы мен сөйлеу тақырыптары шеңберінде тілдік әрекеттің барлық түрлерінде қолданылатын баламасыз және аялық лексикаға ерекше көңіл бөлінеді.

Грамматикалық материал:

Ағылшын тілі:

-Articles: zero article, definite article, indefinite article;
- Pronouns (Relative, Possessive, Reflexive.);
- Present Simple, Future Simple, Past Simple;
- Modal verbs;
- Gerund;
- Active& Passive Voice;
- Reported speech;
- Conditionals (Zero, First, Second and Third) ;
- Quantitative and ordinal numerals, fractions;
- Present perfect + yet/already/just;
- Present perfect or past simple?;
- Participle I;
- Participle II.
Неміс тілі:
-Genitiv der Nomen;
-Präteritum der Modalverben;
-Passiv mit Modalverben;
-Infinitivsatz: Infinitiv mit "zu" Präteritum;
-Konstruktion mit "es";
-Nebensatz: Relativsatz. Relativpronomen;
-Präpositionalpronomen;
-"lassen" + Infinitiv;
-Indirekter Fragesatz . Infinitiv mit "um zu". Nebensatz mit "damit";
-Präpositionen "außer" und "wegen". Ausdrücke mit Präpositionen
- Reflexive Verben Unbetonte Akkusativ – und Dativergänzungen. Reziprokpronomen;
-Verben mit Präpositionen und Pronominaladverbien;
-Temporalsätze (als, wenn);
-Die Position von nicht;
- Konjunktiv II: irreale Wünsche und Bedingungen;
Француз тілі:
-Le temps plus-que-parfait;
-le conditionnel présent;
-Concordance des temps: l’antériorité – la postériorité – la simultanéité;
-l’expression du futur et de projet (futur proche);
-l’expression de la comparaison;
-les expression de l’identité, de la ressemblance et de la différence;
-la voix active et la voix passive;
-la forme pronominale au sens passif;
-la forme impersonnelle;

-les constructions adverbials;
-le gérondif;
-les propositions participiales;
-les propositions compliquées;
-les propositions subordonnées;
Тілдік деңгейін меңгеруге қойылатын талаптар
В2 деңгейі
Фонетикалық материал:

Фонетикалық құбылыстар: палатализация, ассимиляция, латерал дыбыс, мұрын жолды дыбыс, дыбыстың жоғалуы, редукция.

Лексикалық материал:

Сөйлеу стилінің бейтарап, сондай-ақ күнделікті-ауызекі және публицистикалық түрінде өте жиі қолданылатын, сөздермен көп тіркесе алатын 1500 лексикалық бірлік. Көрсетілген қолданыс аясы мен сөйлеу тақырыптары шеңберінде тілдік әрекеттің барлық түрлерінде қолданылатын баламасыз және аялық лексикаға ерекше көңіл бөлінеді.

Грамматикалық материал:
Ағылшын тілі:
- Articles: zero article, definite article, indefinite article;
- Pronouns Relative, Possessive, Reflexive) ;
- Present simple, or continuous;
- Gerund or infinitive?;
- Present continuous (future), invitations: Would you like to …?;
- Future forms: will / going to, present continuous might / may + inf;
- Past simple (regular / irregular) ;
- Comparatives and superlatives as … as;
- Connectors: although, however/ something / anything / nothing;
- Present perfect + yet / already / just;
- Present perfect or past simple? ;
- Phrasal verbs (verb+preposition, verb+particle, verb + particle + preposition);
- Passive voice;
- Modals verb: might, could, must, can’t, ought to /Should / shouldn’t;
- Zero, First, Second and Third Conditionals;
- Clauses;
- Reported speech: statements and questions; imperative and requests;
Неміс тілі:
-Genitiv der Nomen;
-Präteritum der Modalverben;
-Passiv mit Modalverben;

-Infinitivsatz: Infinitiv mit "zu"· Präteritum.
-Konstruktion mit "es";
-Nebensatz: Relativsatz. Relativpronomen;
-Präpositionalpronomen;
-"lassen" + Infinitiv;
-Indirekter Fragesatz. Infinitiv mit "um zu". Nebensatz mit "damit";
-Präpositionen "außer" und "wegen". Ausdrücke mit Präpositionen;
-Reflexive Verben. Unbetonte Akkusativ – und Dativergänzungen. Reziprokpronomen;
-Verben mit Präpositionen und Pronominaladverbien
-Temporalsätze (als, wenn);
-Die Position von nicht;
-Konjunktiv II: irreale Wünsche und Bedingungen;
Француз тілі:
-le conditionnel passé;
-cohérence du texte: nominalisations – pronoms personnels et indéfinis;
-l'expression du but, de la condition et de la restriction;
-l'expression de l'hypothèse;
-l'expression de la cause;
-l'expression de la consequence;
-l'expression de l'opposition et de la concession;
-les expression de l'identité, de la ressemblance et de la différence;
-la forme pronominale au sens passif;
-la forme impersonnelle;
-les constructions adverbiales;
-les propositions participiales;
-les propositions subordonnées relatives;

Жоғары және (немесе) жоғары
оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдары үшін "Шетел тілі"
жалпы білім беру пәнінің үлгілік
оқу бағдарламасына
қосымша

## Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Шетел тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

| | Минималды жеткілікті (А1) деңгейде қарастырылатын тақырыптар: | | | |
|---|---|---|---|---|
| Апта | Пәннің мазмұны | Семинар (практикалық сабақ) тақырыптары | Өзіндік жұмыстар тақырыптары | Сағаттар саны |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мен және менің үйім | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сәлемдесу, қоштасу, ресми және бейресми жағдайда өзін таныстыру, ұлты, елдер, тілдер, отбасы, отбасы жағдайы, отбасы құрамы, туысқандық, адамның келбеті, мінезі, жеке қасиеттері, күн тәртібі | Сәлемдесу | Сіз академиялық ұтқырлықпен басқа университетке келдіңіз. Өзіңізді жаңа топқа таныстырыңыз; еліңіз, ұлтыңыз, тіліңіз және т.б. туралы айтып беріңіз. | 10 |
| 2 | | Менің отбасым | Сіз шетелдік университетке оқуға түсіп, сол елдің бір отбасымен тұрасыз. Өз қалаңыздағы досыңызға сол отбасы туралы электронды пошта арқылы айтып беріңіз. Отбасы мүшелерінің келбетін, мінезін, жеке қасиеттерін сипаттаңыз. | 10 |
| 3 | | Күн тәртібі | Табысты адамдардың күнделікті өмірін зерттеңіз. Сол адамдардың күнделікті жұмыс күнін дұрыс жоспарлау амалдары туралы жазыңыз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: | | | |
| 4 | Азық-түлік, сусындар, тамақ өнімдері, тамақтану түрлері, кафелер, мейрамханалар, фастфуд, салаттар, көкөністер, жемістер, десерт, тәттілер, сатып алу, бағалар, азық-түлік дүкендері, сауда орталығы, жеңілдіктер, дизайн, өлшем | Тағам | Өз микроблогыңызда сіж жақсы көретің тағамның рецептін ұсыныңыз. Қажетті азық-түлікті атап оны дайындау жолын сипаттаңыз. | 10 |
| 5 | | Сатып алу | Сізге киім сатып алу қажет. Киімнің дизайны, өлшемі, түсі мен сапасы туралы бутиктегі консультанттан кеңес алыңыз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық саласы: Адам және оның денсаулығы | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | Адам, денсаулық, спорт, табиғат және адам, климат, ауа райы, экология, салауатты тамақтану, бос уақытты өткізу, қызығушылық, спорт түрлері, салауатты өмір салты, дене шынықтыру, спорт ойындары<br>Бос уақыт пен хобби (спорт, музыка, киноға / театрға / ойын-сауық паркіне бару). Сатып алу | Адам және оның денсаулығы | "Дәмді, пайдалы және қымбат емес: студенттерге арналған тамаша мәзір" тақырыпта жоба жұмыс жүргізіңіз | 10 |
| 7 | | Спорт адам өмірінде | Студенттерге салауатты өмір салтын насихаттаңыз | 10 |
| 8 | | Бос уақытты өткізу | Кино және іс-шаралар афишасы, театр қойылымдар, концерттер мен көрмелер кестесімен танысып серігіңізбен қайда баратындарыңызды келісіңіз (жұппен жұмыс істеу) | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Менің елім | | | |
| 9 | Мемлекет, географиялық орналасуы, климаты , ауа-райы, астанасы , олардың көрнекті орындары. Қалалық / ауылдық тіршілік ортасы, тұрғын үй, пәтер, бақ, жиһаз, тұрмыс жағдайы, тұрмыстық техника, жабдықтар. | Менің елім | Еліңізді н/е тілі оқытылатын елді, оның географиялық орналасуын, климатын, астанасын, көрікті жерлерін сипаттаңыз. | 10 |
| 10 | | Саяхат | Жаз мезгілінде Еуропаға (Азияға, басқа елдерге) круиз жоспарлап отырсыз. Сапарыңызды күнделікті жоспарлап, қанша елді және қандай жерге баратыныңызды атап кетіңіз. Осы елдерде не істеуге рұқсат және неге тыйым салынғанын айтыңыз. | 10 |
| 11 | | Қаланың көрікті жерлері | "Қаламызға қош келдіңіздер!" атты туған өлкеге жолнұсқа жасаңыз. Қаланың ең | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | қызықты орындарын атап өтіңіз. | |
| 12 | | Менің үйім! | Өзіңізді дизайнер ретінде көріңіз, жаңа үйді жобалауға тырысыңыз. Интерьер дизайнына арналған бірнеше нұсқа ұсыныңыз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Қоршаған орта | | | |
| 13 | Қоршаған ортаны қорғау, табиғат пен экологиялық проблемалар, салауатты өмір салты, заманауи гаджеттер, қосымшалар, интернет, радиоактивті толқындар | Қоршаған ортаны қорғау | "Қоршаған ортаны қорғау мәселесіне студенттердің көзқарасы" тақырыбында сауалнама жүргізіңіз. Зерттеудің нәтижелерін диаграммада көрсетіңіз. | 10 |
| 14 | | Табиғат және экология мәселелері | Экологиялық апаттың алдын алу мақсатында экологиялық ұйымдар үнемі ұсыныстар шығарады. Ұсыныстардың негізгі қағидасы: " Мұны бәрі де жасай алады". ЖОО студенттеріне арналған қағида негізінде қоршаған ортаны қорғауға кеңестер ұсыныңыз. | 10 |
| 15 | | Заманауи оқу және гаджеттер | Заманауи гаджеттерді оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндігін зерттеңіз. Мұғалімдерге шетел тілі сабағында қолдануға болатын IPad қосымшаларын ұсыныңыз. | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 150 академиялық сағат | | | | |
| | Жеткілікті (А2) деңгейде қарастырылатын тақырыптар | | | |
| Апта | Пән мазмұны | Семинар (практикалық сабақ) тақырыбы | Өздік жұмыс жағдаяттары | Сағат |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мен және менің отбасым | | | |
| 1 | Ұлттар, елдер, тілдер, отбасы, отбасы жағдайы, неке құру, отбасы құрамы, туыстық қарым-қатынас, отбасылық қарым-қатынас, сыртқы келбеті, мінезі, бойындағы жеке қасиеттері. Тұрғын үй, жер үй, пәтер, бақ, жиһаз, тұрмыс жағдайлары, тұрмыстық техника, жабдықтар. | Мен және менің отбасым | Отбасы мүшелерінің сыртқы келбеті мен мінез-құлқын сипаттаңыз. Сіз мінез-құлық белгілерін сыртқы келбетіне қарап анықтауға болады дегенге сенесіз бе? | 10 |
| 2 | | Заманауи жас отбасы | "Ұрпақтар дауы: бірге немесе жеке" тақырыбына шығарма жазыңыз. Отбасы мүшелерінің арасындағы келіспеушіліктердің себебін анықтауға тырысыңыз. | 10 |
| 3 | | Түрлі ұрпақ өкілдері арасындағы қарым-қатынас | Заманауи қоғамдағы әр түрлі ұрпақ өкілдерінің арасындағы қарым-қатынасқа эмпирикалық талдау жасаңыз. Өз қорытындыларыңызды есеп түрінде көрсетіңіз. | 10 |
| 4 | | Менің үйім – менің тірегім | Өзіңізді дизайн саласындағы сарапшысы ретінде байқап көріңіз және сіздің үйіңізді әрлеуде дизайнерлердің жіберген айқын емес қателерін табыңыз. Жайлылық үшін қажетті тұрғын үй жағдайларын | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жақсарту нұсқаларын ұсыныңыз. | |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық саласы: Адам және оның денсаулығы | | | |
| 5 | Адам, денсаулық, спорт, табиғат және адам, климат, ауа райы, экология, салауатты тамақтану, бос уақытты өткізу, қызығушылық, спорт түрлері, салауатты өмір салты, дене шынықтыру, спорт ойындары | Адам және оның денсаулығы | "Дәмді, пайдалы және қымбат емес: студенттерге арналған тамаша мәзір" тақырыпта жоба жұмыс жүргізіңіз | 10 |
| 6 | | Спорт адам өмірінде | Студенттерге салауатты өмір салтын насихаттаңыз | 10 |
| 7 | | Бос уақытты өткізу | Кино және іс-шаралар афишасы, театр қойылымдары, концерттер мен көрмелер кестесімен танысып серігіңізбен қайда баратындарыңызды келісіңіз (жұппен жұмыс істеу) | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени саласы: Дүниежүзілік карта | | | |
| 8 | Әлем картасы, Қазақстан мен тілі оқытылатын елдің географиялық орналасуы, ұлттар, қалалар, көлік, қаладағы бағдарлар, қаланың көрікті жерлері флорасы мен фаунасы | Дүниежүзілік карта | Әлемнің этнографиялық картасын жасаңыз. Негізгі елдерді қысқаша сипаттаңыз. | 10 |
| 9 | | Географиялық орналасу және шекарасы | Қазақстанның (тілі оқытылатын елдің) географиялық орналасуының маңызды орындарын атаңыз және олар ел табиғатының негізгі ерекшеліктерін көрсететінін дәлелдеңіз | 10 |
| 10 | | Қаланың көрікті жерлері | "Қаламызға қош келдіңіздер!" атты туған өлкеге жолнұсқа жасаңыз. Қаланың ең қызықты орындарын атап өтіңіз. | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени саласы: Салт-дәстүр | | | |
| 11 | Мерекелер, салт-дәстүрлер; отбасылық салт-дәстүрлер мен адам өміріндегі туған күнді және өзге де оқиғаларды мерекелеудің дәстүрлері; ұлттық мерекелер, олардың маңызы, мереке дәстүрінің маңызы | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің салт-дәстүрі | "Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі баланы туу және тәрбиелеу дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары" жобасы | 10 |
| 12 | | Мәдени және ұлттық мерекелер | Серігіңізден өз еліндегі ұлттық мерекелер туралы, түрлі іс-шаралар өткізу дәстүрін сұраңыз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың оқу және кәсіби саласы: Болашақ мамандық | | | |
| 13 | Білім беру, университетте оқу, студенттік өмір, оқу пәндері, күн тәртібі, мен оқитын факультет, менің болашақ мамандығым, жұмысқа орналасу, еріктілік, кәсіби қасиеттер, кәсіби өсу, мансап. | Менің білімім | "Болашақ мамандықты анықтау" тестінен өтіңіз. Сізге болашақ мансабыңызда табысқа жету үшін қандай мамандықтар ұсынылғанын айтып беріңіз. Тест нәтижесімен қаншалықты келісесіз? | 10 |
| 14 | | Менің университетім | Шетелдік әріптесіңізбен оқу жұмысын ұйымдастыру, оқу пәндері, екі елдің университеттік өмірі туралы скайп арқылы сөйлесу. Оның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаңыз. | 10 |
| 15 | | Болашақ мамандық | "Нағыз кәсіпқой қандай болуы керек ?" тақырыбындағы жоба жұмысы. | 10 |
| Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 150 академиялық сағат | | | | |
| Базалық жеткілікті (B1) деңгейде қарастырылатын тақырыптар: | | | | |
| | | | | |

| Апта | Пән мазмұны | Семинар ( практикалық сабақ) тақырыбы | Өздік жұмыс жағдаяттары | Сағат |
|---|---|---|---|---|
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Қазіргі қоғамдағы отбасы | | | |
| 1 | Қазіргі қоғамдағы отбасы; қазіргі заманғы жас отбасы және оның проблемалары; әлемдегі заманауи отбасылардың түрлері; отбасылық қарым-қатынас; жас отбасылық бюджет және негізгі шығындар | Қазіргі қоғамдағы отбасы | Отбасыңызда жақын туысқандарыңыз сіздің қызығушылығыңыз бен бөліспейді. Ата-аналарыңызбен сөйлесіп, оларды өз таңдауыңыздың дұрыстығына сендіріңіз. | 10 |
| 2 | | Жас отбасының бюджеті | "Неке тұрақтылығының негізгі шарттары неде?" атты дөңгелек үстелге қатысу үшін баяндама дайындаңыз. Отбасының жақсы тұрмыс құру жағдайларын сипаттаңыз. | 10 |
| Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Заманауи тұрғын үй | | | | |
| 3 | Тұрғын үй құрылысы; тұрғын үй түрлері (қалалық, ауылдық үй, пәтер); заманауи дизайн; сәулет; үйді жақсарту; интерьер безендіру | Тұрғын үй түрлері ( қалалық, ауылдық үй, пәтер) | Сіз шетелдік университетке тәжірибеден өтуге келдіңіз. Пәтер жалдауға жарнама беріңіз. | 10 |
| 4 | | Заманауи дизайн | Сіз қала сыртынан үй салдыңыз. Үйді безендіру жөнінде дизайнерден кеңес сұраңыз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени саласы: Демалыс | | | |
| 5 | Демалысты ұйымдастыру; белсенді, белсенді емес демалыс; туризм; демалыс және емделу; ойын-сауық; саяхат | Демалысты жоспарлау | Сіз шетелге сапарға шыққыңыз келеді. Туристік агенттіктен сапар шарттары туралы жазбаша түрде сұраңыз. | 10 |
| | | | Сіздің елге барғысы келетіндер үшін жарнамалық буклет | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | | Біз сізді қызықты саяхатқа шақырамыз! | жасаңыз. Елдің қызықты жерлеріне бару бағытын жасаңыз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мәдени-тарихи негіз | | | |
| 7 | Тарих; мемлекеттің қалыптасуы; елдің ұлттық рәміздерінің мәдени-тарихи негіздері; мемлекеттік ту, ұлттық елтаңба, әнұран; ұрандар, эмблемалар, мемлекеттік және саяси жүйе, экономика салалары . | Рухани жаңғыру | "Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлерді жандандыру" тақырыбына баяндама. Қазақстан Республикасының мәдени саясат концепциясының негізгі аспектілерін анықтаңыз. | 10 |
| 8 | | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің үкіметі мен заң институттары | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елі экономикасының ең дамыған салалары туралы ақпараттық постер жасаңыз. Стратегиялық даму бағырттарын анықтаңыз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мәдени-тарихи негіз | | | |
| 9 | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және басқа мерекелер мен естелік күндер; олардың тарихи маңыздылығы; мерекелік рәсімдер, мәдени жобалар | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі мерекелер | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі мерекелер күнтізбесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдаңыз. | 10 |
| 10 | | Наурыз - жыл басы | Сіздің шетелдік құрдастарыңыз Наурыз мерекесінде. Қонағыңыз осы мерекенің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қызығушылық танытуда. Сол жайлы баяндап беріңіз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың кәсіби саласы: Білім беру | | | |
| 11 | Білім беру жүйесі, жоғары кәсіби білім беру деңгейі, мамандықтың білім | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын | Жоба: "Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | беру бағдарламасы, академиялық ұтқырлық, университет пен мамандықты таңдау, қабылдау стандарттары, білім беру траекториясы, жеке оқу жоспары | елдегі білім беру жүйесі | елдегі білім беру жүйесінің ерекшеліктері" | |
| 12 | | Университет таңдау. | Шетелдік серігіңіз сіздің университетіңізде білім алғысы келеді. Университет туралы ақпаратты сайтқа енгізіңіз. | 10 |
| Қарым-қатынастың кәсіби саласы: Болашақ мамандық | | | | |
| 13 | Болашақ мамандық, кәсіби біліктілік; маманның кәсіби қасиеттері; нақты маман; әртүрлі мамандықтардың артықшылықтары мен кемшіліктері, мамандықтарға сұраныс; еңбекақы; ұжымдағы атмосфера; депрессия мен стресстердің даму қаупі; еңбек өнімділігі | Кәсіби біліктілік | Отбасылық кеңесте сіздің мамандық таңдауыңыз жайлы талқыланды. Мамандық таңдау пайдасына аргументтер келтіріп, қажетті кәсіби біліктіліктілерді атаңыз. | 10 |
| 14 | | Таңдалған мамандықтың артықшылықтары мен кемшіліктері | Эссе "Студенттердің оқу жұмысының ең ұтымды уақыты қандай?" | 10 |
| 15 | | Еңбек нарығындағы таңдаған мамандыққа сұраныс | Блиц-сауалнама "Нағыз кәсіпқой қандай болу керек?" | 10 |
| Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 150 академиялық сағат | | | | |
| Базалық стандарттық (В2) деңгейде қарастырылатын тақырыптар: | | | | |
| Апта | Пән мазмұны | Семинар (практикалық сабақ) тақырыбы | Өздік жұмыс жағдаяттары | Сағат |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Адам және табиғат, экологиялық мәселелер | | | |
| 1 | Адам, табиғат, қоршаған орта, экологиялық проблемалар, ластану, ғылыми-техникалық үрдіс, инновациялар, сараптама алаңы, ғылымды коммерцияландыру, | Адам және табиғат | Қазіргі жаһандық экологиялық проблемаларды және олардың шешімдерін қарастырыңыз. Табиғи апаттардың себептері мен зардаптары неде? | 10 |
| | | | "ЭКСПО-2017 ғылыми мұрасы: көмірсутекке қарсы | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің жаңартылатын ресурстары. | ғылыми-техникалық прогресс | жасыл болашақ" жобасы бойынша жұмыс. Қайта жаңартылатын энергия, мұнай мен көмір арасындағы теңгерімді қалай таңдауға болады?" | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Жаңалықтар, БАҚ, жарнама | | | |
| 3 | Жаңалықтар, БАҚ Жарнама, баннер, жарнамалық стендтер, сыртқы жарнама, белгілер, визиткалар | Әлемдік БАҚ | Әлемдік БАҚ-тарды шолып, соңғы әлемдік оқиғалар туралы есеп дайындаңыз. Сіз қандай БАҚ-ты ұнатасыз? | 10 |
| 4 | | Жарнама | Балаларға арналған жарнамалар / билбордтар таңдаңыз. Балалармен тәжірибе өткізіңіз. Бұл жарнамалар / билбордтар балаларға қалай әсер етті? Балаларға арнап жарнама таңдау керек пе? Өзіңіздің нәтижелеріңізді бейне репортаж түрінде ұсыныңыз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мәдени-тарихи негіз | | | |
| 5 | Тарих; мемлекеттің қалыптасуы; елдің ұлттық рәміздерінің мәдени-тарихи негіздері; мемлекеттік ту, мемлекеттік елтаңба, мемлекеттік әнұран; ұрандар, эмблемалар, мемлекеттік және саяси жүйе, экономика салалары. | Рухани жаңғыру | "Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлерді жандандыру" тақырыбына баяндама. Қазақстан Республикасының мәдени саясат Концепциясының негізгі аспектілерін анықтаңыз. | 10 |
| 6 | | Мемлекет құрылымы, Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің экономикасының ең дамыған салалары туралы ақпараттық | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | елдің үкіметі мен заң институттары | постер жасаңыз. Стратегиялық даму бағырттарын анықтаңыз. | |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік саласы: Мәдени-тарихи негіз | | | |
| 7 | Ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және басқа мерекелер мен естелік күндер; тарихи маңыздылығы; мерекелерді атап өту, мерекелік рәсімдер, мәдени жобалар | Еліміздегі және шет елдегі мерекелер | Еліміздегі және шетелдегі мерекелер күнтізбесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдаңыз. | 10 |
| 8 | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және басқа мерекелер мен естелік күндер; олардың тарихи маңыздылығы; мерекелік рәсімдер, мәдени жобалар | Наурыз - жыл басы! | Сіздің шетелдік құрдастарыңыз Наурыз мерекесінде. Қонағыңыз осы мерекенің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қызығушылық танытуда. Сол жайлы баяндап беріңіз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени саласы: Өнер, музыка, әдебиет | | | |
| 9 | Өнер, музыка, әдебиет, көрнекті қайраткерлер | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі өнер, музыка, әдебиет | Мәдени іс-шаралар туралы жарнаманың мәтінін жасаңыз. | 10 |
| 10 | | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдің көрнекті өнер қайраткерлері | Көрнекті тұлғалар туралы презентация дайындаңыз. ҚР мен тілі оқытылатын елдегі өнер қайраткерлерінің қоғамға және елдің дамуына қосқан үлестерін анықтаңыз. | 10 |
| | Қарым-қатынастың кәсіби саласы: Білім беру | | | |
| 11 | Білім беру жүйесі, жоғары кәсіби білім беру деңгейі, мамандықтың білім беру бағдарламасы, академиялық | Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі білім беру жүйесі | Жоба: " Қазақстан Республикасы мен тілі оқытылатын елдегі білім беру жүйесінің ерекшеліктері" | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12 | ұтқырлық, университет пен мамандықты таңдау, қабылдау стандарттары, білім беру траекториясы, жеке оқу жоспары | Университет таңдау. | Шетелдік серігіңіз сіздің университетіңізде білім алғысы келеді. Университет туралы ақпаратты сайтқа енгізіңіз. | 10 |
| Қарым-қатынастың кәсіби саласы: Менің мамандығым | | | | |
| 13 | Болашақ мамандық, кәсіби біліктілік; маманның кәсіби қасиеттері; шынайы кәсіпқой маман; әртүрлі мамандықтардың артықшылықтары мен кемшіліктері, мамандықтарға сұраныс; еңбекақы; ұжымдағы атмосфера; депрессия мен стресстердің даму қаупі; еңбек өнімділігі | Кәсіби біліктілік | Отбасылық кеңесте сіздің мамандық таңдауыңыз жайлы талқыланды. Мамандық таңдау пайдасына аргументтер келтіріп, қажетті кәсіби біліктіліктілерді атаңыз. | 10 |
| 14 | | Таңдалған мамандықтың артықшылықтары мен кемшіліктері | Таңдаған мамандықтың қызықты жағдаяттары және күнделікті өмірі. Өзіңіз таңдаған мамандықтың ерекшелігін зерттеп, қажетті кәсіби құзыреттерді анықтаңыз. | 10 |
| 15 | | Еңбек нарығындағы таңдаған мамандыққа сұраныс | Бос орындар жәрмеңкесін өткізіңіз. Жұмыспен қамту және еңбек нарығының жағдайы туралы қазіргі заманғы жастардың көзқарасын анықтаңыз. | 10 |
| Ескерту: 1 академиялық кредит - 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 150 академиялық сағат | | | | |

Әдебиеттер:


1. Кунанбаева С.С, Кармысова М.К. и др. Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. Алматы, 2010.
2. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы, 2010.
3. McMillan Dictionary of Contemporary English. - McMillan, 2010.
4.R. Harrison, S. Philpot, L. Curnick. New Headway Academic Skills. Reading, Writing, and Study Skills. Oxford University Press. - 2009.
5. Arline Burgmeier, Lawrence J. Zwier, Bruce Rubin, Kent Richmond. Inside Reading. The Academic Word List in Context. Pre-Intermediate to Advanced. Oxford. - 2009.
6. Murphy Raymond. Essential Grammar in Use. Intermediate. Cambridge University Press. – 2010.

7. British National Corpus: http:// www. natcorp. ox. ac. uk
8. The Corpus of Contemporary American English (COCA): http:// www. ame rica ncor pus. org

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 603 бұйрығына
4-қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 04.05.2024 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін және нәтижелерін айқындайды.

2. "Қазақ тілі" жалпы білім беру пәні бағдарламасы тіл үйренудің жаңа форматына және әлеуметтік-мәдени білімді қалыптастыруға, студенттің коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруге, жеке әлеуетін дамытуға бағытталған.

3. Жоғары білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес бұл бағдарлама бойынша оқу ұзақтығы 300 академиялық сағатты (10 академиялық кредитті) құрайды.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның мақсаты – Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) тілдерді оқытудың халықаралық стандартына сай қазақ тілі пәнін оқыту, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде маңыздылығы мен құндылығын арттыру, болашақ маман иесінің қазақ тілін қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алу құзіреттілігін қалыптастыру.

5. Бағдарлама төмендегідей міндеттерді қояды:

1) студенттің қазақ тілі бойынша қалыптасқан тілдік дағдыларын дамыту, әрі қарай жетілдіру;

2) қазақ тілінің әртүрлі функционалдық стильдердегі стилистикалық мүмкіндіктерінің алуан түрлілігін, әртүрлі коммуникативтік жағдайларда тиімді қарым-қатынас жасау тәсілдерін ашу;

3) морфология, синтаксис, сөз қолдану деңгейінде қазақ тілінің нормалары туралы жалпы түсінік беру, қазіргі сөйлеу жағдайының өзіндік ерекшелігін көрсету;

4) студенттердің белсенді сөздік қорын кеңейту, және қолдану белсенділігін арттыру, қазақ лексикасының, фразеологиясының байлығын көрсету, тіл мен мәдениеттің өзара іс-қимылын көрсететін түрлі сөздіктер мен анықтамалықтармен таныстыру;

5) тілдік құбылыстар мен фактілерді олардың әртүрлі түсіндірмелерін ескере отырып тану, талдау, салыстыру, жіктеу қабілетін дамыту; қажет болған жағдайда тілдік құбылыстарға түсініктеме беру; тілдік құбылыстар мен фактілерді нормативтілік, қарым-қатынас саласы мен жағдайына сәйкестік тұрғысынан бағалау;

6) алған білімдері мен дағдыларын өзінің сөйлеу практикасында, оның ішінде кәсіби бағдарланған қарым-қатынас саласында қолдануға үйрету; қарым-қатынастың әртүрлі салалары мен жағдайларында тілдің нормативтік және мақсатқа сай қолданылуын жетілдіру.

6. Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады:

1) қолданыста жиі кездесетін грамматика бірліктерін қолданып, тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби салаларда әртүрлі сөйлеу жағдаяттарына еркін араласып, сұхбатқа қатысып, қолдауға, қажетті ақпараттарды сұрап алуға;

2) тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытуға; пікірталастарда мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғауға, әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауға;

3) әртүрлі жанрдағы мәтін түрлерін оқып, түсініп, негізгі және көмекші ақпараттарды ажыратуға, мәтіндердегі мағыналық бөліктерді талдап, саралауға, негізгі ойды тұжырымдауға, тұтас мәтіннің және оның жеке құрылымдық элементтерінің қорытынды бөлімдерін сипаттауға;

4) қазақ тілінде әртүрлі мақсаттағы хат-хабарлар жазуға, мақала, аннотация, тезис жазуға, өз қызығушылығына қарай мақала түрлерін, эссе түрлерін жазуға;

5) қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалануға;

6) әртүрлі жанрдағы және стилистикалық бағыттағы ауызша және жазбаша мәтіндерді жасау тәсілдерін қолдануға.

**3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама қазақ тілі оқыту 5 деңгейге сәйкес келеді. Бір деңгей 5 кредит құрайды. Студент кемінде 2 деңгейді (10 кредитті) игереді. Тілді білу деңгейі диагностикалық тест арқылы анықталады. Әр деңгейді аяқтаған соң емтихан тапсырады. 1 семестрде қазақ тілінің орта деңгейін (В-1) аяқтаған студент келесі семестрде ортадан жоғары деңгейді (В2-1) алып, жалғастырады. Ал ортадан жоғары деңгейді аяқтаған студент жоғары деңгейге (В2-2) көтеріледі. Осы тәртіппен қазақ тілінің әрбір курсы тиісті пререквизиттер мен постреквизиттерді сақтай отырып ескеріледі. Қазақ тілінің қарапайым деңгейі (А1) шетелдік студенттерге ұсынылады. Базалық деңгей (А2) қазақстандық студенттердің өтуіне бағытталған.

8. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялар:

1) студентті оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі, ол студенттердің де оқыту үдерісіне рефлексивті көзқарасына негізделеді;

2) құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқыту;

3) коммуникативті сөйлеу әрекетін меңгеру;

4) мәтіннің мағынасын когнитивті модельдеу және оның мәнмәтіндегі қызметі негізінде түсіну, талдау;

5) оқылған, тыңдалған материалды бағалау, ақпаратты жинақтау;

6) хабарламаның негізгі мазмұнын анықтау, басты идеясын ауызша және жазбаша тұжырымдау;

7) коммуникативтік ықпал жасауға бағытталған ниеттерді қатыстыра отырып түрлі қарым-қатынас салаларына байланысты мәтіндер құрастыру;

8) әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;

9) кейс-стади;

10) жобалау әдісі.

9. Бағдарламаның пререквизиттері мен постреквизиттерін ЖЖОКБҰ өзі тағайындайды.

Жоғары және (немесе) жоғары
оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдары үшін
"Қазақ тілі" жалпы білім беру
пәнінің үлгілік оқу
бағдарламасына
қосымша

**Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Қазақ тілі" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны Қарапайым деңгей (А1 – Шетелдік білім алушылар үшін)**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| № | Пәннің мазмұны | Семинар (практикалық) сабақтардың тақырыптары | Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары | Сағаттар саны |
|---|---|---|---|---|
| Лексикалық тақырып: Өзі туралы | | | | |
| 1 апта | | | | |
| | Буындап дыбыстау, төл дыбыстарды тыңдау.<br>Сөздерді, фразаларды дыбыстау, танысып оқу, қайталап оқу.<br>Буындап жазу, дыбыстарды ажыратып жазу.<br>Өзі туралы ақпарат айту. | 1.Танысайық<br>2.Қай елден келдіңіз ? | Аты-жөні, мемлекеті, қаласы, тілі, туралы ақпарат жазу;<br>өз мемлекеті туралы шағын презентация жасау | 10 |
| 2 апта | | | | |
| | Дыбыстарды ажырата тыңдау, сурет арқылы ақпаратты анықтау.<br>Танысып оқу, қайталап оқу.<br>Тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау.<br>Дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктері.<br>Грамматика: үндестік заңы, көптік жалғауы, сұраулық шылауларды ажырату. | 1.Ол кім?<br>2. Бұл не? | Бөлмесіндегі заттарды сипаттау | 10 |
| 3 апта | | | | |
| | Сурет арқылы ақпаратты анықтау, сипаттау.<br>Мәтіннен негізгі ақпаратты табу.<br>Тірек сөздерді, сөз тіркестерін жазу.<br>Грамматика: жіктік жалғауы, тәуелдік жалғауы. | 1. Менің отбасым<br>2.Менің досым | Отбасы, досы туралы ақпарат айту | 10 |
| Лексикалық тақырып: Уақыт және мезгіл | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 апта | | | | |
| | Сөздердің мағынасын түсіну.<br>Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау.<br>Жаңа сөздерді пайдаланып ақпарат сұрау.<br>Тірек сөздерді пайдаланып жай сөйлем жазу.<br>Грамматика: сұрау есімдіктері: кім? не? кімнің?ненің? қай? қашан? барыс септігінің жай түрі, ыңғайлас жалғаулық және | 1.Апта, ай аттары<br>2. Мейрамдар | Ай аттарына сөздік жүргізу; бір мейрам туралы суреттер жинау, "Маған ұнайтын мейрам" тақырыбында шағын әңгіме айту | 10 |
| 5 апта | | | | |
| | Сөз мағынасын ажырата түсіну.<br>Тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттау.<br>Мәтіндегі негізгі тірек сөздерді анықтау.<br>Сипаттау мәнді сөз тіркестерін жазу.<br>Грамматика: сұрау есімдіктері: қайда? кімге? неге?<br>Ауыспалы осы шақ, жекеше түрі, табыс септігі. | 1.Жыл мезгілдері<br>2.Ауа райы | Жыл мезгілдеріне коллаж жасау<br>Әр жыл мезгілінің ауа райын сипаттайтын сөздік құру | 10 |
| 6 апта | | | | |
| | Ақпараттың ретін түсіну.<br>Мәтіндегі сандарды тауып, түсіну.<br>Ақпаратқа сұрақ-жауап.<br>Сандарды орфографиялық нормаға сай жазу;<br>Грамматика: септік, реттік сан есім, қанша? неше? сұраулық есімдер, | 1.Сандар<br>2. Сағат қанша болды ? | Уақытты пайдаланып, бір күндік әрекеттерді | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жатыс септігінің жай түрі, шығыс септігі. | | әңгімелеу | |
| Лексикалық тақырып: Оқу орны | | | | |
| 7 апта | | | | |
| | Мәтіндердегі сөздердің мағынасын ажырата алу, оқығанын ауызша қайта мазмұндау;<br>Берілген тірек сөздер бойынша сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем құру.<br>Тірек сөздер арқылы тақырыпты анықтау.<br>Тірек сөздер арқылы оқиғаны әңгімелеу<br>Грамматика: көмекші есімдер: алды, арты, жаны, үсті, іші, асты, жатыс септігінің тәуелді түрі, ауыспалы осы шақтың көпше түрі, сұраулы түрі | 1. Қай жерде оқисың?<br>2. Қазақ тілі сабағында | Өз оқу орны туралы ақпарат жинау<br>Ақпаратты пайдаланып, шағын презентация жасау | 10 |
| 8 апта | | | | |
| | Университет, кітапхана туралы шағын монолог, сұхбат құру.<br>Мәтіндегі ақпаратты баяндау.<br>Шағын мәтін құрап жазу.<br>Ақпараттың шын, жалғандығын анықтау.<br>Грамматика: етістік + у қажет/керек құрылымы, көмектес септігі | 1.Кітапханада<br>2. Сен сабаққа қалай дайындаласың? | "Тапсырманы қалай орындаймын?" ақпарат айту, әңгімелеу | 10 |
| Лексикалық тақырып: Мамандық | | | | |
| 9 апта | | | | |
| | Шағын сұхбат құра алу. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Көшіру, жатқа жазу, сұраққа жауап жаза алу.<br>Негізгі ақпаратты анықтайтын, сипаттау мәнді сөздерді табу.<br>Негізгі ақпаратты тірек сөздер арқылы табу.<br>Грамматика: етістік + уға болады құрылымы<br>сын есім тудырушы жұрнақтар:-лы/лі;-ды/ді;-ты/ті, сын есімнің сөйлемдегі орын тәртібі, өйткені жалғаулығы | 1.Сенің мамандығың қандай ?<br>2. Қандай мамандықтарды білесің? | Мамандық туралы сөздік құру<br>Мамандық туралы коллаж жасау<br>"Менің болашақ мамандығым" тақырыбында коллажды қорғау | 10 |
| Лексикалық тақырып: Жұмыс күні және бос уақыт | | | | |
| 10 апта | | | | |
| | Негізгі ақпаратты тірек сөздер арқылы табу.<br>Ақпаратты әңгімелеу, сұрақ-жауап.<br>Әңгімелеу мәнді құрылымдар жазу, шағын мәтін құру.<br>Грамматика: жедел өткен шақтың жекеше түрі, синонимдер, антонимдер | 1.Менің жұмыс күнім<br>2. Демалыс күндері | Жұмыс күніне байланысты әрекеттерді жазу<br>Жұмыс күнін әңгімелеу | 10 |
| 11 апта | | | | |
| | Мәтіннен суреттеу, әңгімелеу мәнді сөздерді табу.<br>Тірек сөздермен сипаттау, әңгімелеу.<br>Ақпараттың шынайылығын анықтау.<br>Себеп-салдарлы сөйлемдер жазу.<br>Грамматика: жедел өткен шақтың болымсыз түрі, сын есімнің салыстырмалы | 1.Бос уақытың бар ма?<br>2. Бос уақытта немен айналысасың ? | | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | шырайы, өйткені, себебі жалғаулықтары | | Бос уақытта айналысатын ісі туралы әңгімелеу | |
| 12 апта | | | | |
| | Ақпараттың шынайылығын анықтау.<br>Монолог, диалог құру.<br>Негізгі ақпаратты табу, тірек сөздерді табу.<br>Шағын әңгіме жазу.<br>Грамматика: неге? сұраулы есімдігі, үшін, туралы, сайын септеуліктері | 1.Менің сүйікті ісім<br>2. Маған ұнамайтын іс | Сүйікті ісі туралы ақпарат жинау<br>Сүйікті ісі туралы презентация жасау | 10 |
| Лексикалық тақырып: Күнделікті өмір | | | | |
| 13 апта | | | | |
| | Ақпараттың шынайылығын анықтау.<br>Рөлдік сұхбат құру.<br>Негізгі ақпаратты анықтайтын тірек сөздерді табу.<br>Шағын суреттеу жазылым жұмысы.<br>Грамматика: мен, бен, пен шылауы, қанша? неше? сұраулы есімдіктері | 1.Азық-түлік дүкенінде<br>2. Киім дүкенінде | Көкөніс пен жеміс-жидек атауларына қатысты коллаж жасау, қорғау | 10 |
| 14 апта | | | | |
| | Мәтіннен негізгі ақпаратты анықтайтын сөздерді табу.<br>Негізгі ақпаратты тірек сөздер арқылы табу.<br>Заттың сапасын сұрау.<br>Заттарды сапасын көрсететін сипаттау мәтінін жазу.<br>Грамматика: жедел өткен шақтың көпше түрі, сын есімнің асырмалы шырайы | 1.Кеңсе тауарлары дүкенінде<br>2. Ұсақ-түйек заттар дүкенінде | Рөлдік ойындар құру (кейстер бойынша) | 10 |
| 15 апта | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мәтіннен сипаттау, суреттеу мәнді сөздерді табу.<br>Тірек сөздермен сипаттау.<br>Ақпараттың шынайылығын анықтау.<br>Грамматика: да/де, та/те жалғаулық шылаулары | 1.Емханада | Дәрігер мен емделуші арасындағы рөлдік сұхбат құру | 10 |
| Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 5 академиялық кредит – 150 академиялық сағат | | | | |

## Базалық деңгей (А2)

| № | Пәннің мазмұны | Семинар (практикалы) сабақтар тақырыптары | Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары | Сағаттар саны |
|---|---|---|---|---|
| Лексикалық тақырып: Менің ортам | | | | |
| 1 апта | | | | |
| | Мәтіннен баяндау мәнді сөздерді табу.<br>Ақпаратты баяндау.<br>Негізгі ақпаратты түсіну.<br>Грамматика: ауыспалы осы шақтың болымды түрі | 1. Мен және менің ортам<br>2. Менің құрдастарым | "Менің достарым, таныстарым, құрдастарым" тақырыбында кластер құру, қорғау | 10 |
| 2 апта | | | | |
| | Мәтіннен негізгі, қосымша ақпаратты табу.<br>Ақпараттың шынайылығын анықтау.<br>Адамды суреттеу, мінезін сипаттау.<br>Грамматика: Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі. | 1. Менің туған жерім<br>2. Менің қалам, ауданым | Туған жері туралы коллаж жасау<br>Туған жері туралы презентация дайындау | 10 |
| 3 апта | | | | |
| | Мәтіннен тірек сөздерді табу, ұқсас заттарды салыстыра сипаттау.<br>Қосымша ақпаратты табу. | 1.Тату отбасы | "Отбасындағы сыйластық" кластер | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Диалог арқылы отбасын сипаттау. Грамматика: ауыспалы осы шақтың көпше түрі | | құру, дәлелдеу, қорғау | |
| Лексикалық тақырып: Уақыт менеджменті | | | | |
| 4 апта | | | | |
| | Мәтіннен тірек сөздер арқылы негізгі ақпаратты табу. Негізгі лексиканы пайдаланып, баяндау. Негізгі, қосымша ақпаратты табу. Мәтінді байланыстырушы сөздерді қолданып, қысқа әңгіме жазу. Грамматика: етістік +уға тырысады, етістік +уды ұнатады құрылымы | 1.Уақыт қымбат 2.Уақытты дұрыс пайдалану керек | Менің достарым уақытты қалай жоспарлайды? Сауалнама сұрақтарын құрастыру(3 сұрақ). Сұрақтарды 15 студентке қою, жауаптарға талдау жасау, сипаттау, қорытынды жасау. | 10 |
| 5 апта | | | | |
| | Мәтіннен жетекші сөздер арқылы негізгі ойды анықтау. Негізгі ақпаратты табу. Сөйлеу жағдаяты бойынша диалог жүргізу. Сипаттау мәнді сөз тіркестерін жазу. Мезгіл мәнді сөздерді қолданып, әңгіме құрастыру. Грамматика: етістік +уға ұмтылады құрылымы. | 1.Менің күнделікті жоспарым | Студенттерден сауалнама алу, сауалнаманы бейнетаспаға түсіру | 10 |
| 6 апта | | | | |
| | Мәтіннен тақырыпқа байланысты мәліметтерді табу. Жағдаят бойынша диалог жүргізу. | | Өз ұсыныстары баяндалған | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ақпараттың дұрыстығын анықтау.<br>Оқиғаны әңгімелей отырып, күнделік жазу.<br>Грамматика: етістік +ғы/гі/қы/кі +ы/і кел - құрылымы | 1.Уақытты бағалау | жазылым жұмысын А4 форматына жазып, топқа ұсыну, өзара бағалау | 10 |
| Лексикалық тақырып: Студенттік өмір | | | | |
| 7 апта | | | | |
| | Мәтіндегі сипаттау мәніндегі сөздерді анықтау.<br>Ақпаратты хабарлау , сипаттау.<br>Сипаттау, хабарлау монологы.<br>Құрылым бойынша сипаттау.<br>Грамматика: етістік +ғы/гі/қы/кі + тәуелдік жалғауы келмейді/келмеді - құрылымы. | 1.Менің оқу орнымның ерекшелігі<br>2.Менің топтастарым | "Маған университетім ұнайды"<br>аргумент жазу жазылым жұмысын дайындау, топқа ұсыну | 10 |
| 8 апта | | | | |
| | 1.Құрылым бойынша әңгімелеу.<br>2.Мәтіннен әңгімелеудің ретін табу.<br>3.Тірек сөздермен ақпаратты анықтау.<br>Шағын оқиғаны әңгімелеп жазу.<br>Грамматика: етістік +ғы/гі/қы/кі + тәуелдік жалғау кел құрылымының көпше түрі | 1.Студенттік ұйымдар немен айналысады? | "Университетім ұнайды" мысалдар жазу | 10 |
| 9 апта | | | | |
| | Ақпаратта берілген айғақтарды табу.<br>Өз ойын айту.<br>Ақпараттың тақырыбын табу.<br>Өз пікірін ұсыну, дәлел келтіру.<br>Грамматика: болымсыздық есімдіктері | 1.Студент болу оңай ма? | "Университетім - мақтанышым" құрылым бойынша пікір білдіру жазылым жұмысы | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Лексикалық тақырып: Жұмыс | | | | |
| 10 апта | | | | |
| | Мәтіннен суреттеу мәнді сөздерді табу. Жұмыс орнын суреттеу, ресми танысу сұхбаты. Суреттеу мәнді ақпараттарды табу. Орынды суреттеу, электронды поштамен хат жазу. Грамматика: белгісіздік есімдіктері | Жұмыс орны | Болашақ мамандығы туралы ақпарат жинау, сауалнама алу | 10 |
| 11 апта | | | | |
| | Мәтіннен суреттеу, әңгімелеу мәнді сөздерді табу. Тірек сөздермен сипаттау, әңгімелеу. Ақпараттың шынайылығын анықтау. Себеп-салдарлы сөйлемдер жазу. Грамматика: жедел өткен шақтың болымсыз түрі, сын есімнің салыстырмалы шырайы, өйткені, себебі жалғаулықтары | 1.Білікті маман | " Мамандығым-мақтанышым" презентация тапсыру | 10 |
| Лексикалық тақырып: Жастардың қызығушылықтары | | | | |
| 12 апта | | | | |
| | Ақпараттың тақырыбын, шынайылығын табу. Қосымша ақпаратты табу, сипаттау мәнді сөздерді табу. Ситуация бойынша баяндау, суреттеу. Құрылым бойынша әңгімелеу жұмысы. Грамматика: ауыспалы өткен шақ (-атын,-етін,-итін) | 1.Маған ұнайтын спорт түрі | "Менің хоббим" өз қызығушылығы бойынша коллаж дайындау. Өз хоббиін баяндап, хат жазу | 10 |
| 13 апта | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сипаттау мәнді сөздерді табу.<br>Ақпараттың шынайылығын табу.<br>Тақырып бойынша сұхбат алу.<br>Әлеуметтік желі арқылы хат жазу.<br>Грамматика: еді/екен көмекші етістігі; ауыспалы өткен шақтың болымсыз түрі | 1.Әлеуметтік желіде көп отырасыз ба? | "Ең қызық әлеуметтік желі" тақырыбында әңгімелеу | 10 |
| Лексикалық тақырып: Қоғамдық орындар | | | | |
| 14 апта | | | | |
| | Мәтіннен ақпараттың ретін табу, негізгі ақпаратты табу.<br>Сұхбаттан негізгі, қосымша ақпаратты табу.<br>Сұхбат құру.<br>Құрылым бойынша шағын әңгіме жазу.<br>Грамматика: етістік +а/е/й алу құрылымы | 1. Мейрамханада<br>2. Мәдени орындарда | "Мейрамханада" рөлдік ойыны | 10 |
| 15 апта | | | | |
| | Тірек сөздер арқылы негізгі ақпаратты табу.<br>Негізгі лексиканы пайдаланып, баяндау.<br>Грамматика: етістік +а/е/й алма құрылымы, етістік + а/е/й алма құрылымының көпше түрі | 1. Әуежайда<br>2. Вокзалда | Қоғамдық орындарда өзін ұстау әдебі рөлдік ойындары (кейстер бойынша) | 10 |
| Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 5 академиялық кредит – 150 академиялық сағат | | | | |

## Орта деңгей (B1)

| № | Пәннің мазмұны | Семинар (практикалық) сабақтардың тақырыптары | Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары | Сағаттар саны |
|---|---|---|---|---|
| Лексикалық тақырып: Әулет – ағайын-туысқан әлемі | | | | |
| 1 апта | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Тақырыпқа сәйкес мәтінді тыңдап, өз пікірлерін қосу.<br>Берілген тақырып бойынша қосымша білетін мәліметтерді баяндау.<br>Мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтау, негізгі ойды айқындау.<br>Тақырып бойынша сөздік құрастыру.Тірек сөздермен сөйлемдер құру.<br>Грамматика: бұрынғы өткен шақ | 1.Әулет дәстүрі<br>2.Отбасы құндылықтары | 1."Әулет дәстүрін сақтаудың маңызы" дөңгелек үстел.<br>- әулеттің қалыптасқан жалпы дәстүрі туралы баяндау;<br>- өз әулетінде қалыптасқан дәстүр қырлары;<br>-дәстүрді сақтаудың маңызы мен пайдасын анықтап көрсету.<br>2. Кластер құру: " Біздің әулет"<br>-сызба бойынша баяндау. | 10 |
| 2-апта | | | | |
| | Берілген тақырып бойыша өз пікірін білдіру, аргумент құру әдістерінің түрлерін қолдану.<br>Сұхбатты тыңдап, пікірлерді салыстыру, қолдайтын пікірді дәлелдеу.<br>Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтау және логикалық жалғасын ұсыну.<br>Пікір-эссе жазу: ( кіріспесі мен негізгі бөлімнің 1абзацы)<br>Грамматика: есімшенің анықтауыштық қызметі | 1.Өзара түсіністік пен сыйластық<br>2.Қамқорлық ережелері | 1. "Ата-ана – сенімді досымыз" пікірталасқа қатысу:<br>- ұсынылған пікірлермен танысу;<br>-тақырыпқа сәйкестігін анықтау;<br>- өз пікірін білдіру, қорғау, дәлелдеу. | 10 |
| 3-апта | | | | |
| | Мәтінді оқып, негізгі айғақтар мен қосымша детальдарды анықтау.<br>Басқалардың пікірін салыстыру, ұсынылған тұжырым бойыша пікір алмасу, | | "Отбасын құру оңай ма?" дебат құру: | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | анықтау. негізгі мәселені<br>Тыңдалған мәтінді мазмұндау, өз ойымен толықтыру, берілген сұрақтарға жауап беру.<br>Тақырып бойынша дәлелдеу-эссесінің бір абзацын жазу ( аргументті).<br>Грамматика:<br>модаль сөздер:<br>қажет, керек,сияқты сөздерінің қолданысы. | 1. Неке дегеніміз не ?<br>2.Отбасын неше жаста құру керек? | - қарсы аргументтер келтіру, аргументтерді тыңдау, негізгі ойды анықтау;<br>- аргументті құру, айғақтарды келтіру, сілтеме жасау | 10 | |
| Лексикалық тақырып: Жеке тұлғаның дамуы | | | | | |
| 4 апта | | | | | |
| | Әңгіменің қарапайым түрін жазу, оқиғаның желісін ретімен баяндау.<br>Мәтінді оқып, маңызды ақпаратты анықтау,сыни талдау жасау.<br>Тақырып бойынша негізгі мәліметтерді баяндау.<br>Мәтінді тыңдап, қысқаша мазмұнын баяндау, берілген сұрақтарға жауап беру.<br>Грамматика:<br>көмекші сөздер: байланысты, бойынша, шығар, екен сөздерінің қолданылуы | 1.Адамгершілік әліппесі<br>2. Мәдениет пен білімнің байланысы | "Мәдениетті адам деп кімді айтамыз?" тақырыбында эссе жазу<br>- тақырып бойынша ақпарат жинау;<br>- ақпараттарға талдау жасау;<br>- негізгі ойды анықтау, тезис құрау<br>- эссенің бастапқы нұсқасын жазу | 10 | |
| 5 апта | | | | | |
| | Мәтінді тыңдап, интерпретация жасау.<br>Әңгіменің күрделі түрін жазу (диалог беру, монолог-ойын баяндау).<br>Мәтінді оқып, түйінді ой қорыту. | 1. Ұрпақ арасындағы қайшылық | Эссе жазу: | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Ұсынылған тақырып бойынша мақал-мәтел айтып, мағынасын түсіндіру, келісу/ келіспеуін білдіру.<br>Грамматика: шарт мәнді құрылымдар: етістік+са/се+ жіктік жалғау | 2. Мүмкіндік пен қажеттілік арасындағы қайшылық | - эссенің жұмыс нұсқасын редакциялау<br>- қайта қарау, толықтыру;<br>- толық нұсқасын ұсыну. | 10 |
| Лексикалық тақырып: Таңдау | | | | |
| 6 апта | | | | |
| | Тақырып бойынша дискуссивті эссе жазу.<br>Мәтінді тыңдап, пікірлерді салыстыру, пікір қосу.<br>Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтау.<br>Мәтін бойынша сұрақтар әзірлеу, пікір алмасу.<br>сұхбат арқылы өз пікірін дәлелдеу.<br>Грамматика: мезгіл мәнді құрылым, -ғанда, -ған соң, кейін / уақытта/ шақта құрылымдары | 1. Мамандықты дұрыс таңдадыңыз ба?<br>2. Қабілет және мүмкіндік | "Мүмкіндік пен қажеттілікті ұштастырудың үлгілері" тақырыбында сұхбат жүргізу;<br>- өмір тәжірибелерінен мысал келтіру,<br>-әңгімелеу;<br>-қорытындылау. | 10 |
| 7 апта | | | | |
| | Мәтінді оқып, негізгі айғақтар мен детальдарды анықтау. 2. Пікір-эссе жазу<br>(2 абзацын жазу).<br>Сұхбатты тыңдап, пікірлерді негізгі идеялары бойынша салыстыру.<br>Ұсынылған тұжырым бойынша өз пікірін білдіру, аргумент құру әдістерін қолдану. | 1.Еңбек өнімділігі: сапа мен көлем<br>2. Жұмыс түрі және еңбекақы | "Құзыретті маман болудың негіздері" Ақпараттық-танымдық жоба жасау:<br>- Жоба тақырыбын, мақсат, міндеттерін анықтау;<br>-топқа бөлу, әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысты анықтау;<br>- зерттеу: ақпарат жинау,сұхбат, сауалнама жүргізу; | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Грамматика: етіс формаларының қолданысы | | - нәтиже шығару: талдау, жинақтау, қорытындылау;<br>- қорғауға ұсыну. | |
| Лексикалық тақырып: Табыс кілті - еңбекте | | | | |
| 8 апта | | | | |
| | Мәтінді оқып, идеяны анықтау.<br>Сұхбатты тыңдап, қолдау немесе қарсылық білдіру.<br>Ұсынылған тұжырымға өз пікірін білдіру, аргумент құру әдістерін қолдану.<br>Пікір-эссе жазу.<br>Грамматика: қалау мәнді құрылымдар: -са/-се деймін, ырықсыз етіс. | 1.Табысты болғыңыз келе ме?<br>2. Ақша және адамдар | "Ақшаның адам өміріндегі рөлі" дебат<br>- қарсы аргументтер ұсыну,<br>аргументтерді қолдану ;<br>- өз пікірін дәлелдеу , сілтеме жасау;<br>- шаршы топ алдында сөйлеу мәдениетін сақтау. | 10 |
| 9-апта | | | | |
| | Мәтінді толық түсіну, жаңа сөздерді анықтау, мәтінге сай ақпараттарды нақтылау.<br>Өз пікірін дәлелдеу, пікір алмасу.<br>Бірнеше дереккөзден алынған мәліметтерді оқып, қорытынды жасау.<br>Сауалнама қорытындысы бойынша талдау жазу.<br>Грамматика: есімше формаларының септелуі;<br>етістік +есімше жұрнақтары+табыс септік | 1.Отбасы бюджеті<br>2. Ақша жұмсай білесіз бе? | "Үнемшілдік пен ысырапшылдық" постер әзірлеу:<br>-ұсынылған пікірлермен танысу;<br>-тақырыпқа сәйкестігін анықтау;<br>- өз пікірін білдіру. | 10 |
| Лексикалық тақырып: Бос уақыт және саяхат | | | | |
| 10 апта | | | | |
| | Ұсынылған тұжырым бойынша өз пікірін білдіру, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | аргумент құру әдістерін қолдану. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап беру, маңызды ойға назар аудару. .Мәтінді оқып, ақпараттарды топтастыру. Үзіндіге түсіндірме жазу. Грамматика: есімше формаларының септелуі: етістік+есімше жұрнақтары+жатыс септік | 1. Бос уақытты өткізу мәдениеті<br>2. Есте қалған саяхат | Дөңгелек үстел: "Бос уақытыңызды тиімді қолданасыз ба?"<br>- бос уақытты өткізу мәдениеті туралы талдау жасау;<br>- пікір алмасу сұрақтарын әзірлеу;<br>- бос уақытты тиімді пайдалану жайлы пікір алмасу,<br>- пікірлерді тұжырымдау. | 10 |
| 11 апта | | | | |
| | Ақпараттың шынайылығын нақтылау. Мәтінде берілген ақпаратқа сыни талдау жасау. Айтылған ойға көзқарасын білдіру. мәселені шешу эссесін жазу. Грамматика: сөз тудырушы жұрнақтардың қолданысы | 1. Қазақстандық саяхатшыларды білесіз бе?<br>2. Қазақстан табиғаты жайлы шетелдіктердің көзқарасы | Эссе жазу: "Менің ең қызықты саяхатым"<br>- ақпараттарды жинақтау;<br>- ақпараттарға талдау жасау;<br>- аргументтерді салыстыру, жинақтау;<br>- эссенің бастапқы нұсқасын жазу. | 10 |
| 12 апта | | | | |
| | Мәселені шешу жолдарын ұсыну, пікір алмасу. Мәтінге сәйкес ақпараттарды нақтылау, ақпаратты толықтыру. Мәтінде берілген ақпаратқа сыни талдау жасау, өз көзқарасын білдіру. Мәселені шешу эссесін жазу. Грамматика: салыстыру мәнді құрылымдар: онымен | Қазақстандықтар қайда демалады?<br>2. Еліміздегі туризмнің даму деңгейі қандай? | Эссе:<br>- эссенің бастапқы нұсқасын редакциялау<br>- қайта қарау, толықтыру; | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | салыстарғанда, оған қарағанда, гөрі | | - толық нұсқасын ұсыну. | |
| Лексикалық тақырып: Жаңалықтар | | | | |
| 13 апта | | | | |
| | Өз пікірін дәлелді беру, пікір алмасу. мәтінді толық түсіну, Жаңа сөздерді анықтау, сұрақтарға жауап жазу. Бірнеше дереккөзден алынған мәліметтерді оқып, қорытынды жасау. Суреттеу эссесін жазу. Грамматика: болжам мәнді құрылымдар: -уы мүмкін; -уы ықтимал; -атын/-етін шығар | Жаңалықтарды қайдан білесіз? 2. Ауа райының өзгеруі жайлы жаңалықтар | Ақпараттық-танымдық жоба жасау: "Мені таңғалдырған жаңалық" - жоба мақсат, міндеттерін анықтау ; -топқа бөліну, әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысты анықтау; - зерттеу: ақпарат жинау,сұхбат, сауалнама жүргізу; - нәтиже шығару: талдау, жинақтау, қорытындылау; - қорғауға ұсыну. | 10 |
| 14 апта | | | | |
| | Белгілі бір жаңалыққа байланысты өз көзқарасын жазу. Өз пікірін дәлелдеу, пікір алмасу. Мәтінді толық түсіну, жаңа сөздерді анықтау, ақпараттарды топтастыру. Бірнеше дереккөзден алынған мәліметтерді оқып, қорытынды жасау. Грамматика: көсемшенің қимыл-сын пысықтауыштық қызметі | 1. Мәдени жаңалықтар 2. Спорт жаңалықтары | "Тамаша жеңістер" түсіндірме ( комментарий) жасау - ақпаратты таңдау; - таңдау себебін көрсету; - көзқарасын білдіру ; - қорытындылау. | 10 |
| 15 апта | | | | |
| | Естіген жаңалықтарға түсіндірме ( комментарий) жазу. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Өз пікірін дәлелді беру, пікір алмасу. мәтінді толық түсіну; Жаңа сөздерді анықтау, сұрақтарға жауап беру. Бірнеше дереккөзден алынған мәліметтерді оқып, қорытынды жасау. Грамматика: қимылдың өту сипаты: іс-әрекеттің басталуын білдіру, басталуға жақын тұрғандығын білдіру (жаза бастады, басталғалы жатыр) іс-әрекеттің толық аяқталу мағынасының берілуі: -п шық, -п бітір, -п қой | 1. Экономика және өндіріс жаңалықтары<br>2. Қоғамдық саяси жаңалықтар | Интервью жүргізу: "Табиғи таза өнімдер"<br>- интервьюдің мақсатын анықтау;<br>- интервью нысанына сәйкес сұрақтар әзірлеу;<br>- интервью берушіні анықтау және келісу ;<br>- интервью жүргізу;<br>- бейнематериалдар әзірлеу;<br>- интервью бойынша түйіндеме жасау;<br>- қорғауға ұсыну. | 10 |
| Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 300 академиялық сағат | | | | |

## Ортадан жоғары деңгей (B2-1)

| № | Пәннің мазмұны | Семинар (практикалық) сабақтардың тақырыбы | Студенттің өздік жұмыс тақырыптары | Сағат саны |
|---|---|---|---|---|
| Лексикалық тақырып: Отбасы – шағын мемлекет | | | | |
| 1 апта | | | | |
| | Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, сөйлемді толықтыру; ақпаратты (кесте/сызба арқылы) сипаттау. Мәтіндегі негізгі ойды анықтау; мәтін ақпаратына сыни талдау жасау. "Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер" - эссе жазу. | 1. Отбасындағы қарым-қатынас<br>2. Отбасындағы әкенің рөлі | "Біз қонақты қалай күтеміз?" пікір алысу.<br>Әр халықтың қонақ күту дәстүрі" тақырыбына мәлімет жинау, | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Грамматика: зат есім тудырушы -лық, -шы, -гер жұрнақтары, болып келеді, деп саналады құрылымдары | | ақпараттық презентация дайындау. | |
| 2 апта | | | | |
| | Мәтінді оқу, түйінді ой қорыту, баға беру.<br>Мәтін бойынша өз көзқарасын білдіру, пікірлерді салыстыру, дәлелдеу және қорытындылау.<br>Суреттеу эссесін жазу. | 1. Ұлттық танымдағы қара шаңырақ туралы түсінік<br>2. Қандай отбасын құрғыңыз келеді? | "Үйлену оңай, үй болу қиын" - монолог құрастыру | 10 |
| 3 апта | | | | |
| | Мәтін бойынша пікір білдіру, мазмұндау.<br>Ақпараттың шынайылығын нақтылау.<br>Мәтінді оқып, түйінді ой қорыту, басқалардың пікіріне баға беру; өз пікірін білдіру, дәлелдеу, пікір алмасу.<br>Дискуссивті (мәселені шешу жолдары) эссе жазу.<br>Грамматика: себеп-салдар мәнді құрылым, сондықтан, сол себепті, өйткені жалғаулықтары | 1. Студенттік отбасы<br>2. Жас отбасының келіспеушілігі: себептері мен алдын алу | "Жас отбасыларға қандай көмек көрсетілуде?" пікір алысу.<br>-тақырып бойынша зерттеу жүргізу;<br>-зерттеу қорытындысын статистикалық дәлелдемелермен ұсыну. | 10 |
| Лексикалық тақырып: Табысқа барар жол | | | | |
| 4 апта | | | | |
| | Тыңдаған материалдан қажетті ақпаратты іріктеп алу, мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Тақырып бойынша ақпаратты анықтау, болжам жасау, өз ойын айтып, сараптама жасау.<br>Мәтінді оқып шығып,сыни тұрғыда баға беру; мәтін бойынша проблемалық эссе жазу.<br>Грамматика: болжалды сан есім+ ға/ге жуық, сан есім +(-даған, -дап); етістік+уға тура кел құрылымы | 1.Еңбек нарығы дегеніміз не?<br>2. Сұранысқа ие мамандықтар | "Біздің түлектеріміз қайда жұмыс істеп жүр?"<br>"Жоғары білім беру жүйесіне реформа жүргізу керек пе?" тақырыптарына дөңгелек үстел өткізу. | 10 |
| 5 апта | | | | |
| | Мәтін бойынша жоспар құру, мәтіннің бір бөлімін тыңдап, болжау жасау, ақпаратты анықтау; кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау .<br>Мәтінге ауызша шолу жасау; ақпараттың/ объектінің кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу.<br>Грамматика:үстеу тудырушы -лай, -лей, -ша, -ше жұрнақтары, мақсат үстеулері | 1. Жұмыс беруші талаптары<br>2. Бәскеге қабілеттілік | Табысты адамдар туралы ақпарат жинау, табыс формуласын саралап шығару: портфолио дайындау. | 10 |
| 6 апта | | | | |
| | Тыңдалым материалындағы негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау және оған өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан бағалай білу.<br>Мәтінді оқып, дұрыс, бұрыс | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жауаптардың тұсына белгісін қою , астарлы ойды анықтау; ақпаратты өңдеп, пікірге қатысты үндеу хат жазу.<br>Грамматика:етістік+атын болу, етістік+пай қоймау құрылымы, туынды етістік жасаушы жұрнақтар | 1.Жұмыссыздық және жастар | "Білімді ұрпақ – болашағымыз" тақырыбына презентация дайындау. | 10 |
| Лексикалық тақырып: Жастар мәселесі | | | | |
| 7 апта | | | | |
| | Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, кесте толтыру; өзекті мәселелер бойынша өз пікірін білдіру, дәлелдеу және қорытындылау .<br>Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтау, автордың келтірген дәлелдерін жүйелеу.<br>Мәтін ақпаратына сыни талдау жасау; пікір-эссе жазу.<br>Грамматика: деп біледі, деп атап өтті құрылымдары, себеп үстеулері, табыс септігіндегі есімше | 1.Жаңа әлемдегі жастар келбеті<br>2. Ұлтқа қызмет ету | "Мен жастарға сенемін" ( М.Жұмабаев)<br>- өлеңді мәнерлеп оқу, жаттап алу;<br>- өлең мазмұнындағы фразеологизмдердің мағынасын ашу;<br>- "Жас болу оңай ма ?" тақырыбына пікірталасқа дайындалу, қатысу. | 10 |
| 8 апта | | | | |
| | Тыңдалған сюжет бойынша өз пікірін білдіру. Ақпараттың шынайылығын нақтылау.<br>Мәтін мазмұны бойынша түйінді ой қорыту, басқалардың пікірі мен көзқарасына салыстырмалы баға | 1.Жастар арасындағы девианттық мінез-құлық | "Ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгілері" | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | беру; ақпаратты ( кесте/ сызба арқылы ) сипаттау.<br>Бейнекөрініс материалдарын қолдана отырып, автор көзқарасына сыни пікір жазу.<br>Грамматика: қарсылықты мәнді құрылым, бірақ, дегенмен, әйтсе де, сөйтсе де, алайда жалғаулықтары | 2.Жастарға идеал керек пе?<br>3. Жастардың байлық туралы көзақарасы | тақырыбына ақпараттық презентация дайындау. | 10 |
| Лексикалық тақырып: Білім – болашақ баспалдағы | | | | |
| 9 апта | | | | |
| | Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру және пікір білдіру; сұхбат барысында пікірлерді салыстыра отырып, ойын жүйелі жеткізу.<br>Мәтінді оқып, негізгі айғақтар мен детальдарды анықтау.<br>Ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (кесте, сызба түрінде) құрастыру.<br>Грамматика: ашық рай+дейді моделі, барыс септігіндегі есімше | 1.Білімді жастар – болашақтың тірегі<br>2. Білім және бәсеке | "Үш тілді білу – заман талабы".<br>Берілген тақырып бойынша БАҚ мәліметтеріне шолу жасау, эссе жазу. | 10 |
| 10 апта | | | | |
| | Тыңдалған мәтіндегі әлеуметтік өзекті мәселелерді талдау, шешімін табу, болжау; нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру.<br>Сұхбаттың мазмұнын түсіну, | | "Қазақ жастары неге шетелден білім алуға құштар?" | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сұхбат барысында өз пікірін басқа пікірлермен салыстыра отырып, ойын жүйелі жеткізу. Аргументативті эссе жазу Грамматика: ашық рай +дейсің құрылымы, шығыс септігіндегі есімше, етістік+қысы бар/ келген ойы/ниеті/ тілегі бар - фразеологиялық құрылымы | 1. Шетелдерде оқып жүр талай қазақ баласы 2. "Болашақ" бағдарламасының түлегімен сұхбат 3. Білім адам өмірін жақсартуы керек | - студенттер арасында сауалнама жүргізу; - тақырып бойынша зерттеу жасау; - зерттеу қорытындысын статистикалық дәлелдемелермен ұсыну. | 10 |
| Лексикалық тақырып: Дүниетаным | | | | |
| 11 апта | | | | |
| | Тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру, негізгі ойды анықтау; көтерілген мәселені талқылау, сыни пікір айту, өз көзқарасын дәлелдеу. Нақты ақпараттарды табу. Дәлелді мәтіндер жазу. Грамматика: жатыс септігіндегі есімше, зат есім жасаушы күрделі жұрнақтар; етістік+а ал мүмкіндік құрылымы | 1.Әлемге түркілік көзқарас 2. Ұлттық ділге тән тұрақтылық пен өзгермелілік | "Шығыс кереметінің құпиясы неде?" Оңтүстік-шығыс Азия, Жапония, Оңтүстік Корея мемлекеттерінің дамуындағы ұлттық ділдің қызметі. Топтық жұмыс, ақпараттық-ғылыми сараптамалық талдау жасау, қорытынды тұжырымдарды ұсыну. | 10 |
| 12 апта | | | | |
| | Мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау; ойын тұжырымдап, нақты жеткізу; астарлы ойды анықтау, шығарма кейіпкерлерін салыстыра білу. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды | 1 Театр мәдениеті. 2.Қазіргі қазақ киноиндустриясы деңгейі | "Театр болашағы бар/ жоқ", "Актер болу дарындылық па, әлде ақша табудың оңай жолы ма?" | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру.<br>Грамматика: ауыспалы өткен шақ , сұраулық шылау, есімшенің болымсыз түрі | 3. Нағыз өнер туындылары уақыт талғамайды | американдық форматтағы (АПФ) дебатқа қатысу. | |
| Лексикалық тақырып: Цифрлық Қазақстан: ақпарат және технология | | | | |
| 13 апта | | | | |
| | Мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу; шешім шығару, қорытынды пікір жасау.<br>Ақпаратты өз қажетіне қарай нақтылау; өз ойын сыни тұрғыда дәлелдеу.<br>Грамматика: етістік +ып біт, таста құрылымы, қимыл-сын үстеуі | 1.Ақпараттар кеңістігі<br>2.Ақпараттық мәдениет | "Мен блогермін", "Қазақша интернет контентті байытудың жолдары", "Жастар арасындағы танымал блогерлер" , "Вайнер: жастарға не берді?" тақырыптарының бірін таңдау, ақпараттық сараптамалық талдау мақаласын жазу. | 10 |
| 14 апта | | | | |
| | Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау.<br>Белгілі бір тақырыпқа қатысты ойын білдіру, дәлелмен сөйлей білу.<br>Мәтіндегі мағлұматтар арқылы мәтіннің жалпы мағынасын түсіну; қорытынды шешім шығару, тақырыпты аша білу , өз көзқарасын дәлелдеу.<br>Грамматика: етістік +а/е/-й келеді, бер, жүр құрылымы | 1. Цифрлық технология – заман талабы<br>2. Цифрлық технология - халықтың өмір сүру сапасын арттыру | "Электронды сауда" ,<br>"Электронды қызмет көрсету порталдары" тақырыптарында ақпарат жинау, талдау жасау қоғамның сұранысын бағалау (презентация дайындау). | 10 |
| 15 апта | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Тыңдаған мәтін бойынша сұрақтар қою;салыстырмалы талдау жасау, мазмұндау. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата білу, зерттеп оқу; кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазу. Грамматика: салыстырмалы мәнді құрылым қандай/сондай, қалай/ солай, секілді, сияқты, формаларының қызметтері | 1. Smart оқыту - білім берудің жаңа парадигмасы | "Smart технологиялардың мүмкіндіктері" тақырыбына ақпараттық презентация дайындау. | 10 |
| Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 300 академиялық сағат | | | | |

## Жоғары деңгей (B2-2)

| | Пәннің мазмұны | Семинар (практикалық) сабақтар тақырыптары | Білім алушылардың өздік жұмыстарының тақырыптары | Сағат саны |
|---|---|---|---|---|
| Лексикалық тақырып: Ұлттық мүдде және нарық | | | | |
| 1 апта | | | | |
| | Тыңдалған мәтіндегі фразалар мен дәйексөздердің мағынасын аша білу, тақырып бойынша көтерілген мәселені талқылау, болжау, пікір айту. Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мазмұнды мәтіндер құрастыру. Мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау. Мәтіндердің жанрлық және стильдік | 1.Ұлттық бренд<br>2.Әлемдегі экономикалық кереметтер | "Қазақстанның имиджін қалыптастыратын ұлттық бренд деп қандай өнім/қызмет түрін атай аласыз?" БАҚ материалдарын жинау, әлеуметтік, экономикалық негіздерін анықтау, аналитикалық шолу жасау (бейнебаяндар, суреттік көріністер, | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу. Грамматика: ыңғайлас, себеп-салдар, қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер (қайталау) | | трек кестелер қолдану). | |
| 2 апта | | | | |
| | Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау. Коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу. Ғылыми стильде ( аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. Грамматика: түсіндірмелі салалас құрмаластың жасалуын білу:қандай/сондай, қалай/солай, соншалық/соншама | 1. Өнім сапасын анықтайтын халықаралық стандарт талаптары 2.Сұраныс пен ұсыныс | "Сіз кәсіпкер ретінде тұтынушылар сұранысын қалай арттырар едіңіз?" тақырып бойынша термин сөздерді қолдана отырып, сауалнама жүргізу. Нәтижесін презентация ретінде ұсыну. | 10 |
| Лексикалық тақырып: Заң және заман | | | | |
| 3 апта | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну.<br>Коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу.<br>Сараптамалық талдау мақалаларымен танысу, талдау.<br>Жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу.<br>Грамматика: ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану | 1.Ата заң – еліміздің тірегі, тәуелсіздігіміздің тұғыры<br>2.Мен заңды қаншалықты жақсы білемін? | "Жеті жарғы" қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарының жинағымен танысып, оны қазіргі Ата заңымызға сәйкестігін салыстыру, саралау, тұжырым жасау, дөңгелек үстел өткізу. | 10 |
| 4 апта | | | | |
| | Көтерілген ( тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру.<br>Шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты " автордың ойын" бағалау.<br>Мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау. | 1.Адамның және азаматтың конституциялық мәртебесі (азаматтың және адамның | "Жастардың құқықтары сақтала ма?" тақырыбы бойынша сараптамалық-таны мдық талдау жасау, пікір алмасу, | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу.<br>Грамматика: шартты, қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер | бостандықтары мен құқықтары) | сауалнама жауаптарын ортаға салып, пікірталас өткізу. | |
| Лексикалық тақырып: Басқару (менеджмент) | | | | |
| 5 апта | | | | |
| | Мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау.<br>Сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу.<br>Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру.<br>Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу; сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.<br>Грамматика: себеп-салдар, мезгіл бағыныңқы құрмалас сөйлемдер | 1.Менеджменттің негізгі бағыттары мен Қазақстандағы менеджмент<br>2.Тиімді менеджмент – табыс кепілі | Жастар саясатының аясында іске асатын - "Менеджмент жобасы", "Болашақ басқарушылар" атты негізгі бағдарламалармен таныса отырып, өз жобасын құрастырып, презентация жасау. | 10 |
| 6 апта | | | | |
| | Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сыни көзқарасын білдіру. Кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау. Мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу. Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. Грамматика: мақсат бағыныңқы құрмалас сөйлемдер | 1. Басшылық жасау және көшбасшылық 2. Жастар арасындағы көшбасшылық | "Жастар және көшбасшылық" тақырыбында мәтін желісіндегі сөздік қорды пайдалана отырып, жоспар құрып пікір-эссе жазу. | 10 |
| Лексикалық тақырып: Экотуризм | | | | |
| 7 апта | | | | |
| | Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру. Сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу. | | "Табиғат қамқорлық күтеді" тақырыбы бойынша | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру. Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, тезис жазу; тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу. Грамматика: мәтіндердің стиль, жанрлық белгілері | 1.Экологиялық мәдениет 2.Қазақстандағы экотуризмнің дамуы | студенттер арасында, интернет форумдарында көтерілгенэкология лық мәселелерді атау, шешу жолдарын ұсыну. Рөлдік дөңгелек үстел өткізу ( климатолог, эколог, дәрігер, тілшілер, министрлер). | 10 |
| 8 апта | | | | |
| | Тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау; әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну. Коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу; сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу. | 1.Қазақстандағы экотуризм | "Қазақстанның ұлттық парктерінде туризмді дамыту" | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау; мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру. Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу; тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу. Грамматика: ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін сөйлемдер | дамуындағы ұлттық парктің рөлі 2.Мемлекеттік табиғи қорықтарды экологиялық туризм мақсатында қолдану туралы пікірлер | тақырыбы бойынша мәселенің себептерін атау, шешу жолдарын ұсыну, жарнама жасау. ( мультимедиалық презентация ретінде ұсыну). | 10 |
| 9 апта | | | | |
| | Тыңдалған мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылау және тақырып бойынша көтерілетін мәселені болжау. Орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген ( тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрастыру. Коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу. Ғылыми стильде ( аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау. Мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру. Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір , интервью жазу; Тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер); сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. Грамматика: жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес | 1.Шетелдік туристердің Қазақстан жеріне қызығушылығы<br>2.Қазақстандағы туристік нысандар | Туристік қызметтерде қазақстандық және шетелдік азаматтардың сұраныстарын қамтамасыз ету үшін не істеу керек деп ойлайсыз? Ойталқы, тың идеялар, пікірталас жүргізе отырып, | 10 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру | | дөңгелек үстел сценарийін құрастыру, өткізу. | |
| Лексикалық тақырып: Білім. Ғылым. Жаһандану | | | | |
| 10 апта | | | | |
| | Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру.<br>Сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу.<br>Публицистикалық мақалалармен танысу, оқу, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру.<br>Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу.<br>Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу. Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.<br>Грамматика: жазба жұмыстарында ( шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) | 1.Мамандығым – менің болашағым<br>2. Сұранысқа ие мамандықтарды таңдау және адамның жеке қабілетін дамыту мәселесі | "Жұмыссыз қалсаңыз, не істейсіз?"<br>тақырып бойынша сауалнама жүргізу;<br>Нәтижесін пікірталас, дөңгелек | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру | | үстел ұйымдастыруды ұсыну. | |
| 11 апта | | | | |
| | Тыңдалған мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып бойынша көтерілген мәселені болжау, пікір білдіру. Әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну. Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрастыру. Коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу. Кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау . Ғылыми стильде ( аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден | 1. ҚР Жоғары білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар<br>2.Ғылым мен бизнес бәсекелестер ме, одақтастар ма? | "Қосымша мамандық алудың сапасы мен пайдасы " тақырыбы бойынша сауалнама сұрақтарын құрастыру, интернет қолданушылар | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру.<br>Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу.<br>Жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу.<br>Грамматика: жазба жұмыстарында ( шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру | | арасында сауалнама жүргізу, қорытынды жасау, ұсыныс беру. | |
| 12 апта | | | | |
| | Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау.<br>Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру.<br>Коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс таңдай білу.<br>Кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау .<br>Ғылыми стильде ( аннотация, пікір, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау. Мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру. Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу. Тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу.Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану. Грамматика: жазба жұмыстарында ( шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру | 1. Әлем елдеріндегі білім беру жүйесі 2. Жаһанданудың қазақстандық білім және ғылым саласына әсері | "Әлемге танымал жоғары оқу орындарында білім беру жүйесі" тақырыбы бойынша зерттеу жобасын ұсыну. Нәтижесін презентация ретінде ұсыну. | 10 |
| Лексикалық тақырып: Академиялық ортадағы жазба дағдылары | | | | |
| 13 апта | | | | |
| | Қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы публицистикалық жанрда жазылатын шығарма түрі мақала жайында түсініктемелерді толыққанды түсіне білу. Академиялық жазба дағдылары оның ішінде мақаланың | | 1.Жаһандану және ұлт мәселесі" тақырыбы бойынша А.Айталы, О.Сәбден, Ғ.Есім және т.б. әлеуметтанушы | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрылымын және жазылу дағдысын анықтау. Әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында жазылған дайын мақаланың мазмұнын түсіну. Берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған дайын мақалалармен таныса отырып, түсінгендерін ортаға салып, ой бөлісу, саралау, талдау. Сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу. Дайын берілген мақаладағы ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау. Дайын мақаланың жазылу стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау. Мақала құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу. Жазба жұмыстарында ғылыми стиль ерекшеліктерін және тілдік | 1.Мақала және оның түрлері 2 . Проблемалық-сараптамалық мақала және оның құрылымы | ғалымдардың мақалаларымен танысу;талдау, анықтау. 2."Сіз еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықты таңдай алдыңыз ба?" 3. "Грант – бұл жағдайдан шығудың құралы ма, әлде болашақ үшін жасалған үлкен қателік пе?" тақырыбына материалдар жинақтау және сауалнамаға сұрақтар құрастыру. Интернет желісін қолданушылар арасында сауалнама жүргізу, сұхбат, интервью жүргізу; | 10 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бірліктердің қолдану аясына көңіл бөлу.<br>Грамматика: жазба жұмыстарында ( шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру | | нәтижесін 1-2 беттік сараптамалық талдау ұсыну. | |
| 14 апта | | | | |
| | Тыңдалатын алдына қойған мақсатқа жету үшін дәрісті тыңдау, тыңдағанын түсініп, қабылдау және өзіне қажетті мәліметті конспектілеу сияқты құзыреттілігін кешенді дамыту.<br>Семинарлар мен іскери кездесулерге қатысып, академиялық және кәсіби бағыттағы тақырыптарда презентация немесе баяндама жасау, пайымдау, пікірталастарда өз ойын ортаға салу сияқты құзыреттіліктерін кешенді дамыту.<br>Іздеп оқу, ішінара қарап шығып оқу және мұқият оқу, оқығанын сыни ой елегінен өткізу; шолу, түйіндеме жазу үшін қазақ тіліндегі әдебиеттерді оқып, олардың ішінен өзіне қажетті ақпаратты табу, оған оны қабылдау және өзіне қажетті мәліметті | 1.Конспект және оның түрлері<br>2.Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді конспектілеу жолдары | 1."Сіз еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықты таңдай алдыңыз ба?"<br>2."Грант – бұл жағдайдан шығудың құралы ма , әлде болашақ үшін жасалған үлкен қателік пе?" тақырыбына "Еркін конспектілеуді" басшылыққа ала отырып, жинаған материалдарды конспектілеу; проблемалық-сараптамалық | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | конспектілеу сияқты білігі мен дағдысын дамытуға бағыттау.<br>Ойын жинақтап жаза білу, мәтін құрастыру, академиялық, баяндама, мақала жаза білу сияқты академиялық жазба тілдік білігі мен дағдысын дамытуға бағыттау.<br>Грамматика: жазба жұмыстарында ( шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру | | мақала жазып ұсыну. | |
| 15 апта | | | | |
| | Тезис жазу алгоритмі және тезиске қойылатын талаптар туралы түсініктеме ақпарат алу және түсіну; әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну; мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау.<br>Сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, интервью немесе сұхбаттасу жүргізуде, полилогте сенімді сөйлеу;кесте, диаграмма, шартты | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау. Іздеп оқу, ішінара қарап шығып оқу және мұқият оқу, оқығанын сыни ой елегінен өткізу; шолу, түйіндеме жазу үшін қазақ тіліндегі әдебиеттерді оқып, олардың ішінен өзіне қажетті ақпаратты табу, оған оны қабылдау және өзіне қажетті мәліметті конспектілеу сияқты білігі мен дағдысын дамытуға бағыттау. Ойын жинақтап жаза білу, мәтін құрастыру, академиялық, баяндама, мақала жаза білу сияқты академиялық жазба тілдік білігі мен дағдысын дамытуға бағыттау. Грамматика: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру | 1.Тезис жазу алгоритмі 2.Тезиске қойылатын талаптар | "Сіз еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықты таңдай алдыңыз ба?" "Грант – бұл жағдайдан шығудың құралы ма, әлде болашақ үшін жасалған үлкен қателік пе?" тақырыбына жинаған материалды қолдана отырып, тезис жазу. | 10 |
| Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 300 академиялық сағат. | | | | |

## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

### Негізгі:

1. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы. – Астана, 2017. - 282 б.

2. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі. (B1 деңгейі) Оқулық. – Қарағанды, 2014. – 205 б.

3. Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж.. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017.

4. Бозбаева-Хунг А.Т., Балабеков А.К., Досмамбетова Г.Қ., Салыхова Б.О., Хазимова Ә.Ж. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана: 2017.

5. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі: қарапайым деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.

6. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Хазимова Ә.Ж., Салыхова Б.О. Қазақ тілі: базалық деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2016.

7. Ерназарова З.Ш., Тілешов Е.Е. және т.б. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ – Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.

8. Ерназарова З.Ш. Эссе түрлері. – Алматы, 2019. – 80 б.

9. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: орта деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.

10. Күзекова З.С., Байтелиева Ж.Д. Қазақ тілі: ортадан жоғары деңгейге арналған оқулық. – Астана, 2016.

11. Күзекова, З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы: оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 180 б.

12. Сатбекова А.А. Студенттердің қазақша тілін дамытуға арналған мәтіндер жинағы. Оқу құралы. – Алматы, 2013. – 112 б.

**Қосымша:**

1. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы:Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

3. Қарабаева Х.Ә. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 202 б.

4. Общеевропейские компетенции владения иностранным языком: изучение, обучение, оценка. – Страсбург, 2001. – 220 б.

5. Орфографиялық сөздік / Алтыншы басылым. Құраст.: Н. Уәли, Қ. Күдеринова, А. Фазылжанова, Ж.Исаева, Н. Әміржанова, А. Әмірбекова. – Алматы: "Дәуір" баспасы, 2013. – 720 б.

6. Онлайн ресурстар: kaz-tili.kz, www.sozdik.kz, www. soylem.kz, tilalemi.kz. emle.kz. terminkom.kz. atau.kz

7. Рамазанова Ш.Ә. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 222 б.

8. Салқынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж., Жұмағұлова А.Ж., Иманқұлова С.М., Рысбай Б.Қ. Қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
9. Сатбекова А.А. Жобалай оқыту технологиясы: ғылыми-ізденістік және қолданбалы-практикалық жобалар. – Алматы, 2016.– 291б.
10. Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы. Оқу құралы. – Алматы, 2013. – 210 б.
11. Салқынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж. Қазақ тілі. Қарапайым деңгей: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
12. Салқынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж. Қазақ тілі. Базалық деңгей: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
13. Салқынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж. Қазақ тілі. Орта деңгей:оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
14. Шаһарман Г.П. "Қазақ тілі" пәнінен өзге тілді студенттерге арналған грамматикалық кестелер албомы. Алматы, 2019.
15. Шаһарман Г.П. Қазақ тілі. Оқу құралы (Экономика мамандықтарына арналған) – Алматы, 2016 ж.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 603 бұйрығына
5-қосымша

**Жоғарғы және (немесе) жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған " Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" жалпы білім беру пәнінің типтік оқу жоспары**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 19.04.2023 № 171 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1 бөлім. Жалпы ережелер**

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" жалпы білім беру пәнінің типтік оқу жоспары (ары қарай-бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және пәннің мақсатын, міндетін, құрылымын, мазмұнын, оқыту әдістемесін және білім нәтижесін бағалауды анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.07.2023 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бағдарлама "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" (бұдан әрі - пән) жалпы білім беретін пәннің жаңартылған мазмұнын зерттеуге бағытталған, сандық глобализация дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін қалыптастыру, жаңа "сандық" ойлау, әртүрлі қызметтік салада заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.

3. Осы бағдарлама бойынша оқу ұзақтығы жоғары оқу орнының білім беру бағдарламасына сәйкес 150 академиялық сағат (5 кредит) құрайды.

**2 бөлім. Бағдарламаның мақсаты мен міндеті**

4. Бағдарламаның мақсаты ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім алушылар компьютердің архитектурасының, операциялық жүйелердің және желілердің тұжырымдамалық негіздерін меңгеру;

2) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары жайлы, желілік және веб қосымшаны құру тұжырымдамасы жайлы білімін қалыптастыру;

3) өзін-өзі дамыту және басқа мақсаттар үшін кәсіби қызметінің әртүрлі аймағында, ғылыми және практикалық жұмыстарында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын қалыптастыру.

6. Бағдарлама аяқталғаннан кейін білім алушының келесі оқу нәтижелері:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнынын, тағайындалуын түсіндіру;

2) ақпараттық және коммуникациялық процестерді енгізу тәсілдерін, ақпараттарды сақтау және өңдеу, жинау әдістерін түсіндіру;

3) негізгі компоненттер мен функцияларды, компьютерлік жүйелер мен желілер архитектурасын сипаттау;

4) ақпараттарды сақтау, тарату мен өңдеу, іздеуге арналған мобильдік және бұлтты қызметтерді, ақпараттық Интернет ресурстарды қолдану;

5) ақпаратты сақтау, өңдеу, жинау және жіберуге арналған компьютерлік желі мен жүйелердің аппараттық және программалық жабдықталуын қолдану;

6) ақпараттарды қорғау құрылғылары мен әдістерін таңдауды негіздеу және талдау;

7) сандық технология көмегімен әртүрлі қызметтік саласына арналған деректерді басқару және талдау құрылғыларын жасау;

8) заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы мамандық бойынша жобалық қызметкерлікті қалыптастыру.

**3 бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Бағдарлама мақсат пен міндеттерге шолудан, пәннің тақырыптық жоспарынан оқыту әдістерінен бағалау критерийлерінен, оқыту нәтижелерінен, пәннің пререквизиттарынан және постреквизиттарынан басталады.

8. Пәннің мазмұнынан, семинарлық (практикалық) және білім алушының өзіндік жұмысынан тұратын оқу жоспары бағдарламаның қосымшасында келтірілген.

9. Программаны жүзеге асыру процессінде қолданылатын оқытудың технологиялары және әдістері:

1) оқытушылар және студенттер жағынан оқуға рефлекстік тәсілге негізделген студентке орталықтандырылған оқыту;

2) интербелсенді дәріс (мәселелік дәріс, дискуссиялық дәріс, дәріс-конференция, дәрістік-кеңес беру, "баспасөз конференциясы" дәрісі, "Сұрақ-жауап-талқылау" дәрісі);

3) интербелсенді семинар ("Мәселені анықтау" семинары, "Мәселені шешу" семинары, "Мәселені шеше білу" семинары);

4) кейс-стади (нақты жағдайды талдау);

5) жобалау әдісі (өз тәжірибесін және құзыреттілігін дамыту және қайта құру);

10. Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешенінде қамтылатындар:

1. силлабус (жұмыс оқу жоспары);

2. білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған нұсқаулық, оның орындалу кестесі, оған әдістемелік нұсқау;

3. дәрістердің қысқаша мазмұны;

4. семинарлық (практикалық), зертханалық сабақтарға оқу материалдары;

5. пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасы;

6. пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы.

11. Білім алушылардың құзіреттілігін бағалау келесі талаптар бойынша жүзеге асырылады: жаңартылған бағдарлама мазмұнын түсінгенін көрсету, жаңа сөздерді игеру, алған білімін қолдана алу.

Жоғарғы және (немесе) жоғарғы
оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдары үшін "Ақпараттық-
коммуникациялық
технологиялар" пәнінің типтік
оқу жоспарына
Қосымша

**"Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" жоғарғы және (немесе) жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәнінің типтік оқу жоспарының мазмұны**

| № | Пәннің мазмұны | Лабораториялық ( практикалық) тақырыптар | Студенттің өзіндік жұмыстарының тақырыптары | Сағаттар саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 апта: Қоғам дамуының шешуші секторларында АКТ-дың рөлі. АКТ-дың стандарттары. | | | | |
| 1 | АКТ-дың анықтамасы. АКТ пәні және оның мақсаты. Қоғам дамуының шешуші секторларында АКТ-дың рөлі. АКТ-дың стандарттары. АКТ мен тұрақты дамудың мыңжылдық Декларациясындағы мақсаттарға жету арасындағы байланысатқаратын міндеттері. Әлемдік-тарихи процесстер мәнмәтініндегі Қазақстанның қазіргі заман тарихы. "ҚР тарихи сананың қалыптасу тұжырымдамасы". | Компьютерлік жүйенің өнімділігін есептеу: жылдамдығын, тиімділігін, қуат шығындарын, Амдаль заңы, CPU уақыты. | Компьютер құрылғыларының жұмысының блок-схемасын құру . 1-кезең. | 10 |
| 2 апта: Компьютерлік жүйелерге кіріспе. Компьютерлік жүйелердің архитектурасы | | | | |
| 2 | Компьютерлік жүйелерге шолу. Компьютерлік жүйелердің эволюциясы. Компьютерлік жүйелердің архитектурасы мен компоненттері. Компьютерлік жүйелерді қолдану. Деректердің компьютерлік жүйелерде бейнеленуі. | Операциялық жүйенің қасиеттерін анықтау. Файлдар және каталогтармен жұмыс. | Компьютер құрылғыларының жұмысының блок-схемасын құру . 2-кезең. | 10 |
| 3 апта: Программалық жасақтама. Операциялық жүйелер | | | | |
| | Программалық жасақтама. Программалық жасақтаманың түрлері, мақсаттары мен сипаттамалары. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Операциялық жүйелердің негізгі тұжырымдамасы, эволюциясы. Операциялық жүйелердің жіктелуі, оның ішінде мобильді құрылғылар үшін. Үстелдік қосымшалардың жіктелуі. | Web-сайтты " ыңғайлы қолдануды " әзірлеуге қойылатын талаптарды анықтау. | Кәсіптік ортада ( деректер қорын құру) деректерді құрылымдау, талдау және жинау. 1-кезең. | 10 | |
| 4 апта: Адам-компьютер өзара әрекеттестігі. | | | | | |
| 4 | Адам-компьютер өзара әрекеттестігінің құралы ретіндегі пайдаланушы интерфейсі. Интерфейстердің юзабилитиі. Интерфейстер түрлері: командалық жолдың интерфейсі, мәтіндік интерфейс, графикалық интерфейс. пайдаланушының жеке және ментальды сипаттамалары. Пайдаланушы интерфейсін өңдеу кезеңдері. Интерфейстерді тестілеу түрлері ( пайдаланушыларды тестілеу). Интерфейстер даму перспективалары. | Деректер қорының құрылымын әзірлеу, кестелер мен сұраныстарды құру. MySQL реляциялық деректер қорымен жұмыс. phpMyAdmin бағдарламасының көмегімен MySQL деректер қорын аднимистрациялау. Бір кестелі деректер қорымен жұмыс | Кәсіптік ортада ( деректер қорын құру) деректерді құрылымдау, талдау және жинау. 2-кезең. | 10 | |
| 5 апта: Деректер қорларының жүйелері | | | | | |
| | Деректер қорлары жүйелерінің негіздері: ұғымы, сипаттамасы, архитектурасы. Деректер моделі. Қалыпқа келтіру. Деректер тұтастығына шектеу. Сұраныстарды тиімділеу және | Дәрістік материалдардың, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | оларды өңдеу. SQL негіздері. Деректерді параллельді өңдеу және оларды қалпына келтіру. Деректер қорын жобалау және құру. ORM бағдарламалау технологиясы. Үлестірілген, параллельді және гетерогенді деректер базасы. | ғылыми баяндамалардың және т. б. презентацияларын жобалау және құру. | Административті ғимараттың желілік топологиясын сипаттау. 1-кезең. | 10 |
| 6 апта: Деректерді талдау. Деректерді басқару. | | | | |
| 6 | Деректерді талдау негіздері. Жинау, жіктеу және болжау әдістері. Шешімдер ағаштары. Үлкен көлемді деректерді өңдеу. Data Mining әдістері мен кезеңдері. Data Mining міндеттері. Деректерді визуализациялау. | Сандық ақпаратты өңдеу, кестелік редакторларда формулаларды өңдеу және диаграммаларды құру. | Административті ғимараттың желілік топологиясын сипаттау. 2-кезең. | 10 |
| 7 апта: Желілер және телекоммуникациялар | | | | |
| 7 | Соңғы құрылғылар, деректерді беру құрылғылары, деректерді беру ортасы. Желілердің түрлері. Стектік хаттамалар: TCP/IP, OSI. IP-адрестеу. Локальді және глобальді желілер. Сымды және сымсыз желілік технологиялар. DHCP хаттамасы. Интернет желісіне қосу технологияы. Телекоммуникациялық технологиялар. | Қарапайым желілік конфигурацияны құру. IP-адрестеу. Желі мониторингі. Трафикті талдау. Желілік пакеттерді талдау үшін снифферлерді пайдалану | Ақпаратты қорғаудың антивирустық жабдықтарына салыстырмалы талдау жүргізу. 1-кезең. | 10 |
| 8 апта: Киберқауіпсіздік | | | | |
| | Ақпараттық қауіпсіздіктің қатерлері және олардың жіктелуі. Киберқауіпсіздік | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | индустриясы. Киберқауіпсіздік және Интернетті басқару. Зиянды бағдарламалар. Ақпаратты қорғаудың шаралары мен құралдары. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы стандарттар мен спецификациялар. Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы реттеуші құқықтық қатынастар заңнамасы. Электрондық цифрлық қолтаңба. Шифрлау. | Кілттерді генерациялау үшін аппараттық-бағдарламалық құралдарды пайдалану. E-mail-мен хабарлар алмасу кезінде ЭЦҚ-ны және шифрлауды қолдану. Желілік трафиктің бақылауы мен фильтрациясы үшін компьютерлік желінің Firewall бағдарламалық элементін баптау. Әртүрлі антивирустық бағдарламалармен жұмыс | Ақпаратты қорғаудың антивирустық жабдықтарына салыстырмалы талдау жүргізу. 2-кезең. | 10 |
| 9 апта: Интернет технологиялар | | | | |
| 9 | Интернеттің негізгі ұғымдары. Әмбебап ресурстар идентификаторы (URI), оның тағайындалуы және құрамдас бөліктері. DNS қызметі. Web-технологиялар: HTTP, DHTML, CSS, JavaScript. Электрондық пошта. Хабарламаның форматы. SMTP, POP3, IMAP хаттамалары. | Серверден деректер алу. Web-қосымшаларда графикалық интерфейсті жобалау. Стильдерді құру. WordPress, Joomla сайт контентін басқару жүйелерімен жұмыс. Photoshop көпфункционалды графикалық редакторы мен CSS белгілеу тілі көмегімен сайттың дизайнын құру. Сайт жұмысы үшін алдын ала құрылған MySQL деректер қорын қолдану. | Мамандық профилі бойынша Интернеттен ақпараттар іздеу, деректерді өңдеу мен сақтауға арналған бұлттық қызметтерді қолдану. 1-кезең. | 10 |
| 10 апта: Бұлтты және мобильді технологиялар | | | | |
| | Дата орталықтар. Қазіргі инфрақұрылым | Google Docs және Microsoft Office Web Apps бұлтты сервистерімен | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | шешімдерінің даму үрдістері. Бұлтты есептеулер қағидаттары. Виртуалдау технологиясы. Бұлтты Web-қызметі. Мобильді технологиялардың негізгі терминдер мен тұжырымдамалары. Мобильді қызметтер. Мобильді технологиялар стандарттары. | танысу. Бұлтты сервистерімен жұмыс істеу үшін аккаунттарды құру. Файлдарды сақтаумен, ортақ қолжетімділікпен және өндеумен байланысты жұмыс режимдерін үйрену. Ақпаратқа қол жеткізу үшін мобильді технологиялар пайдалану. GPS навигаторлары. GSM сигнализациясы | Мамандық профилі бойынша Интернеттен ақпараттар іздеу, деректерді өңдеу мен сақтауға арналған бұлттық қызметтерді қолдану. 2-кезең. | 10 |
| 11 апта: Мультимедиялық технологиялар | | | | |
| 11 | Мәтіндік, аудио, бейне және графикалық ақпаратты сандық форматта ұсыну. Ақпаратты сығу үшін базалық технологиялар. Виртуалды әлемді 3-D ұсыну және анимация. Мультимедиялық қосымшаларды әзірлеу құрал-саймандары. Бизнес-процесстерді жоспарлау және сипаттау үшін мультимедиялық технологияларды пайдалану, олардың визуализациялау. | HyperCam, Adobe Premiere Pro, Windows Movie Maker және т. б. бағдарламаларын пайдалана отырып бейне-файлдарды жасау | Мультимедиялық технологиялар жабдықтарымен мамандық бойынша эмблема, видеороликтер және т.б. жасау. 1-кезең. | 10 |
| 12 апта: Smart технологиялар | | | | |
| 12 | Заттар интернеті. Үлкен көлемді деректер. Блок чейн технологиясы. Жасанды интеллект. Smart-қызметтерді пайдалану. АКТ-дағы жасыл технология. Телеконференциялар. Телемедицина | Smart-қосымшалармен жұмыс: Smart TV, Smart Hub және т. б. | Мультимедиялық технологиялар жабдықтарымен мамандық бойынша эмблема, видеороликтер және т.б. жасау. 2-кезең. | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13 апта: Е-технологиялар. Электронды бизнес. Электронды оқыту. Электронды үкімет | | | | |
| 13 | Электрондық бизнес: Электрондық бизнестің негізгі модельдері. Электрондық бизнестің ақпараттық инфрақұрылымы. Электрондық бизнестегі құқықтық реттеу. Электрондық оқыту : архитектурасы, құрамы және платформалары. Электрондық оқулықтар. Электрондық үкімет : тұжырымдамасы, архитектурасы, қызметтері. Дамыған елдерде электрондық үкіметті іске асырудың форматтары. | Электрондық үкіметтің сайтында қызметтермен жұмыс: http:// egov.kz/cms/ru/ government-services/ for_citizen: өтініштерді тіркеу, құжаттардың дубликаттарын беру және т. б. | Мамандық бойынша жобалық қызметкерліктің негізгі нәтижелерін көрсету және қорғау . 1-кезең. | 10 |
| 14 апта: Кәсіби саласындағы ақпараттық технологиялар. Индустриялық АКТ | | | | |
| 14 | Мамандандырылған кәсіби саланың міндеттерін шешудегі бағдарламалық жасақтама. Медицина, энергетика және т. б . кәсіби салаларындағы қазіргі заманғы АТ-трендтер. Кәсіптік мақсатта іздеу жүйелері мен электрондық ресурстарды пайдалану. Индустриялық ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қауіпсіздігі. | Moodle, eDX және т. б. қашықтықтан оқыту ортасында сабақтың құрылымы мен мазмұнын әзірлеу. | Мамандық бойынша жобалық қызметкерліктің негізгі нәтижелерін көрсету және қорғау . 2-кезең. | 10 |
| 15 апта: АКТ-ның даму перспективалары | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 15 | Ақпараттық технология саласындағы нарықтың даму перспективалары: еркін бағдарламалық жасақтаманы дамыту. Ақпараттық технология кәсіпкерлігінде экожүйені қалыптастыру және шағын стартап компанияларды қолдау. Акселерациялау және инкубациялау бағдарламалары. Электрондық төлемдер мен логистикада қажетті инфрақұрылымды дамыту. Е-технологиялардың даму перспективалары. | Кәсіби салада қолданбалы бағдарламаларды орнату және пайдалану. Ғылыми және техникалық есептеулерге арналған Matlab ортасында жұмыс. Қолданбалы есептер шешу үшін Matlab кеңейтілімі пакеттерімен жұмыс | Тапсырмаларды және СӨЖ қабылдау | 10 |
| Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат<br>Барлығы:150 академиялық сағат | | | | |

| № | Content of the discipline | Topics of laboratory ( practical) classes | Topics of independent work of students | Number of hours |
|---|---|---|---|---|
| Week 1: An ICT role in key sectors of development of society. Standards in the field of ICT | | | | |
| 1 | Definition of ICT. Subject ICT and its purposes. An ICT role in key sectors of development of society. Communication between ICT and achievement of the objectives of a sustainable development in the Millennium Declaration. Standards in the field of ICT. | Calculation of metrics of productivity of computer system: speed, efficiency, energy costs, Amdahl's law, CPU time. | Development of flowcharts of computer devices. Stage 1. | 10 |
| Week 2: Introduction to computer systems. Architecture of computer systems | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 | Review of computer systems. Evolution of computer systems. Architecture and components of computer systems. Use of computer systems. Data representation in computer systems. | 1.Determination of properties of an operating system. Operation with files and directories. | Development of flowcharts of computer devices. Stage 2 | 10 |
| Week 3: Software. Operating systems | | | | |
| 3 | Software. Types of the software, purpose and characteristic. Basic concepts of OS . Evolution of operating systems. Classification of operating systems, including for mobile devices. Classification of desktop applications. | Determination of requirements to development " convenient in application" the website. | Collecting, the analysis and structurization of data in the professional environment ( development of the database).<br>Stage 1. | 10 |
| Week 4: Human-computer interaction | | | | |
| 4 | User interface as means of human-computer interaction. Usability of interfaces. Types of interfaces: command line interface, text interface, graphic interface. Physical and mental characteristics of the user. Development stages of the user interface. Types of testing of interfaces ( testing of users). Perspectives of development of interfaces. | Development of database structure, creation of tables and requests. Working with a MySQL relational database. MySQL database administration using phpMyAdmin. Working with a single-table database. | Collecting, the analysis and structurization of data in the professional environment ( development of the database).<br>Stage 2. | 10 |
| Week 5: Database systems | | | | |
| | Bases of database systems: concept, characteristic, architecture. Data models. Normalization. Integrity constraint | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | on data. Query tuning and their processing. Fundamentals of SQL. Parallel processing of data and their restoration. Design and development of databases. Technology of programming of ORM. The distributed, parallel and heterogeneous databases. | Design and creation of the presentations of lecture material, scientific reports, etc. | Description of network topology of the office building. Stage 1. | 10 |
| Week 6: Data analysis. Data management | | | | |
| 6 | Basics of Data Analysis. Methods of collection, classification and prediction. Decision trees. Processing of large volumes of data . Methods and stages of Data mining. Tasks Data mining. Visualization of data. | Processing of numerical information, editing formulas and creation of charts in spreadsheet editors. | Description of network topology of the office building. Stage 2. | 10 |
| Week 7: Networks and telecommunications | | | | |
| 7 | End devices, data transfer devices, transmission medium . Types of networks. Stack protocols: TCP /IP, OSI. IP addressing. Local and wide area networks. Wire and wireless network technologies . DHCP protocol. Technologies of connection to the Internet. Telecommunication technologies. | Creation of a simple network configuration. IP addressing. Monitoring of a network. Analysis of traffic. Use of sniffers for the analysis of network packets. | Comparative analysis of anti-virus means of information protection. Stage 1. | 10 |
| Week 8: Cybersecurity | | | | |
| | Security risks of information and their classification. Industry of cybersecurity. Cybersecurity and control of the Internet | Use of hardware and software for key generation. Application of the | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | . Malicious applications. Measures and means of information protection. Standards and specifications in information security field. The acts of the Republic of Kazakhstan governing legal relations in the sphere of information security. Electronic digital signature. Encryption. | EDS and encoding in case of message exchange by E-mail. Settings of the Firewall program element of the computer network for network traffic monitoring and filtering. Working with the various antivirus programs. | Comparative analysis of anti-virus means of information protection. Stage 2. | 10 |
| Week 9: Internet technologies | | | | |
| 9 | Basic Internet concepts. The Uniform Resource Identifier (URI), its assignment and components. DNS service. Web technologies: HTTP, DHTML, CSS, and JavaScript. E-mail. Message format. SMTP, POP3, IMAP protocols. | Data acquisition from the server. Working with WordPress and Joomla web content management systems. Development a website design using Photoshop multifunctional graphic editor and CSS style sheet language. Using of the previously developed MySQL database for the work of the website. | Information search in a specialty profile on the Internet, use of cloud services for storage and data processing. Stage 1. | 10 |
| Week 10: Cloud and mobile technologies | | | | |
| 10 | Data centers. Tendencies of development of the modern infrastructure decisions. Principles of cloud computing. Technologies of virtualization. Web service in the Cloud. Main terms and concepts of mobile technologies. Mobile services. Standards of mobile technologies. | Introduction to Google Docs and Microsoft Office Web Apps cloud services. Creation accounts to work with cloud services. Study of operation modes associated with file storage, sharing and processing. Use of mobile technologies for receiving an information access. GPS navigators. GSM a signalling. | Information search in a specialty profile on the Internet, use of cloud services for storage and data processing. Stage 2. | 10 |
| Week 11: Multimedia technologies | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | Representation text, audio, video and graphical information in a digital format. Basic technologies for compression of information. 3-D representations of the virtual world and animation. Instruments of development of multimedia applications. Use of multimedia technologies for planning, descriptions of business processes and their visualization. | Creation of video files with use of programs: HyperCam , Adobe Premiere Pro , Windows Movie Maker, etc. | Creation of an emblem, the video and other materials on a specialty profile means of multimedia technologies. Stage 1. | 10 |
| Week 12: Smart technology | | | | |
| 12 | Internet of things. Big data. Technology Block Chain. Artificial intelligence . Use of Smart-services. Green technologies in ICT. Teleconferences . Telemedicine. | Operation with Smart-applications: Smart TV, Smart Hub, etc. | Creation of an emblem, the video and other materials on a specialty profile means of multimedia technologies. Stage 2. | 10 |
| Week 13: E-technologies. Electronic business. Electronic training. Electronic government | | | | |
| 13 | Electronic business: Main models of electronic business. Information infrastructure of electronic business. Legal regulation in electronic business. Electronic training: architecture, structure and platforms. Electronic textbooks. Electronic government: concept, architecture, services. Formats of implementation of the electronic government in developed countries. | Operation with services on the website of the electronic government http://egov.kz/cms/ru/government-services/for_citizen: registration of requests, obtaining counterparts of documents, etc. | Presentation and protection of the main results of design activity in the specialty.<br>Stage 1. | 10 |
| Week 14: Information technologies in the professional sphere. Industrial ICT | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 14 | The software for the solution of tasks of the specialized professional sphere. Modern IT trends in the professional sphere: medicine, power, etc. Use of search engines and electronic resources in the professional purposes. Safety issues in industrial information and communication technologies. | Development of structure and the maintenance of a lesson in the environment of remote learning: Moodle, eDX, etc. | Presentation and protection of the main results of design activity in the specialty.<br>Stage 2. | 10 |
| Week 15: Prospects of development of ICT | | | | |
| 15 | Prospects of development in the sphere of the IT market: development of the free software. Forming of an ecosystem of IT of entrepreneurship and support small startup of the companies. Programs of acceleration and incubation. Development of necessary infrastructure of electronic payments and logistics. Prospects of development of E-technologies. | Installation and use of application programs in the professional sphere. Working in the Matlab environment for scientific and technical computing. Working with the Matlab toolboxes for applied problem solving. | Defense of the independent study of students. | 10 |
| Note: 1 academic credit = 30 academic hours<br>Total: 150 academic hours | | | | |

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 603 бұйрығына
6-қосымша

## Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін әлеуметтік-саяси білімдер модулінің үлгілік оқу бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін әлеуметтік-саяси білімдер модулінің үлгілік оқу бағдарламасы (әрі қарай – бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін және технологияларын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.07.2023 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бағдарлама әрқайсысысының өз пәні, терминологиясы мен зерттеу әдістері бар төрт ғылыми пәнді – әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психологияны оқытуды көздейді. Аталған ғылыми пәндер арасындағы өзара әрекет ақпараттық толықтыру; біріктіру; осы пәндердің зерттеу ыңғайларының әдістемелік тұтастығы; нәтижеге бағытталған оқыту әдістемесінің жалпылығы; қалыптасқан қабілеттер ретінде нәтижелер типологиясын біртұтас жүйелік көрсету ұстанымдары негізінде жүзеге асырылады.

3. Әлеуметтік және саяси білімдер тұрғысынан бұл бағдарламаның ұзақтығы жоғары білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес 240 академиялық сағатты (8 академиялық кредитті) құрайды.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты және міндеттері

4. Бағдарламаның мақсаты – "Болашаққа бағдар: қоғамдық сананың жаңғыруы" мемлекеттік бағдарламасында айқындалған қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу мәнмәтінінде (контекстінде) білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) негізгі әлеуметтанулық, саяси, гуманитарлық ұғымдарды, қоғам мен оның кіші жүйелерін зерттеуге арналған теориялар мен тәсілдерді меңгеру;

2) қазіргі қоғамның және оның әлеуметтік институттарының жұмыс істеуінің негізгі принциптері туралы идеяларды қалыптастыру;

3) заманауи қоғамның әлеуметтік мәселелерін сипаттау және талдау дағдыларын дамыту, әлеуметтік процестер мен механизмдердің мәнін өзара байланысын қалыптастыру;

4) студенттердің әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық ақпарат алудың негізгі көздері мен әдістерін игеру;

5) әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық білімді кәсіптік қызметте пайдалану дағдыларын үйрету;

6) сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру және оны практикада қолдану мүмкіндігі.

6. Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады:

оқу пәнінің модулін құрайтын барлық ғылымдар саласының (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология) пәндік білімін түсіндіре және жеткізе алуы ( ұғым, ой, теория);

1) әлеуметтік-саяси модуль пәнінің базалық ілім жүйелерінде біріктіру үдерістерінің өнімі ретінде қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын түсіндіру;

2) нақты оқу пәні мен модуль пәнінің мәнмәтінінің өзара әрекеттесу нәтижесінде ғылыми әдістер мен зерттеу тәсілдерін пайдалана білу;

3) оқытылатын пәннің аясында ғылыми ой мен теория мазмұны негізінде әртүрлі саладағы әлеуметтік қарым-қатынастың жағдайын түсіндіру;

4) әлеуметтік және тұлғаралық қатынастар, тіл, мәдениет, саяси бағдарламалар, қазақ қоғамының әртүрлі кезеңде дамуы туралы ақпаратты нақтылау және негіздеу;

5) қазақстандық қоғамда жаңарудағы әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттардың мәнмәтінінде олардың рөлінің ерекшеліктеріне талдау жасай алу;

6) қазақстандық қоғамдағы этикалық және құқықтық нормалар, қоғамдық, іскерлік, мәдени құндылықтар жүйесіне тең келетін түрлі қарым-қатынастағы әртүрлі жағдайларды сараптау;

7) нақты мәселелерді талдау үшін әдіснамалық таңдауды негіздеу және қоғамды зерттеудің әртүрлі жолдарын айыра білу;

8) ғылымның әлеуметтік-гуманитарлық түрі немесе басқа да ғылымдар саласында қоғамдағы нақты жағдай қатынасын бағалау, болатын қауіп-қатерді ескере отырып оның даму болашағын жобалай алу;

9) кәсіби әлеуметтегі, сонымен қатар, қоғамдағы шиеленістерді шешуде бағдарламалар жасай алу;

10) түрлі қарым-қатынас аясында зерттеу жобалық қызметтерін жүзеге асыра алу, қоғамдық бағалы ілімді түрлендіру (генерациялау), оны жобалау;

11) әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша өз пікірін дұрыс білдіре және дәлелді түрде қорғай білу.

**3-тарау. Бағдарламаның құрылымы және мазмұны**

7. Осы бағдарлама пәннің мақсаты мен міндеттерін, тақырыптық жоспарын, оқыту әдістерін, оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін, пререквизиттері мен постреквизиттерін шолудан басталады.

8. Пәннің мазмұнын, семинар (практикалық) сабақтарының және білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптарын қамтитын жоғары және (немесе)

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін әлеуметтік-саяси білімдер модулінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны осы бағдарламаға қосымшада келтірілген.

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) студентті оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі, ол студенттердің де оқыту үрдісіне рефлексивті көзқарасына негізделген;

2) біліктілікке бағытталған оқыту;

3) әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары;

4) кейс-стади (нақты жағдаяттарды сараптау);

5) жобалар әдісі.

10. Бағдарламаның пререквизиттері мен постреквизиттерін жоғары оқу орнының өзі тағайындайды.

Жоғары және (немесе) жоғары<br>оқу орнынан кейінгі білім беру<br>ұйымдары үшін әлеуметтік-<br>саяси білімдер модулінің үлгілік<br>оқу бағдарламасына<br>қосымша

## Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін әлеуметтік-саяси білімдер модулінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

| Әлеуметтану | | | |
|---|---|---|---|
| Пәннің мазмұны | Семинар (практикалық) сабақтар тақырыптары | Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары | Сағаттар саны |
| 1-апта: Әлеуметтік әлемді түсінудегі әлеуметтану | | | |
| Әлеуметтануға кіріспе. Индивид және қоғам. Әлеуметтік орта мен әлеуметтік мінез-құлық. Әлеуметтік қарым-қатынастар мен әлеуметтік институттар. Әлеуметтену және бірегейлік. Әлеуметтік шынайылық пен ақыл-ой. Әлеуметтанулық ойлау. Әлеуметтанулық қиял. Әлеуметтанулық перспектива. | Әлеуметтану: ғылымға кіріспе және басты ұғымдарды тұжырымдау | 1. Басты үш әлеуметтанулық бағыт тұрғысынан (құрылымдық, функционализм, қақтығыс теориясы, символдық интеракционизм) қоғамдағы кез келген құбылыс (спорт, кино, отбасы және т.б.) туралы эссе-негіздеме жазыңыз.<br>2. Қазіргі қоғамды түсінудегі әлеуметтанудың рөлі туралы эссе дайындаңыз. "Әлеуметтанулық қиял " түсінігіне анықтама беріңіз (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология). Қазіргі адамға неліктен "әлеуметтанулық қиялды" меңгеру мен әлеуметтанулық перспективаны көре алу маңызды екендігін түсіндіріңіз. | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3. Әлеуметтанулық қиялды бағыт ретінде қолдана отырып, қазақстандық және өзге қоғамдардағы баспанасыз адамдардың әлеуметтік жағдайын сипаттаңыз. | |
| 2-апта: Әлеуметтану теорияларына кіріспе | | | |
| Әлеуметтанулық теория. Макро- және микро-деңгейлер. Әлеуметтік тәжірибедегі себеп-салдарлық байланыстар. Жеке мектептер мен бағыттардың дамуы (О. Конт, Э. Дюркгейм, Г. Спенсер). Құрылымдық функционализм. Қақтығыс теориялары. Символдық интеракционизм. Рөлдік теориялар. | Әлеуметтанулық теориялардың даму кезеңдерін талдау | 1. Әр түрлі әлеуметтанулық мектептердің, ағымдардың, теориялық бағыттардың, негізгі идеяларын кесте түрінде салыстырыңыз, өкілдері мен олардың басты еңбектерін көрсетіңіз (О. Конттың, Г. Спенсердің, Э. Дюркгеймнің Библиографиялық очерктерін қараңыз (Ритцер Дж., Степницки Дж. Әлеуметтану теориясы, Ритцер Дж. Современные социологические теории).<br>2. Атақты әлеуметтанушы–теоретиктің (К.Маркс, Э.Дюркгейм, М.Вебер, Г.Зиммель) ойы туралы баяндама жазыңыз. Негізгі жұмыстарын айқындаңыз және әлеуметтанулық теорияларының тұжырымдарын жазыңыз. | 4 |
| 3-апта: Әлеуметтанулық зерттеулер | | | |
| Әлеуметтанулық зерттеу дизайны. Зерттеу мәселесі. Болжамдар. Айнымалылар. Іріктеу. Ақпаратты жинау әдістері. Сапалық және сандық әдістер. Мәліметтерді талдау. | Әлеуметтанулық зерттеуді ұйымдастыру және өткізу | 1. Әлеуметтанулық зерттеудің сандық және сапалық әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырыңыз. Кесте құрыңыз.<br>2. Әлеуметтанулық зерттеудің негізгі кезеңдерін сипаттап беріңіз. Әлеуметтанулық әдістердің (сұрау, бақылау, эксперимент, контент-талдау, статистикалық мәліметтерді талдау) ерекшеліктерін талдаңыз.<br>3. Әлеуметтанулық зертеудің бағдарламасын құру. Тақырып таңдау бойынша (дайындау алгоритмі: зерттеу сұрағын, болжамды айқындаңыз, ұғымдарды тұжырымдап беріңіз; іріктеу жиынтығын есептеңіз). | 4 |
| 4-апта: Әлеуметтік құрылым және қоғамның стратификациясы | | | |
| Қоғам, теңдік және теңсіздік. Ашық және жабық қоғам. Стратификация әр түрлі топтар арасындағы құрылымданған теңсіздік | | 1. Стратификацияны зерттеудің әр түрлі бағыттарын салыстырыңыз, олардың ерекшеліктерін анықтаңыз | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ретінде. Стратификация және дифференцация жүйелері. Әлеуметтік стратификация теорияларына қысқаша шолу ( К. Маркс, М. Вебер). Әлеуметтік стратификация формалары (П. Сорокин). Әлеуметтік мобильділік. Көлденең және тік мобильділік. | Қазіргі қоғамдағы теңдік пен теңсіздікті бағалау | (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология).<br>2. "Халықаралық деңгейдегі теңсіздік көрсеткіштері" тақырыбы бойынша топтық жоба (3-4 адаммен бірге отырып, топтарға бөліңіз) дайындаңыз, мысал келтіріңіз ( Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология). | 4 |
| 5-апта: Әлеуметтену және бірегейлік | | | |
| Индивид пен қоғам арасындағы қарым-қатынас. Әлеуметтену және бірегейлік теориялары (Т.Парсонс, Г.Х.Мид). Әлеуметтену кезеңдері. Бірінші реттік әлеуметтену. Екінші реттік әлеуметтену. Әлеуметтенудің ересектік шақтағы кезеңі. Гендерлік әлеуметтену. Гендерлік тәртіп. Бірегейлік және тұлға. Әлеуметтік және жеке бірегейлік. Рөлдер және мәртебелер. | Өмір бойы жалғасатын әлеуметтену: институттар мен үрдістер | 1. "Қала мен ауылдағы отбасының әлеуметтік мәртебесінің баланың әлеуметтену үрдісіне әсері" тақырыбында презентация дайындаңыз (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология).<br>2. "Әлеуметтену агенттері" тақырыбын қарастырып, әлеуметтенудің әрбір агентін сипаттаңыз. Сіздің әлеуметтануыңыздегі оның рөлін талдаңыз (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология).<br>3. " Жеке адамдар "әлеуметтік тіршілік иелері" ретінде" тақырыбында эссе-баяндама жазыңыз. | 4 |
| 6-апта: Отбасы және қазіргі заман | | | |
| Отбасы кроссмәдени және тарихи перспективада. Отбасы типологиясы. Неке мен туысқандық. Отбасының әлеуметтік қызметтері. Отбасының әлеуметтанулық перспективалары. Отбасындағы қарым-қатынастардың өзгеруі . Неке мен отбасының альтернативті формалары. Отбасы мен отбасылық қарым-қатынастарды салыстырмалы зерттеу. | Отбасы: типологиясы, қызметтері, тұжырымдар | 1. Отбасындағы гендерлік рөлдерді ( іскерлік ойын әдісін қолдана отырып) талқылаңыз.<br>2. "Отбасы қоғамның кішігірім жүйесі ретінде" тақырыбында презентация дайындау үшін модельді құру (дайындау алгоритмі: отбасыны қоғамның кішігірім жүйесі ретінде қарастырыңыз; негізгі құрылымдық элементтері мен қызметтерін сипаттаңыз; отбасыға әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды айқындап беріңіз).<br>3. Отбасының рөлі мен маңыздылығының адам өмірінің әр түрлі кезеңінде өзгеруін қарастырыңыз және талдаңыз. Отбасыңыздың мүшелері негізінде қарастырыңыз. | 4 |
| 7-апта: Девиация, қылмыскерлік және әлеуметтік бақылау | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Девиация мен әлеуметтік бақылау. Девиация туралы теориялық бағыттарды қысқаша шолу (әлеуметтанулық, биологиялық, психологиялық, экономикалық, мәдениеттанулық). Аномия мен қоғам. Деликвенттілік және қылмыс. | Девианттылық және қылмыскерліктің әлеуметтанулық құрылымдары | 1. Дж. Ритцердің еңбектерін қолдана отырып, суицидтың негізгі түрлерін айтып беріңіз және талдаңыз.<br>2. Сараптамалық шолу. Э. Дюркгеймнің "девиация әрбір қоғамның қалыпты құрамдас бөлігі" деген тұжырымына қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз.<br>3. Г.Тардтың еліктеу теориясы мен Эдвин Г. Сазерландтың дифференциалдық ассоциация теориясының негізгі идеяларын түсіндіріңіз. "Әлеуметтік орта адамның девиантты мінез-құлқының қалыптасуына әсер етеді" деген тұжырыммен келісесіз бе? Әлеуметтанулық сұрау негізінде алынған келесідей қорытындыны дәлелдеңіз немесе жоққа шығарыңыз: "Жоғары сыныпта қатарластар ішімдік пен нашаны қолдануға әсер етеді". (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология және т.б.). | 4 |
| 8-апта: Дін, мәдениет және қоғам | | | |
| Дін: негізгі түсініктер. Дінді әлеуметтанулық талдау. Әлеуметтік бірлік. Дін және әлеуметтік теңсіздік. Мәдениет элементтері. Мәдениет және өркениет: ұғымдардың мазмұны мен ара-қатынасы. Мәдениет әлеуметтануы. Мәдени көптүрлілік. Құндылықтар, дәстүрлер мен ғұрыптар. Қоғамдық сананың жаһандануы, ұлттық код, менталдылық пен дүниетаным : сәйкестік параметрлері. Ұлттық бірегейлік пен мәдениет. Ұлттық бірегейлікті сақтау. | Дін феномені: мәдени және әлеуметтанулық перспектива | 1. Мәдениет элементтерін атаңыз және сипаттаңыз – тіл, құндылықтар , нормалар, дәстүрлер және т.б.<br>2. Әлеуметтік институт ретінде діннің қызметтерін анықтаңыз. Қоғам мен дін арасында қандай қарама-қайшылықтар туындайтынын айқындаңыз ( Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология).<br>3. Мәдени конвергенция мен мәдени имперализм идеяларының мазмұнын ашыңыз. (Ритцер Дж., Степницки Дж. Әлеуметтану теориясы, Ритцер Дж. Современные социологические теории). | 4 |
| 9-апта: Этнос және ұлт әлеуметтануы | | | |
| Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар. Этникалық жүйелер. Этнос, халық, ұлт. Этникалық бірегейлік. Ұлттық бірегейлік. Ұлт-мемлекет. Этникалық топтар мен олардың өзара тіршілік етуі. | Қоғамдағы этникалық топтар | 1. "Этнос" "халық", "ұлт", " этникалық топ" ұғымдарын салыстырыңыз.<br>2. Этникалық топтар арасындағы өзара байланысты сипаттаңыз. Презентация дайындаңыз ( | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Этникалық мүдделер мен эникааралық қарым-қатынас. Этникааралық және конфессияаралық келісім. Қазақстан халқы Ассамблеясы. Қоғамды этноәлеуметтанулық зерттеу. | : әлеуметтанулық зерттеулер | Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология).<br>3. "Қазіргі қазақстандық жастардың құндылықтарын әлеуметтанулық талдау" тақырыбында эссе-талқылау жазыңыз. | |
| 10-апта: Білім және әлеуметтік теңсіздік | | | |
| Жаһандық перспективадағы білім беру. Білім беру әлеуметтік институт ретінде. Ресми білім берудің қызметтері. Білім беру: әлеуметтік тап, жыныс, этникалық айырмашылықтар. Білім берудің қолжетімділігі, мәдени капитал және теңсіздік. Білім берудің әлеуметтанулық перспективалары. Білім беру мен білімді дәріптеу. | Әлеуметтанулық дискурстағы білім беру | 1. Қазақстанда тегін білім беру қолжетімділігінің артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындау мақсатында салыстырмалы кестені құрыңыз. Топтық жұмыс (4 адамнан көп емес).<br>2. Білім адамның мәртебесін айқындайтын басты фактор болу себебін негізді түрде түсіндіріңіз. " Креденциализм" түсінігіне анықтама беріңіз. Негізделген мысалдар келтіріңіз (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология).<br>3. "Білім беру және Қазақстанның үшінші жаңғыруы" эссе-негіздемесін дайындаңыз. | 4 |
| 11-апта: Масс-медиа, технологиялар және қоғам | | | |
| Әлеуметтік жүйедегі бұқаралық ақпарат пен бұқаралық коммуникациялар. Масс-медиа қызметтері. Бұқаралық сана мен цифровизация. Бұқаралық коммуникациялар және әлеуметтік өзара әрекет. Қазіргі заманғы технологиялар. Технологиялық теңсіздік. Масс-медиа түрлері. Медиалық жаһандану. Масс-медиа мен технологияларды зертеудің теориялық бағыттары. Әлеуметтік қадағалау мен бақылау. Киберлаңкестік. Жеке мәліметтерді қорғау. Масс-медианың жаңа стандарттардың, мотивацияның, стереотиптердің, мінез-құлық моделінің, өмір салтының қалыптасуына әсері. | Цифрлық технологиялар мен әлеуметтік өзара әрекет | 1. Бұқаралық ақпарат пен бұқаралық коммуникация, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар адамның күнделікті өміріне қалай әсер ететіні туралы эссе жазыңыз.<br>2. Топтағы коммуникацияның негізгі түрлерін ашып көрсететін схема дайындаңыз (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология ). | 4 |
| 12-апта: Экономика, жаһандану және еңбек | | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Тарихи перспективадағы экономикалық даму. Экономикалық жүйелерді компаративистік талдау. Еңбек нарығы мен жұмысбастылық құрылымы. Экономиканың негізгі секторлары. Жаһандық қоғамда еңбек рөлінің өзгеруі. Еңбектің жаһандық бөлінісі. Қазақстан жаһандық әлеуметтік-экономикалық жүйеде. Рационалдылық мәдениеті. Прагматизм мен жоспарлау. | Жаһандық экономика және еңбек бөлінісі: әлеуметтанулық талдау | 1. Қазіргі заманғы экономикалық жүйелердің – капитализм, социализм, аралас экономика, саяси экономиканың - ерекшеліктерін талдап беріңіз (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология).<br>2. "Қазіргі Қазақстан қоғамының дамуындағы прагматизмнің рөлі" тақырыбында эссе дайындаңыз. | 4 |
| 13-апта: Денсаулық және медицина | | | |
| Денсаулық және медицинаны зерттеудің әлеуметтанулық бағыты. Денсаулық және қоғам (тарихи перспективада). Халықаралық перспективадағы денсаулық сақтау. Әлеуметтік маңызды аурулар. Әлеуметтік шеттелу. Денсаулық сақтаудың экономикалық және әлеуметтік аспектілері. Денсаулық сақтау жүйесінің қолжетімділігі. Ғылыми медицина. Халықтың қартаюы . | Физикалық денсаулықтың әлеуметтік эпидемиологиясы | 1. Гендер, әлеуметтік топ, жыныс, этнос, жас секілді денсаулық пен аурудың әлеуметтік сипаттамаларын бағалау маңыздылығын түсіндіріңіз.<br>2. Дәрігерлер мен медбикелердің әлеуметтік жағдайы мен әлеуметтік мәртебесін талқылаңыз (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология). | 4 |
| 14-апта: Халық, урбанизация және қоғамдық қозғалыстар | | | |
| Жаңғыру және урбанизация. Әлеуметтік өзгерістердің бастаулары. Халық туралы заманауи зерттеулер. Миграция. Жаһандық урбанизация. Ауылдық жердегі өмір. Қоғамдық қозғалыстардың бастаулары мен түрлері. Қоғамдық қозғалыстарға әсер ететін микро- және макро-факторлар . Қоғамдық қозғалыстың өмірлік циклы. | Қоғамдық қозғалыстар, наразылық және адамдардың ойлауы: қазіргі күйі | 1. Қоғамдағы урбанизация үрдісі мен миграцияның өзара байланысын айқындаңыз. Мысалдар келтіре отырып, Қазақстанның ерекшелігін көрсетіңіз.<br>2. Бір мемлекет мысалында демографиялық дамудың ерекшеліктерін ашыңыз. Орын алған демографиялық өзгерістер мен олардың қоғамға әсерін талқылаңыз (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология және т.б.). | 4 |
| 15-апта: Әлеуметтік өзгерістер: жаңа әлеуметтанулық пікір-таластар | | | |
| | | 1. "Әлемде (соңғы жарты ғасырда) болған қоғамдық қозғалыстар: қоғамға әсер ету түрлері, себеп-салдарлық байланыстар мен қатынастар" тақырыбы бойынша индивидуалдық презентация. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Әлеуметтік өзгеріс. Әлеуметтік өзгерістерді зерттеудің әлеуметтанулық перспективалары. Әлеуметтік өзгерістердің негізгі құрамдас бөліктері. Гомогенизация және унификация. | Әлеуметтік әлемдегі өзгерістер мен оларды түсіну: әлеуметтанулық пікір-таластар | 2. "Әлеуметтік өзгеріс" ұғымына анықтама беріңіз. Технологиялар мен әлеуметтік өзгерістердің өзара байланысын зерттеудің әлеуметтанулық бағыттарын салыстырыңыз: құрылымдық функционализм пен қақтығыс теориясы. Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері мен шектеуліктерін талқылаңыз (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология және т.б.).<br>3. Әлеуметтік қозғалыстарды зерттеудің негізгі әлеуметтанулық бағыттарын салыстырыңыз: құрылымдық-функционалдық бағыт, қақтығыс теориясы, символдық интеракционизм (Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері, Гидденс Э. Социология және т.б.). | 4 |

Ескерту: 1 академиялық кредит - 30 академиялық сағат
Барлығы: 2 академиялық кредит - 60 академиялық сағат

Әдебиеттер: Негізгі:
1. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: Уч.пособие. – Алматы: Эверо,2016. – 584с.
2. Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы: оқу құралы. 2-басылым. – Алматы: "Қазақ университеті", 2012. – 224б.
3. Грушин Б.А. Мнения о мире и мир мнений. М.: Праксис, ВЦИОМ, 2011.
4. Социология. Основы общей теории: учебник / Под ред. Г.В. Осипов, Л.Н. Москвичев. - 2-е изд., испр. и доп. - М.: Норма, 2015. - 912 с.
5. Macionis J. Society: The Basics. Pearson, 2016.
6. Дж. Ритцер, Дж. Степницки. Әлеуметтану теориясы. – Алматы: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.
7. Гидденс Э. Социология / При участии К. Бердсолл: Пер. с англ. Изд. 2-е, полностью перераб. и доп. М.: Едиториал УРСС, 2005. — 632 с.
8. Ритцер Дж. Современные социологические теории. 5-е изд. — СПб.: Питер, 2002. — 688 с.
Қосымша:
1. Giddens A., Sutton Ph. Sociology. Wiley Academic, 2017.
2. Abdiraiymova G.S., Burkhanova D.K. Social structure of society and middle class: textbook / Almaty: Qazaq University, 2015. – 44p.
3. Abdiraiymova G.S., Burkhanova D.K. Sociology of youth / Textbook. – Almaty: Qazaq university, 2016. – 98p.
4. Ritzer G., Stepnisky J. Sociological Theory. – Los Angeles: Sage, 2018. – 802p.
5. Гараджа В.И. Социология религии: Учебное пособие. - 4-е изд., перераб. и доп. - М.: ИНФРА-М, 2014. - 304с. - (Высшее образование. Бакалавриат).
6. Жаназарова З.Ж. Семья и общество. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 133 с.

Саясаттану

| Пәннің мазмұны | Семинарлық(практикалық) сабақтардың тақырыптары | Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары | Сағаттар саны |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 -апта: Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде | | | |
| Қазіргі білімдер жүйесіндегі саяси ғылымның алатын орны, саясаттанудың қалыптасуы мен дамуы, оның негізгі категориялары, саясаттанудың пәні мен объектісі. Саясаттанудың негізгі парадигмалары мен мектептері.<br>Саяси шынайылықты зерттеу әдістері. Саяси ғылымның ғылыми-тапнымдық, әдіснамалық және қолданбалы функциялары. Саясаттанудың прагматикалық мәні. Маманды кәсіби дайындау жүйесіндегі саясаттану. | Маманды кәсіби дайындау жүйесіндегі саясаттану | "Менің болашақ кәсіби қызметім үшін саясаттанудың маңызы" тақырыбында дәлелді эссе дайындау | 4 |
| 2 -апта: Саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері | | | |
| Адамзат өркениетіндегі саяси идеялардың генезисі. Саяси ойдың қалыптасуы мен даму тарихының дәуірлік кезеңдері.<br>Ежелгі дәуір ілімдеріндегі саясаттанудың элементтері (Конфуций, Платон, Аристотель). Орта ғасырдағы саяси идеялар (Августин, Аквинский, Әл-Фараби).<br>Қайта өрлеу және Ағарту дәуіріндегі саяси идеялардың дамуы. Саясаттың мәні туралы Макиавеллидің көзқарасы. Ж.Боденнің мемлекеттік билік егемендігі теориясы. Утопиялық социализм идеяларындағы мінсіз қоғамдық құрылыс. (Т.Мор, Т.Кампанелла).<br>Табиғи құқық пен қоғамдық келісім теориялары Ағарту дәуірінің негізгі саяси доктриналары ретінде. Ж.-Ж.Руссоның радикалды демократизмі. И.Кант пен Г.Гегельдің концепцияларындағы мемлекет пен азаматтық қоғам концепциялары. Қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары.<br>Консерватизм, либерализм, марксизм концепцияларының қалыптасуы. Қазіргі саяси ғылымның негізгі бағыттары. | Қазақстандағы саяси ойдың даму тарихы | Саяси ойлар тарихындағы басқарудың "дұрыс" және "бұрыс" формалары бойынша презентация дайындау | 4 |
| 3 -апта: Қоғамдық өмір жүйесіндегі саясат | | | |
| Саясат түсінігі. Саясатты анықтаудағы негізгі әдістер. Саясат мемлекетті басқару өнері ретінде.. Саясат жария үдеріс ретінде . Саясат компромисс және консенсус ретінде. Саясат функциялары мен оның жіктелуі. Саясат құрылымы. Саясатты ұйымдастыру деңгейлері. Саясаттағы мақсаттар мен құралдар.<br>Саясаттың қоғамның басқа да салаларымен өзара әрекеттестігі. Саясат және экономика. Саясат және құқық. | | "Саясаттың негізгі түсініктемелеріне салыстырмалы талдау" | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Саясат, мораль және дін. Саясаттың әлеуметтік негіздері, саясаттың субъектілері мен объектілері. Саясаттағы объективтілік пен субъективтілік, оның қоғамдық дамудағы рөлі. Саясаттың гумандық сипаты.<br>Саяси қызметтің негізгі түрлері мен бағыттары. Қазақстан Республикасының қоғам модернизациясы кезеңіндегі саясаты . | Саясаттың табиғаты: формасы, мазмұны, үдерісі<br>. | тақырыбына кесте құрастыру | |
| 4 -апта: Саяси билік: мәні мен жүзеге асыру механизмдері | | | |
| Саяси биліктің мәні, оны анықтаудағы түрлі әдістер (бихевиористік, телеологиялық, жүйелік, релятивистік). Биліктің функциялары. Саяси биліктің объектісі мен субъектісі, қайнар көздері, қорлары. Биліктің деңгейлері.<br>Билікті жүзеге асырудың түрлері мен әдістері. Саяси және мемлекеттік билік. Билікті табыстау және биліктің бөлінуі. Саяси биліктің легитимділігі және оның көздері.<br>Егеменді Қазақстандағы мемлекеттік билік . Негізгі институттар мен билік тиімділігінің критерийлері. | Қазақстан Республикасындағы саяси билік институттары | "Биліктің қалыптасуының тәсілдері мен көздері" тақырыбына дәлелді эссе жазу. | 4 |
| 5- апта: Саяси элиталар және саяси көшбасшылық | | | |
| Элиталардың негізгі теориялары: Г.Моска мен В.Паретоның элитаның классикалық теориялары, демократиялық элитизм ( М.Вебер) мен элита плюрализмі ( Г.Лейпхарт, Р.Даль) концепциялары.<br>Саяси элита түсінігі. Қоғамға әсер ету көздері бойынша саяси элиталардың жіктелуі: (мұрагерлік, құндылықтық, биліктік, функционалдық), қалыптасу тәртібі бойынша (ашық және жабық). Элиталардың айналымы заңы. Саяси элитаның құрылымы (жоғарғы және орта). Саяси элиталарды таңдау жүйелері. Қазақстан Республикасындағы саяси элиталардың қалыптасу ерекшеліктері.<br>Саяси көшбасшылық түсінігі мен табиғаты , оның әлеуметтік функиялары. Саяси көшбасшылықтың қазіргі теориялары. Саяси көшбасшылықтың жіктелуі. Саяси көшбасшылықтың сипатын айқындайтын факторлар. Саяси көшбасшылықтың дамуындағы жаңа үрдістер. | Басқарушы элита мен саяси көшбасшылық биліктің әлеуметтік субъектілері ретінде | Кейс-стади – саяси көшбасшылықтың жіктелуі. Саяси көшбасшылықтың типін айқындау және өз таңдауын дәлелдеу. | 4 |
| 6- апта: Қоғамның саяси жүйесі | | | |
| Саяси жүйе түсінігі. Саяси жүйенің құрылымы мен элементтері. Институционалдық, идеологиялық, | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| коммуникативтік, нормативтік және мәдени жүйешіктер арқылы саяси жүйенің құрылымына талдау (Т. Парсонс, Д. Истон , Г. Алмонд және т.б.). саяси жүйелердің типологиясы<br>Саяси жүйенің тиімділігі. Саяси тұрақтылық пен саяси тәртіп, саяси тұрақтылықтың түрлері. Саяси тәуекелдіктің факторлары. Қазақстан Республикасының саяси жүйесі. | Саяси жүйенің қызмет ету механизмі | ҚР стратегиялық құжаттарын зерттеу негізінде) "Қазақстанның саяси жүйесінің даму келешегі" тақырыбына жоба дайындау | 4 |
| 7- апта: Мемлекет және азаматтық қоғам | | | |
| Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты ретінде. Мемлекеттің пайда болу теориялары мен концепциялары. Мемлекеттің белгілері мен құрылымы. Мемлекеттік құрылыс және басқару формалары. Мемлекеттің функциялары, олардың қазіргі заман жағдайындағы трансформациясы. Қазіргі заманғы тәуекелдер жағдайындағы саяси бағытты әзірлеу. Мемлекет - Қазақстан Республикасы. Қазіргі заманғы Қазақстандағы демократиялық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы.<br>Құқықтық және әлеуметтік мемлекет: мәні мен принциптері. Егеменді мемлекет Қазақстан Республикасының Конституциясы. Әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу шарттары.<br>Азаматтық қоғам: мәні, құрылымы, функциялары. Азаматтық қоғамның негізгі концепциялары. Азаматтық қоғам қызметінің бағыттары. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның даму келешегі | Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы | "Қазақстан Республикасында құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуы" тақырыбында дәлелді эссе жазу | 4 |
| 8 -апта: Саяси режимдер | | | |
| Саяси режим түсінігі мен түрлері. Тоталитаризм тарихи және саяси феномен ретінде және оның ерекшеліктері. Авторитарлық саяси режим және оның формалары. Демократияның негізгі теориялары мен модельдері. Демокртаияның қазіргі формалары. Демократиялық принциптер мен шаралар.<br>Қазіргі уақыттағы саяси режимдер: батыстағы полиархиялар, жаңа демократиялар, шығыстық-азиялық режимдер, исламдық режим, әскери режимдер.<br>Қазақстандағы саяси режим, оның дамуы. Қазақстан Республикасы саяси жүйесінің демократиялану үдерісі. | Қазіргі әлемдегі саяси режимдер және олардың мемлекеттің саяси жүйесімен байланысы | Саяси режимдердің жіктелуі. Кейс-стади. Саяси режим типін анықтау және өз таңдауын дәлелдеу. | 4 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 -апта: Сайлау жүйелері және сайлау | | | |
| Сайлау демократияның міндетті шарты ретінде. Сайлау жүйелерінің мәні мен сайлау жүйелерінің негізгі түрлері. Сайлау жүйелерінің қазіргі концепциялары. Мажоритарлы сайлау жүйесі, оның түрлері мен модификациясы. Пропорционалды сайлау жүйесі, оның түрлі елдердегі ерекшеліктері. Аралас сайлау жүйелері. Көпсатылы сайлау. Сайлау шаралары мен салау кампаниялары.<br>Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы заңнама. Қазіргі Қазақстанның сайлау жүйесі, оны жетілдірудің жолдары мен бағыттары. ҚР электоралдық үдерістің ерекшеліктері. | Қазіргі сайлау жүйелері және олардың ерекшеліктері | "Қазақстан Республикасындағы жастардың электоралдық белсендігін арттыру жолдары" тақырыбында жоба дайындау | 4 |
| 10 -апта: Саяси партиялар, партиялық жүйелер және қоғамдық-саяси қозғалыстар | | | |
| Саяси партиялар: түсінігі, мәні, белгілері мен қызметтері. Саяси партиялардың типологиясы. Биліктік қатынастар жүйесіндегі саяси партиялар. Партиялық жүйелер, олардың классификациясы. Партиялық жүйенің қазақстандық үлгісі.<br>Қоғамның саяси өмірінде қоғамдық-саяси қозғалыстар мен бірлестіктердің пайда болуы және эволюциясы. Қазақстандық қоғамның саяси өміріндегі қоғамдық қозғалыстардың алатын орны мен рөлі.<br>Лоббизм. Мүдде топтары: түсінігі, қызметтері, типологиясы. Саясаттағы қысым топтар. | Саяси партиялар және партиялық жүйелер, қоғамдық-саяси қозғалыстар және ұйымдар: қызмет ету ерекшеліктері | Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар бағдарламаларының күшті және әлсіз жақтарына кейс-стади - талдау | 4 |
| 11 -апта: Саяси мәдениет пен мінез-құлық | | | |
| Саяси мәдениеттің түсінігі, мәні, құрылымдық компонеттері мен қызметтері . Саяси мәдениет құрылымындағы саяси дәстүр, саяси миф, саяси стереотип, саяси символика. Саяси мәдениеттің деңгейлері: дүниетанымдық, азаматтық, саяси. Қоғамның саяси мәдениеті мен саяси субмәдениеттердің арақатынасы.<br>Саяси мәдениет типологиясының критерийлері. Саяси мәдениеттің негізгі үлгілері. Саяси мәдениеттердің батыстық және шығыстық типтерінің ерекшеліктері.<br>Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет – қазіргі жағдайы мен даму үрдістері.<br>Саяси әлеуметтену: мәні, кезеңдері, үлгілері мен факторлары. Саяси мінез-құлық пен саяси ұатысу – түсінігі, негізгі теориялары, жіктелуі. | Саяси мәдениет, саяси мінез-құлық және саяси қатысу. | Саяси мәдениеттің үлгілері (таңдау бойынша) туралы талдаулық анықтама дайындау | 4 |
| 12 -апта: Саяси сана мен саяси идеология | | | |
| | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Саяси сана: түсінігі, функциялары, формалары мен деңгейлері. Қоғам мен саясаттағы идеологияның пайда болуы, алатын орны мен рөлі.<br>Саяси идеологияны анықтаудағы түрлі әдістер. Саяси идеологияның мәні мен белгіленуі. Қазіргі негігі саяси идеологиялар: либерализм, консерватизм, марксистік дәстүр мен халықаралық социал-демократия.<br>Қазақстан Республикасындағы сана мен ойлаудың жаңа үлгісінің стратегиясы, қоғамдық сана модернизациясы. Ұлттық " Мен" және ұлттық бірегейліктің ішкі өзегін сақтау. Қазіргі заманғы модернизация үлгілерінің қатерлері. Ұлттық рухты сақтау және Қазақстан Республикасының болашақ дамуының ұлттық үлгісін құру. | Сана мен ойлаудың жаңа үлгісін әзірлеу: олардың Қазақстан Республикасында жүзеге асуының негізгі стратегиялары мен бағыттары | "Рухани-жаңғыру Қазақстан Республикасындағы сана мен ойлаудың жаңа моделінің стратегиясы" тақырыбында жоба-презентация жасау | 4 | |
| 13- апта: Саяси даму және модернизация | | | | |
| Саяси даму және оның критерийлері. Саяси модернизация түсінігі. Саяси модернизацияның мақсаты, оның негізгі сипаттары. Саяси модернизацияның кезеңдері мен факторлары. Модернизациялық үдерістегі дәстүрдің рөлі. Қазақстан Республикасының саяси модернизациясы. Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам. 5 президенттік реформа: кәсіби мемлекеттік аппарат құру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық өсім, біртектілік пен бірлік, есеп беретін мемлекетті қалыптастыру.<br>"Қазақстан-2050 Стратегиясы" Қазақстан Республикасының саяси бағыты ретінде. Күшті мемлекет және Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз мемлекеті қатарына енуі. | Қазақстан Республикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стратегиялары мен модернизация бағдарламалары | " Саяси модернизацияның үлгілерін таңдау шарттары мен негізгі факторлары" (таңдау бойынша бір мемлекеттің мысалында ) тақырыбында дәлелді эссе жазу | 4 | |
| 14- апта: Саяси шиеленістер мен дағдарыстар | | | | |
| Шиеленіс әлеуметтік құбылыс ретінде. Саяси шиеленістер, олардың мәні, конструктивті және деструктивті қызметтері. Саяси шиеленістер мен дағдарыстардың типологиясы.<br>Саяси шиеленістердің динамикасы. Саяси шиеленістерді шешу түрлері мен жолдары. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси шиленістердің алдын алу технологиялары. Қазіргі жағдайдағы саяси дағдарыстан шығу тәсілдері. | Саяси шиеленістер мен дағдарыстарды шешудің мәні, түрлері мен жолдары | Саяси шиеленісті реттеу бойынша жол картасын дайындау - Кейс-стади | 4 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Этносаяси шиеленістер. Этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісі. | | | |
| 15 -апта: Әлемдік саясат және қазіргі халықаралық қатынастар | | | |
| Әлемдік саясат және әлемдік саяси үдеріс. Халықаралық қатынастар түсінігі және негізгі субъектілері. Халықаралық қатынастар теориясындағы теориялық әдістер мен негізгі дәстүрлі мектептер.<br>Қазіргі халықаралық тәртіптің тарихи типтері мен ерекшеліктері. Халықаралық қатынастар жүйелерінің типологиясы мен олардың қызмет етуінің құрылымдық заңдылықтары.<br>Қазіргі халықаралық қатынастардың дамуының негізгі үрдістері. Әлемдік саяси үдерістердің жаһандануы мен қазіргі жаһандық қауіп қатерлер.<br>Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан. Қазақстан сыртқы саясатының басымдық бағыттары – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті күшейту. | Жаһандану және қазіргі жаһандық қауіп қатерлер | "Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның рөлі" тақырыбында бағдарлама презентация жасау | 4 |
| Ескерту: 1 академиялық кредит - 30 академиялық сағат<br>Барлығы: 2 академиялық кредит- 60 академиялық сағат | | | |
| Әдебиеттер: Негізгі:<br>1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар<br>2. Назарбаев Н.Ә. "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 31 қаңтар 2017<br>3. Назарбаев Н.Ә. Мемлекет басшысының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" 12 сәуір 2017<br>4. Абсаттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. – 2 т.- Алматы: Қарасай, 2011.<br>5. Heywood A. Politics. - N.-Y.: Palgrave Macmillan, 2013.<br>6. Мұсатаев С.Ш. Саяси билік: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. – 2014<br>7. Әлемдік саясаттану антологиясы. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы: Қазақстан. – 2005-2009. - Т. 1-9<br>8. Казахстанский путь - 2050. -3 т./ Под ред. Султанова Б.К. – Алматы: КИСИ, 2014.<br>Қосымша:<br>1. Бәйділдінов Л.Ә. Теориялық саясаттану. – Алматы, 2005.<br>2. Булуктаев Ю.О. Политический режим и посткоммунистическая трансформация: теория, методология, практика.- Алматы, 2008.<br>3. Казахстанская политологическая энциклопедия / Под ред. Т.Т.Мустафина. - Алматы,1998.<br>4. Управление рисками в сфере внутренней политики Республики Казахстан/ Под. ред. Шаукеновой З.К. - Алматы, 2014.<br>5. ЧеботарҰв А.Е. Политическая мысль суверенного Казахстана: динамика, идеи, оценки. Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2015. | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мәдениеттану | | | | |
| № | Пәннің мазмұны | Семинар (практикалық) сабақтар тақырыптары | Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары | Сағаттар саны |
| 1-апта: Мәдениет морфологиясы | | | | |
| | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мәдениет түсінігінің қалыптасу тарихы: мәдениеттің мәнін және қызметін анықтау ыңғайларының көптүрлілігі. Мәдениетті аксиологиялық, өркениеттік, құрылымдық, антропологиялық, экономикалық түсіндіру . Теориялық ыңғайларды шолу: Ф. Боас, Л. Уайт, З. Фрейд, К. Леви-Стросс, К. Маркс, Э. Тайлор, О. Шпенглер , А. Тойнби, Л. Гумилев , П. Сорокин, С. Хантингтон және т.б. Ғылыми пән ретіндегі мәдениеттану тарихы: теориялық ыңғайлар генезисі, іргелі және қолданбалы мәдениеттану, мәдениетті зерттеудің пәнаралық сипаты, мәдениет философиясы, теориясы мен әлеуметтануы, мәдени және әлеуметтік антропология, мәдениет тарихы. Мәдениет зерттеулеріндегі жаһандық, глокальды және жергіліктік ыңғайлар. Мәдениет морфологиясы: мәдениеттің кеңістігі мен уақыты, мәдениеттің негізгі бөлшектері мен паттерндері. Мәдениетке диахронды және синхронды ыңғайлар. Мәдениет кеңістігінің ерекшелігі. Архаикалық мәдениеттің негізгі өлшемдері мен отырықшы және | Мәдениет және оның адамның өмірі мен қызметіндегі орны мен рөлі. Мәдениет мәні туралы білімнің, мәдениет морфологиясы мен анатомиясының мәдениет туралы ғылым үшін мәнін ашып көрсету. Мәдениеттің мағынасы, қызметтері мен морфологиясын анықтауға ыңғайлардың көптігінің мәнін бағалау | "Мәдениет рәміздері және олардың мәдени коммуникациядағы рөлі мен | 4 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | көшпелі мәдениеттер арасындағы бөлінгіштік (дихотомиялар). Материалдық және рухани мәдениет. Мәдени формалар мен артефактілердің олардың әлеуметтік, тарихи, географиялық бөлінуіне қарай өзгеруі. Мәдениет типологиясы: мәдениет типі түсінігі, мәдениеттердің тарихи типологиясы, сызықтық және жергілікті ыңғай. құрылымдар. Мәдениет формаларының көптүрлілігі. Еуроорталықтық және мәдениеттер типологиясы: оң және теріс тұстары. Шығыс және батыс. Солтүстік және оңтүстік. Мәдениет және өркениет. | | маңызы" тақырыбы бойынша жобалық зерттеу, қорытындыларды презентациялау. | |
| 2-апта: Мәдениет тілі | | | | |
| 2 | Мәдениет белгілер мен мәндер әлемі ретінде. Мәдениетті ақпараттық-семиотикалық түсіну. Мәдениет артефактілер әлемі ретінде. Мәдениет мағыналар әлемі ретінде. Мағыналардың түрлері. Мәдениет белгілер әлемі ретінде. Мәдениеттің белгілер әлемі типологиясы. Белгілер мен белгілер жүйесінің негізгі типтері. Табиғи белгілер. Қызметтік белгілер. Иконалық белгілер. Вербалды-белгілік жүйелер – табиғи шынайы тілдер. Тіл – қарым-қатынас және мәдениетті тарату тәсілі ретінде. Тіл және ойлау . Тілдің когнитивті қызметтері. Сепир-Уорф гипотезасы. Мәдениет тілі түсінігі. Мәдениет тілі мәдениет болмысының тәсілі ретінде. Әлемнің тілдік бейнесі. Мәдениет тілі белгілер жүйесі ретінде. Мәдениет тілі семиотикалық жүйе ретінде. Жасанды тілдер және олардың мәдениет дамуындағы рөлі. Сандық мәдениет тілі. Тілдердің | Мәдениет морфологиясы мен анатомиясы: олардың мәдениет конфигурациясын зерттеудегі рөлі.<br>1. | Салыстырмалы таблица – талдау жасау техникасы ретінде (С.Хантингтонның " Өркениеттер қақтығысы" жұмысы негізінде). "Мәдениет интеграциясы мен локализациясы" мәселесін талдау үшін салыстырмалы таблица техникасын қолдану. Нақты мысалдар негізінде мәдениет рәміздерінің әр түрлі түрлерін қарастыру ( мифтік рәміздер, діни рәміздер, өнердегі | 4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | әлеуметтік-мәдени дифференциациясы (бөлінуі).<br>Қазақ тілі және оның тұлғаның мәдени-этникалық бірегейленуіндегі рөлі. Қазақ тілінің мәдени кеңістігі. Қазақ тілінің коммуникативтік қызметтері. Жалпы қабылданған тілдік нормалар. Ұлттың мәдени кодының сақталуындағы қазақ тілінің рөлі. | | рәміздер, саясаттағы рәміздер және т.б.) | |
| 3-апта. Мәдениет семиотикасы | | | | |
| 3 | Мәдениетті зерттеулерге құрылымдық, семиотикалық ыңғайлар. Мәдениеттің мәтіндік концециялары: Р. Барт, Ю. Кристева. Мәдениеттің семиотикалық концепциялары: Ф. Соссюр, Ю.Лотман, Э. Кассирер, О. Сулейменов.<br>Мәдени код. Мәдени код түсінігі. Ұлттық мәдениеттің мәдени кодының қайталанбайтындығы. Мәдениет этосы. Этос және мәдениет коды. Жаһандық мәдени код типтері: жазуға дейінгі ( дәстүрлі), жазбаша (кітаптық) және экрандық, сандық. Бұқаралық мәдениет коды. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің коды. Қазақстандық мәдениет коды.<br>Конвенционалды белгілер. Мәдениет рәмізі түсінігі. Мәдениеттің негізгі рәміздері. Мәдениеттің рәміздері мен архетиптері. Сақ және скиф мәдениетінің рәміздері. Материалдық мәдениеттегі ғұндардың рәміздері мен белгілері. Қазақ және түркі мәдениеттің рәміздері мен архетиптері. Заманауи қазақстандық мәдениет рәміздері.<br>Миф рәміздері. Антикалық мифтер рәміздері. Шығыс мифтері рәміздері. Сақ мәдениеті мен мифтері рәміздері. Түркі мифтері рәміздері. Қазақ мифтері рәміздері.<br>Дін рәміздері. Зороастризм рәміздері. Тәңіршілдік рәміздері. Буддизм рәміздері. Индуизм рәміздері. Иудаизм рәміздері. Христиандық рәміздері. Ислам рәміздері.<br>Өнердегі рәміз. Көркем өнер рәміздері. Сәулет өнеріндегі рәміздер. Музыкадағы рәміздер. Би және балет рәміздері.<br>Саясаттағы рәміздер. Мемлекеттік-саяси рәміздер. Қазақстан Республикасының мемлекеттік-саяси рәміздері.<br>Ғылым мен техниканың негізгі рәміздері. | Мәдениет және өркениет: өзара байланысы мен ерекшелігі.<br>Мәдениеттің негізгі типтерінің негізгі өлшемдерін салыстыру (архаикалық, отырықшы, индустриалды мәдениет өлшемдері). | - | 3 |
| 4-апта. Мәдениет анатомиясы | | | | |
| | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Мәдениет кеңістігі. Мәдениеттің үшөлшемді моделі. Мәдени формалар. Мәдени кеңістік құрылымы: парадигмалар, мәдениеттің бет-бейнесі, мәдени сценарийлер. Белдеулік мәдени формалар: когнитивті парадигмалар, құндылықтық парадигмалар, реттеуші парадигмалар.<br>Мәдениет формалары: миф, өнер, дін, мораль, философия, құқық, саясат, ғылым, техника.<br>Рухани мәдениет. Рухани мәдениет типтері.<br>Мифология: мифтердің мәні мен типтері, мифтердің сипатты белгілері, мифологиялық ойлау логикасы, мифтің қызметтері, заманауи мифология.<br>Дін мәдениеттің қасиетті формасы ретінде. Дін. Діннің негізгі бөлшектері. Діннің қызметтері. Діни наным-сенімдердің алғашқы формалары: анимизм, фетишизм, тотемизм, пантеизм, деизм, монотеизм. Буддизм. Христиандық. Ислам. Діннің қоғамдағы мәдени өмір формаларына әсері. Қасиетті ( сакральды) мәдениет. Қазақ халқының қасиетті (сакральды) мәдениеті.<br>Өнер генезисі. Өнер антропогенез факторы ретінде. Өнер қызметтері. Өнер мәдениет айнасы ретінде. Өнер және көркем мәдениет.<br>Әлеуметтік мәдениет. Әлеуметтік мәдениет құрылымы. "Адамгершілік ", "мораль", "этика" түсініктері. Адамгершіліктің қалыптасуы рухани мәдениет дамуының мәселесі ретінде. Мораль қызметтері . Моральдық түрткі механизмдері. Адамгершілік мәдениет қарама-қайшылықтары,<br>Әлеуметтік-мәдени құндылықтар жүйесіндегі құқық. Құқық және мораль. Құқықтың қызметтері. Құқықтық мәдениет. Биліктің құқықтық мәдениеті. Заң шығарудың мәдениеті. Халықтың құқықтық мәдениеті.<br>Саяси мәдениет. Саяси мәдениет қызметтері. Саяси мәдениет типтері. Мәдениеттегі саясаттың орны. | Мәдениеттің көшпелілік типтері: мәдени мәліметтерді кодтаудың формалары мен тәсілдері. | "Қазақстанның көшпелілік мәдениеті – қазақ халқының мәдени мұрасының маңызды | 4 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Технологиялық мәдениет. Технология мәдени феномен ретінде . Технологиялық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы. Технологиялық мәдениет ерекшеліктері. Техниканың мәні. Техника: техника әлемі, табиғат, адам. Мәдениет кеңістігіндегі техника әлемі: техника мәдени ортаны жасақтау құралы ретінде, техника мәдениеттің әлеуметтік тапсырысқа жауабы ретінде, техника мәдениет құралы ретінде, техника мәдениеттің белгілік жүйесі ретінде. Мәдениеттегі техниканың бейнесі. Мәдениет тарихындағы техниканың түрлері. Техникалық прогресс болашағы.<br>Инженерия. Инженерлік қызмет ерекшелігі. Инженерлік мәдениеттің тарихи эволюциясы. Инженерлік мәдениет орны. Инженерлік мәдениет көкжиегі.<br>Ғылым мәдениеттің жаңа құбылысы (феномені) ретінде. Ғылым әлеуметтік-мәдени институт ретінде. Ғылымның тарихи дамуының негізгі кезеңдері. Ғылымның әлеуметтік-мәдени бағдарлары: ақиқат пен пайда, автономия және әлеуметтік бақылау, нейтрализм және әлеуметтік жауапкершілік, ғылым коммерциализациясы (оң және теріс жақтары). Ғылымның этикалық императиві.<br>Қызметтің мәдени сценарийлері. Мәдени сценарийлердің көптүрлілігі . Еңбек мәдениеті. Оқу мәдениеті. Мәдениет және білім. Ойын мәдениеті. Мәдениеттегі ойындық сценарийлер. Бос уақыт мәдениеті. Мәдениет және қарым-қатынас. Қарым-қатынас түрлері. Этикет. | | бөлігі ретінде" тақырыбында сараптамалық эссе. | |
| 5-апта. Қазақстан көшпелілерінің мәдениеті | | | | |
| | Ежелгі Қазақстан аумағындағы архаикалық мәдениет: материалдық мәдениет ескерткіштері. Материалдық ("технологиялық") мәдениеттің негізгі жетістіктері. Ежелгі әлемнің техникалық жетістіктерінің негізгі ескерткіштері . | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Көшпелілік (номадизм) мәдениет типі ретінде. Көшпелілік (номадизм) концепциялары. Көшпелілік мәдениет типологиясы. Көшпелілік түрлері мен жіктеу (көшпелілер мәдениеті).<br>Еуразиялық кеңістік көшпелілері мәдениетінің негізгі белгілері. Қазақстан аумағындағы ежелгі тайпалар мәдениеті: салт-дәстүрлері, культтері, наным-сенімдері. Сақ, скифтердің ұлы көшпелілік өркениеттері. Сақ, скиф, массагет, ғұндардың көшпелілік мәдениеті. Салт-дәстүрлері. Аңызға айналған кейіпкерлердің бейнелері. Сақ, массагет, скиф, сарматтар өнері: қару-жарақтық, сәндік-қолданбалы, мүсін, сәулет өнері. Сақ, массагет, скифтердің жауынгерлік өнері. " Шу-батыр" поэмасы. Жазуы. Сақтар мен массагеттердің мәдени құндылықтары. Көшпелілік мәдениеттегі кеңістік пен уақыт. Табиғат ескерткіштері мен сақ, массагет, скиф, сармат, ғұндардың материалдық мәдениет ескерткіштері. Орталық Азия ( Қазақстан) көшпелілерінің негізгі мәдени және техникалық жетістіктері. Сақ ойшылдары ( Токсарид, Анахарсис). Сақ өркениетінің ежелгі грек, ежелгі үнділік және ежелгі қытайлық өркениетпен мәдени өзара әрекеті. Сақ, массагет, сарматтардың көне қалалары. Сақ, массагет, скиф, ғұн, сарматтардың қасиетті (сакральды) мәдениеті. | Сақ, массагет, ғұн, үйсін және қаңлылардың мәдени мұрасы және олардың түркі халықтарының мәдени мұрасының қалыптасуындағы рөлі. | | 3 | |
| 6-апта. Арғытүркілердің мәдени мұрасы | | | | | |
| | Ғұндардың көшпелілік мәдениеті. Ғұндардың мифтері мен діни наным-сенімдері. Қазақстандағы көшпелілік мәдениет дамуының ғұндық кезеңі. Ғұн жазуы (әліпби, ғұндардың руна жазуы). Ғұн батырлары Еділ (Атилла). Аттила туралы поэма ("Атилланың Галлияға бірінші жорығы"). "Эдда" скандинав эпосындағы Аттила бейнесі ("Атли туралы сөз"). "Нибелунгтар туралы сөз". Испан трагедиясындағы XVI ғасырдағы драматург Кристобала | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Вируестің Еділ батыр (Атилла) бейнесі – "Қаһарлы Аттила", Ц. Вернердің романтикалық драмасы " Аттила, ғұндар патшасы". Фольфганг Франк операсы "Аттила, ғұндар патшасы". Джузеппе Верди операсы "Аттила". Ағылшын ақыны Герберттің "Аттила" поэмасы. Француз ғалымы А. Тиерридің " Аттила тарихы" еңбегі. А. Соловьевтың "Аттила қазынасы" жұмысы. М. Султанбековтың " Аттила" пьесасы. С. Өтенияздың " Аттила" ғылыми зерттеуі.<br>Ғұндардың өнері. Ғұндардың аңдық стилі.<br>Көшпелі мәдениет дамуындағы прототүркі кезеңі. Энкида – прототүркілердің даңқты кейіпкері ( "Гильгамеш" поэмасы). Прототүркілердің өмірі мен тұрмысы туралы Аристей Проконнестің "Аримаспея" поэмасы . Б.д.д. I ғасырдағы прототүркілердің өмірі туралы Хань-Шижунь үйінен шыққан қытай ханшайымының "Аққудың әні".<br>Үйсін мен қаңлылар мәдениеті. Үйсін мен қаңлылардың құпиялары (мистерии), би өнері, музыкасы.<br>Ежелгі түркі өркениеті және оның ерекшеліктері. Ежелгі түркілердің космогониясы мен мифологиясы. Ата-баба культы. Тәңіршілдік. Тәңіршілдіктің құдайлар пантеоны. Ежелгі түркілердің салт-дәстүрлері мен рәсімдері. Аруақ культы. Ежелгі түркілердің руна жазуы. Ежелгі түркілердің қасиетті жазбасы " Алтун битиг" (Алтын кітап).<br>Қазақстан аумағын мекендейтін түркі халықтарының мәдени мұрасы . Түркі жазуы. Түркілердің көлденең жазуы. Түркі жазуының түрлері: соғдылық, брахми, манихейлік, ұйғыр. Түркі қағанатының мемлекеттік жазуы.<br>Руна жазуы. Руналық мәтіндер. Түркі кезеңінің мәдени ескерткіштері. Түркілердің мәдени ескерткіштері: Орхон-енисей, Ленско-Прибалтийлік, Алтай, Ертіс жағалауындағы, Шығыс-түркістандық, Орта | Сақ-массагет, скиф мәдениетінің антика әлемі мәдениетімен мәдени өзара әрекеті мен бір-біріне әсері<br>Нақты мысал келтіре отырып, еуразиялық кеңістіктегі ежелгі мәдениеттер, Қазақстанды мекендегендердің мәдени мұрасы мен жетістіктері туралы білімді көрсету. | "Ұлы Жібек жолы халықтарының мәдениетаралық | 4 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Азиялық (жетісулық руналар, ферғандық руналар, сырдариялық руналар) және Шығыс европалық ескерткіштер. Орхон-Енисей эпиграфиялық шығармасы. " Күлтегін ескерткіші", "Тонықөкке құрмет белгісі", "Білге Қағанға құрмет белгісі". Оғыз тайпаларының ескерткіштері: "Қорқыт Ата кітабы", "Оғыз-наме". Ежелгі түркі ақындары Йоллығ-тегін, Тонықөк.<br>Қағаз жасау технологиясы. Түркілердің ктіап баспасы. Түркі кітаптарының типтері мен формалары.<br>VI-дан VIII-ші ғасырға дейінгі түркілердің наным-сенімдері: буддизм, манихейлік, христиандық ( несториандық). Түркілердің аударма қызметі. "Майтрисимат" " Даналықты жетілдіру" (" Праджняпарамита"), "Патшаларға нұсқаулық" ("Раджвавадака"), " Абхидхармакоша" Васубандху поэмасының қолжазбасы ("Білім қазынасы" X ғ.), "Трипитака" буддизмнің негізні каноны буддалық мәтіндерді түркі тіліне аудару. Бешбалык қаласынан шыққан Шынгко Шелитутунг – буддалық сутралар " Суварнапрабхасаның" түркілік аудармашысы (Алтын жылтыр). Чисуй тудун, Пратья-шири, Кики түркі ақындары. Манихейлік әдебиет. Христиандық діни әдебиет.<br>Кошо-Цайдам ескерткіштері. Далалық өркениет. Далалық өркениеттің негізні құндылықтары.<br>Ежелгі түркілік өркениеттер мен жетістіктер. Кеңістік және уақыт түсінігі. Техника және көшпелілердің ежелгі технологиялары. Түркі аймағының мәдени-тарихи байлығы – мәдени мұра ретінде. "Мәдени мұра" бағдарламасы. Мәдени ескерткіштерді, Қазақстанның ежелгі көшпелілерінің мәдени ареалы мен қалаларын сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған мәдени саясаттың негізгі бағыттары. "Қазақстанның сакральды географиясы" бағдарламасы. | | коммуникациясындағы Қазақстан түркілері" тақырыбында реферат | |

| 7-апта. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | Жібек жолы: Қазақстан – Шығыс пен Батысты байланыстырушы ретінде. Орталық Азия аймағындағы мәдениеттер байланысы. Түркі және қазақ мәдениеті архетипіндегі ирандық компоненттер. Үнді және Орталық Азия мәдениеті сұхбаты. Үнді мәдениеті мен түркі өркениетінің өзара ықпалы. Түркі және ислам мәдениеттерінің өзара әсері мен өзара әрекеті.<br>Ортағасырдағы түркі мәдениеті. Философия мен ортағасырлық ғылымның дамуы. Әл-Фараби: философиялық, әлеуметтік-этникалық және эстетикалық көзқарастары. Ортағасыр мәдениеті мен ғылымының қалыптасуындағы әл-Фарабидің үлесі. Математиканың дамуы. Өнер, әдебиет, сәулет өнері, техниканың дамуы. Ортағасырлардағы Қазақстан мен Орталық Азиядағы білім.<br>Ғылым мен медицина дамуы. Хорезми ұлы ортағасырлық ғалым-математик. Әбу Рейхан Бируни және Ғалам. Әбу Рейхан Бируни математик және мәдениет тарихшысы ретінде. Әбу Әли ибн Сина және оның "Емдеу ғылымдары каноны" еңбегі. Орталық Азиядағы қоғамдық және жаратылыстанулық ғылымдар. Университеттердің дамуы.<br>Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар: Исфиджаб (Сайрам), Баласағұн, Отрар, Суяб, Тараз, Шаш (Ташкент), Шымкент. Олардың ортағасырлық Қазақстандағы мәдени өмірдің дамуындағы рөлі.<br>Орталық Азиядағы қалалық мәдениеттің гүлденуі. Нишапур, Хорасан, Систан, Термез, Самарқан, Бұхара, Хорезм ғылым, білім, сәулет өнері және өнер орталықтары ретінде. Орталық Азия қалалары діни (буддизм, зороастризм, несториандылық, манихейлілік және т.б.) білім беру орталығы ретінде. | Түркілердің мәдени мұрасы қазақ мәдениетінің қалыптасуына әсер ететін фактор ретінде Түркілердің әлемдік мәдениет пен өркениеттің дамуына қосқан үлесі мен ортағасырлық Ренессанстың қалыптасуындағы рөлін бағалау.<br>Алдыңғы Азия, Иран, Орталық Азияның әр түрлі халықтарының исламдық мәдениеттің қалыптасуына қосқан үлесін шынайы түрде бағалау. | "Түркілік Қайта Өрлеу және оның әлемдік | 4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Орталық Азия қалаларының сәулет өнері. Орталық Азияның сарайлық мәдениеті. | | мәдениет мұрасындағы орны" тақырыбында сараптамалық эссе | |
| 8-апта. Түркілердің мәдени мұрасы | | | | |
| | Қарахан кезеңіндегі мәдениет. Қарахандар кезеңінің материалдық, қалалық мәдениеті. Түркі кезеңіндегі техниканың дамуы. Материалдық мәдениет ескерткіштері.<br>Әл-Қашқари және оның түркі әдебиеті мен тілінің қалыптасуындағы рөлі. Әл-Қашқари – түркі әлемінің ақыны. Әл-Қашқаридің "Түркі сөздерінің жинағы" еңбегі.<br>Жүсіп Баласағұн және оның "Құтты білік" еңбегі. Ахмед Үйгінеки, Сулеймен Бақырғани және олардың түркі мәдениетіне қосқан үлестері. Ахмед Үйгінеки – "Хибат ал(ул)-хакайык" поэмасының авторы (" Ақиқат сыйы"). Қазақстанда исламның таралуы. Ортағасырлық түркі мәдениетінің ерекшелігі: ислам және номадизм.<br>Моңғолдық кезең және ортағасырлық Қазақстандағы түркі халықтары мәдениетінің дамуына ықпалы. Хорезмшах билігі кезіндегі ғылымның дамуы. Медицина: Зайн әл-Дин Горганидің (Джурджани) " Хорезмшах қазынасы" кітабы. Хорезмшах кезеңіндегі әдебиет. XII ғасыр ақыны Рашид ад Дин Умари ( 1114-1177). Жазушы Низами Арузи Самарканди және оның "Сирек кездесетіндердің жинағы, немесе Төрт сұхбат" кітабы. Хорезмшах тұсындағы мәдени өмір (сәулет өнері, керамика).<br>Сопылық Қайта Өрлеу. Ахмет Яссауидің тұлғасы мен қызметі ( 1093-1166). "Диуани Хикмет" кітабы . Наджм ад Дин Кубра (1145-1220) және оның рухани өмір жобасы. " Құдай халқының жолы" трактаты. Сопылық ақын Нишапурлік Фарид ад-Дин Аттар (1145-1221) және оның "Құстардың әңгімесі" аллегориялық поэмасы. Самұрық құс бейнесі. Суфизм моңғол шапқыншылығына дейінгі Орталық | | "Түркілердің мәдени мұрасының еуропалық және исламдық әлемге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Азиядағы қуатты діни қозғалыс ретінде. Түркілердің мәдени құндылықтары мен дүниетанымына суфизмнің әсері. Ағартушылық жетістіктерінің жоғалуы.<br>Моңғол шапқыншылығы мәдени апат ретінде. Моңғол билігі кезіндегі суфизмнің дамуы. Бахауддин Накшбанд (1318-1389) жаңа діни қозғалыстың негізін салушы ретінде. Суфизмнің накшбандия орденінің ислам әлемінің рухани өміріне әсері. Суфизм музыкасы мен поэзиясы.<br>Алтын Орда кезеңінің мәдениеті. Материалдық және рухани мәдениет . Рухани құндылықтар. Өнер. Діни наным-сенімдер. Салт-дәстүрлер. Алтын Орданың негізгі технологиялық жетістіктері.<br>Ақсақ Темір кезеңіндегі мәдениет. Ақсақ Темірдің (1336-1405) билігі кезіндегі Орта Азиядағы мәдени және ғылыми өмірдің қайта жандануы. Сәулет өнері. Шахрисабздағы Ақсарай. Самарқан орталығындағы Бибі-Ханым мешіті. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі.<br>Мұхаммед Тарағай билігі кезіндегі сарайлық мәдениеттің гүлденуі. Мешіт пен медресе құрылысы. "Ислам бақтарының" жасалуы. Байсунгуренің кітап сақтау қоймасы және өнерлер орталығы. Өнер және сәулет өнері. Миниатюра. Фреска өнері.<br>Ұлықбек (Мұхаммед Тарағай) астрономия ғылымының дамуы. Математиканың дамуы. Джамшид әл-Каши (1380-1429) және Әли Кушчи (1402-1474): астрономия мен математиканың дамуына қосқан үлестері. Ұлықбек обсерваториясы. "Гургандық зидж" ("Астрономиялық таблицалар жинағы") жинағы – XV ғ . аспан денелері туралы беделді нұсқаулық. Ақсақ Темір кезеңіндегі білім мен ғылым. Ақсақ Темір кезеңіндегі техниканың дамуы. Сопылық поэзияның дамуы. Нуриддин Джами (1414-1492) накшбандия орденінің ұлы сопылық ақыны. "Әулиелердің салтанатты | Ортағасырдағы Қазақстандағы түркі мәдениеті және оның еуропалық және исламдық мәдениетке әсері. | әсері" тақырыбына салыстырмалы таблица жасау. | 4 | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұлылығынан достықтың жарылуы" жинағы сопы прозасының көрсеткіші ретінде.<br>Әлішер Науаи (1441-1501) – ұлы түркі ақыны. Шағатай тілінің дамуы. Камолиддин Бехзад (1450-1537) және мұсылман әлеміндегі көркем сурет стандарттарының жасалуы. 15 ғ. сәулет өнері. Тимуридтер әулетінің эстетикасы және оның Ұлы Моғол империясының мәдениетіне әсері. Ұлы Моғолдар мәдениеті. Үнді-түркі Ренессансы. Сәулет өнері, ғылым, математика, астрономияның дамуы және моғол мәдениетінің технологиялық жетістіктері.<br>"Сакральды (қасиетті) Қазақстан" бағдарламасы. Түркі кезеңінің мәдени ескерткіштерін қалпына келтіру мен сақтау. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Көне қала Тараз және өзге де мәдени объектілер қазақ халқының мәдени бірегейлік пен қазақтардың мәдени мұрасының құраушысы ретінде. | | | | |
| 9-апта. Қазақ мәдениетінің қалыптасуы | | | | | |
| 9 | Қазақтардың эпикалық мәдениеті. Қазақ халқының мифтері мен аңыздары. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің қалыптасуы. Халықтық поэзия формалары. Ақын-жыраулардың музыкалық шығармашылығы. Халық ауыз шығармашылығындағы агон. Ұлы қазақ билері. Қазақ даласының шешендері. Қазақ тіліндегі тілдік этикет. Мәдени құндылықтар және батырлар этикасы. Қару-жарақты игеру шеберлігі. Қазақ сәндік-қолданбалы өнері. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің этикалық құндылықтары. Спорттық ойындар. Қазақ халқының дәстүрлері, рәсімдері, салттары. Өмірлік кезең салттары: туылу, ер жету, өлім. Жерлеу рәсімі. Үйлену рәсімі. Халықтық мерекелер. Наурыз. Халық әндері. Дәстүрлі билер. Халықтық ойындар. Қазақтардың технологиялық жетістіктері.<br>Ұлттық музей-қорық жобалары: Ботай, Сарайшық, Бозок. Бекет Ата | Түркі мәдениеті мен өркениеті және олардың Ұлы Жібек жолы халықтарының мәдениеті дамуындағы мәдени-өркениеттік рөлі.<br>Исламның таралу ерекшеліктерін және оның қалыптасуының мәдени бастауларын сыни тұрғыдан бағалай білу. | | 3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мәдени объектісі, Ақсу Жабағлы, Көржалғын, Тамғалы мәдени рәміздер және қазақ халқының мәдени бірегейлегінің географиялық құраушысы ретінде. | | - | |
| 10-апта. XVIII ғ. – XIX ғ. соңы аралығындағы қазақ мәдениеті | | | | |
| 10 | Дәстүрлі дүниетаным дағдарысы. Қазақ Ағартушылығы феномені. Ш. Уәлиханов және оның шығармашылығы. Абай ұлы қазақ ақыны және ойшылы ретінде. Шәкәрім шығармашылығы. Ы. Алтынсарин көрнекті ағартушы және педагог ретінде. Құрманғазы, Тәттімбет, Жаяу Мұса және т.б. музыкалық шығармашылығы.<br>Қазақ мәдениетіндегі "Зар заман" феномені. Қазақтың қоғамдық ойы және XIX-XX ғғ. аралығында қазақ әдебиетіндегі негізгі бағыттар. Қазақ зиялыларының ірі өкілдерінің негізгі идеялары: Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Т. Рысқұлов және т.б.<br>Сакральды (қасиетті) қазақ мәдениеті. Қазақстан аумағындағы сакральды мәдениет ескерткіштері. " Мәдени мұра" бағдарламасы. Қазақ халқының мәдени мұрасы. XVIII-XIX ғғ. қазақ өнері мен әдебиеті. Қазақ өнерінің негізгі құндылықтары. XVIII-XIX ғғ. қазақ философиясының негізгі жетістіктері. Этникалық бірегейліктің қалыптасуы мен қазақ халқының бірігуіндегі қазақ мәдениетінің рөлі. Қазақ тілі және оның ұлттың мәдени кодын сақтаудағы рөлі. | Ұлы Жібек жолы халықтарының мәдениеті: Европа, Ресей халықтарымен мәдени өзара әрекет формаларын салыстыру және айқындау: паттерндері мен жетістіктері.<br>Түркілердің әлемдік мәдениеттің дамуына қосқан үлесі мен Шығыс-Батыс сұхбатына әсерін шынайы тұрғыдан бағалау.<br>Түркі халықтарының мәдениет ескерткіштерін салыстыра білу және Орталық-Азиялық және Таяу Шығыс аймақтарындағы халықтардың рухани дамуына әсерін айқындау.<br>Орталық Азия қалалық мәдениетінің даму ерекшеліктерін сыни тұрғыдан бағалай білу.<br>Сакральдық мәдениеттің 100 ескерткіші мен қазақ даласының мәдени мұрасына қатысты білімді көрсете білу. | - | 4 |
| 11-апта. XX ғасырдағы қазақ мәдениеті | | | | |
| | Кеңестік кезеңдегі қазақ мәдениеті. Тоталитарлық-әкімшілік жүйе және ұлттық мәдениет. Елдің индустриализациясы. Ел | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 | индустриализациясындағы ғылыми-техникалық зиялы қауымның орны мен рөлі. Мәдени саясаттың қайшы үрдістері. Қазақстандық ғылымның, білім және мәдениет институттарының қалыптасуы мен дамуы. Қазақ зиялы қауымының қазақстандық мәдениет пен халықтың мәдени дамуындағы сабақтастықты сақтаудағы үлесі. XX ғ. Қазақстанның белгілі ғалымдары. Қазақ өнерінің дамуы: кескіндеме, мүсін, сәулет өнері, опера, балет, музыка, XX ғ. драматургиясы. XX ғ. белгілі опера орындаушылары . XX ғ. Қазақстан әдебиеті. XX ғ. кеңестік қазақ жазушылары. Қазақ киносының қалыптасуы мен дамуы. Кеңестік қазақ кинорежиссерлері мен киноәртістері. XX ғ. Қазақстандағы киноиндустрияның дамуы. XX ғ. Қазақстандағы гуманитарлық ғылым. Қазақ халқының руханилығын сақтау, қазақ халқының ұлттық өзіндік санасын, қазақ халқының рухани құндылықтарын қалыптастырудағы қазақ гуманитаристикасы мен зиялы қауымының рөлі. Қазақ мәдениетінің дамуындағы зиялы қауымның шығармашылық үлесі. | Тарихи өлшемдегі қазақ мәдениеті: қазақ халқының мәдени мұрасы.<br>Қазақ халқының мәдени мұрасын сыни тұрғыдан бағалау.<br>Қазақтардың мәдени мұрасын, мәдени құндылықтары мен батырлар этикасын, ақындық мұра мен өнерін, қазақтардың спорт мәдениетін бағалау. | | 3 | |
| 12-апта. Қазіргі әлемдік үдерістер аясындағы қазақ мәдениеті | | | | | |
| | Жаһандану және этно-аймақтық мәдениеттердің өзін-өзі бірегейлендіру мәселесі. Қазақ мәдениеті және түркі әлемі. Қазіргі Қазақстанның мультимәдени кеңістігіндегі қазақ мәдениетінің орны. Заманауи қазақ мәдениетіндегі рухани дәстүрлер мен жаңашылдық үдерістер. Әлемнің ұлттық бейнесі және мәдени репрезентация. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Қазақстанның қазіргі өнеріндегі негізгі үрдістер мен бағыттар. Қазақ мәдениетінің іздерін (паттерн) сақтау, қазақ тілін дамыту мен оның мәдени кеңістігін кеңейту, қазақ халқының рухани құндылықтарын сақтау мен ұлықтаудағы гуманитарлық зиялы қауымның рөлі . Заманауи қазақ өнерінің негізгі жанрлары: әдебиет, кескіндеме, театр, сәулет өнері, музыка, кино, телеведение.<br>Қазақстандағы заманауи бұқаралық мәдениет. Қазақстандағы шоу мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы. Қазақстанның қазіргі өнерінің дамуындағы жаңа үрдістер мен медиа-мәдениет қауіп-қатерлері.<br>Қазақстандық киноның заманауи үрдістері. Заманауи қазақ киноөндірісінің даму болашағы мен мәселелері. Қазақстандық кинорежиссерлер. Қазақ киножұлдыздары. Ең жақсы қазақ кинолентaлары. Қазақстандағы кинофестивальдар. Мереке тойлау мәдениетінің дамуындағы қазақстандық кинофестивальдардың рөлі. Мәдениетаралық коммуникацияның дамуындағы қазақстандық кинофестивальдардың орны. Қазақстандық кинофестивальдар заманауи қазақстандық мәдениет жетістіктерін тарату алаңы ретінде. Ұлттық бірегейліктің, медиа-мәдениет парадигмасындағы қазақ халқының ұлттық дүниетанымындағы және ынтымақтастығын қалыптасуындағы мәселелер мен төзімділік ұстанымдары.<br>Теледидар мәдениет феномені ретінде. Қазақстандағы заманауи теледидардың дамуы. Қазақстанның телевизиялық драматургиясы.<br>Дәстүрлі қазақ және заманауи қазақ мәдениеті. Қазақ халқының мәдени коды. Қазақ ұлттық мәдени кодын сақтау мәселесі. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің рухани құндылығы және Қазақстан жағдайындағы батыс құндылықтарының сіңіру мәселелері. Өнердің | Қазақстан мәдениеті: мәселелері мен болашағы | "XX-XXI ғғ. Батыс Еуропаның жастар субмәдениеті және олардың қазақстандық жастардың | 5 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | коммерциялануы. Қазақ халқының мәдени бірегейлігін сақтау мен қазіргі қазақстандықтың мәдени-рухани келбетін қалыптастыру, ұлтжандылыққа, өз Отанына, ұлттық мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу, қазақ халқының рухани мұрасы, рухани құндылықтарын, қазақ халқының мәдени кодын сақтау, әлемдік мәдениет құндылықтарына қосудағы отандық өнердің рөлі. | | құндылықтық жүйесіне әсері" тақырыбына презентация жасау. | |
| 13-апта. Жаһандану аясындағы қазақ мәдениеті | | | | |
| | Жаһандану жағдайындағы қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мәселесі. Қазақстан мұражайлары және олардың мәдени мұраны сақтаудағы рөлі. Қазақ халқының мәдени мұрасын таратудағы ҚР мұражайлары. Қазақ халқының мәдени-этникалық жадысын сақтаудағы мұражайлардың рөлі. "Мәдени мұра" бағдарламасын, мұражай-қорықтар, Қазақстанның мәдени және табиғи ескерткіштер жобасын жүзеге асыру.<br>Бекет-Ата мәдени объектісі, Ақсу Жабағлы, Көржалғын, Тамғалы мәдени рәміздер және қазақ халқының мәдени бірегейлегінің құраушысы ретінде.<br>Қазақстан қоғамының жаңғыруы мен жаһандану жағдайындағы қазақтардың мәдени, этникалық (ұлттық), діни бірегейлігінің сақталу мәселесі. Жаңа мәдени парадигмалар мен жаңа рухани бағдарлар. Жаңа парадигмалды (көпшілікке ортақ) құндылықтық ұстанымдардың қалыптасуы: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, білімнің ерекше орынға ие болуы (культі). Бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, білімнің ерекше | | ""Мәдени мұра" бағдарламасы және оның маңызы" тақырыбы бойынша жобалық зерттеу, нәтижелерін презентациялау, оларды дәлелдеу және қорғау.<br>Мұражай, көрмелерге бару. Аймақтық, мәдени ескерткіштер | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13 | орынға ие болуының (культі) жағымды ұстанымдарына негізделген дұрыс әрекет ету модельдері мен мәдени өзара қарым-қатынастың қалыптасуына қазақстандық мәдениеттің әсері мен рөлі. Рухани құндылықтық бағдарлар, жалған, бүлдіруші құндылықтар мен мінез-құлық және коммуникация модельдеріне қарсы Қазақстан азаматтарының жаңашылдық әрекет ету модельдерін қалыптастырудағы отандық өнер мен мәдени институттардың рөлі.<br>Жастар субмәдениеті және рухани, моральдік, эстетикалық және діни құндылықтар. Білім культі, прагматизм және бәсекеге қабілеттілік, мәдени бірегейлік пен ынтымақтастық, қазіргі қазақстандық жастар арасында Отанға деген ұлтжандылықты қалыптастыру мен тәрбиелеудегі мәдени институттардың рөлі. Қазіргі қазақстандық жастар арасында оң қазақстандық руханилық пен құндылықтарды қалыптастыру, жалған және таңылған (мәдени, діни) бірегейлік формаларын жеңу.<br>Қазақстанның басты мерекелері мәдени мұра ретінде. Қазақстандағы мереке мәдениетінің қалыптасуы. Мәдени паттерндер (іздер) және қазақстандық мерекелік мәдениеттің рухани құндылықтары.<br>Қазіргі жағдайдағы қала мәдениетінің дамуы. Қала мәдениетінің негізгі құндылықтары. Астананың архитектуралық келбеті. Астананың қалалық мәдениетінің семиотикасы. | Қазақ ұлтының мәдени коды.<br>Мәдени және этникалық бірегейлікті сақтаудағы қазақ ұлтының мәдени кодының рөлін сараптау.<br>Көрсете білу | мен көрнекті орындар бойынша сараптамалық анықтамалар мен | 5 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қазақстандағы мульти-медиа-мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы. Мәдени, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі. | | ақпараттық материал дайындау. | |
| 14-апта. Қазақстанның мәдени саясаты | | | | |
| 14 | Мәдени саясат ұстанымдары: "ҚР Мәдениет туралы заңы". Қазақстандағы мәдени реформалардың негізгі ұстанымдары. Қазақстандағы рухани жаңғыру үдерістерінің әлеуметтік-мәдени астарлары. Мәдени саясат модельдері мен қоғамның басты құндылықтар жүйесінің байланысы. Мәдени саясаттың қазақстандық моделі. "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясының қалыптасуы көпұлтты және поликонфессионалды қазақстандық қоғам мен оның мәдени қорының бірігуі ретінде. Қазақстан Халқы Ассамблеясы және оның қазақстандық қоғамның мәдени шығармашылығындағы рөлі. Этникааралық және конфессияаралық келісім мәселесі. Қазақстандық өркениетті әлемдік стандарттар мен паттерндер деңгейінде ілгерілетудегі қазақстандық мәдениет, қазақстандық зиялы қауымның рөлі. Әлемнің ұлттық бейнесін қолдау. Заманауи қазақстандық қоғамға отандастардың мәдени бейімделу мен қосылу (интеграция) мәселесі. Жаңғыртудың екінші және үшінші толқынының жаңа қауіп-қатерлері форматында жас ұрпақтың нақты мәдени жағдайға бейімделу ( инкультурация) мәселесі. Жаңа құндылықтық бағдарлардың қалыптасуы, халықтың қоғамдық санасының жаңғыруы, рационалды өркениетті дүниетанымның жаңа жүйесіне шығу. Қоғамдық сананы жаңғырудың негізгі бағыттары: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, білімнің ашықтығы, білімді құрметтеу (культ). Қазақ мәдениетінің мәдени және өркениеттілік бірегейлік мәселесі. | ХХ ғ. мәдениеті, медиа-мәдениет және постмодернизм мәдениеті және олардың адамның жаңа құндылықтық жүйесінің және мінез-құлық модельдерінің қалыптасуындағы рөлі. Нақты мысалдар арқылы бұқаралық және заманауи медиа-мәдениеттің негізгі құндылықтары мен паттерндері, постмодернизм мәдениеті сипаттамалары туралы білімді көрсету. | "Ұлттың мәдени кодын сақтаудағы қазақ тілі мен қазақ мәдениетінің рөлі" тақырыбына эссе-пікірталас. | 4 |
| 15-апта. "Мәдени мұра" Мемлекеттік Бағдарламасы | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 15 | "Мәдени мұра" Мемлекеттік Бағдарламасы мәдени саясат саласы ретінде. Дәстүр мен жаңашылдықтың даму реті ( динамика), мәдени тәжірибенің сабақтастық және тарату механизмдері. Мәдениет экологиясы: қиындықтары мен мәселелері. Қазақстандықтардың экологиялық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы. Жергілікті тарихты қарастыру жұмысын жасау мен дамытудағы мәдени институттар, мәдени ұйымдардың рөлі. Жергілікті тарихты қарастыру, мәдени-тарихи ескерткіштерді және жергілікті, аймақтық көлемдегі мәдени объектілерді қалпына келтіру мен сақтаудағы мұражай, білім беру мекемелері мен ұйымдарының рөлі. Табиғи ескерткіштерді жасау мен сақтау бағдарламасы Қазақстанның мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде. Мәдени мұра бағдарламаларының дамуындағы ЮНЕСКО халықаралық ұйымдарының рөлі.<br>Мәдени туризмнің дамуы және оның "Туған ел", " Қазақстанның сакральды географиясы", "Жаһанданған әлемдегі қазіргі қазақстандық мәдениет", "Сандық Қазақстан" жобаларының қалыптасуы мен жүзеге асырылуындағы рөлі. Мәдени, мәдениеттік зерттеулер әдіснамасы.<br>Қазақстандағы гендерлік саясат. Гендерлік рөлдер және гендерлік мінез-құлық мәселелері. Гендерлік мәдениеттің негізгі құндылықтары.<br>Қазіргі заманғы қазақстандық мәдениеттің рухани құндылықтарының негізгі | Қазақстандағы саясат мәдениеті және оның қазақ халқының мәдени бірегейлігін сақтау мәдени стратегиясын қалыптастыруға тигізетін әсері. | Кейс форматында " Медиа-мәдениет және " Сандық Қазақстан" | 4 | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | паттерндері. Қазақстанның ең танымал тұлғалары. Қазақстандық мәдениеттің жүз есімі. Қазақстанның ұмытылмас жүз орны. Қазақ мәдениетінің жүз рәмізі. " Қазақстанның 100 жаңа есімі" жобасы. "100 жаңа есім" аймақтық жобасы. Қазақстанның дене шынықтыру мәдениеті. Ұлттық спорт түрлері. Қазақстандағы дене шынықтыру құндылықтары. Жаһандану аясындағы білім беру мәселесі. Интеллектуалды ұлт жаңа моделін қалыптастыру мәселесі. Қазіргі Қазақстандағы ғылым мен техника. Компьютерлік сауаттылық және мәдениет. " Сандық Қазақстан" жобасы. Білімнің толеранттылығы, ашықтығы мәдениеті. Мәдениетаралық және этникааралық коммуникацияның жаңа құндылықтары. | | моделі: болашақ қазіргі заманның аясында" жағдайды талдау | |

Ескерту: 1 академиялық кредит - 30 академиялық сағат

Барлығы: 2 академиялық кредит - 60 академиялық сағат

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. НА пороге XXI века. – Астана, 2016

2. Назарбаев Н.А. "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания". – Астана, АКОРДА, 2017 / http:// www. akorda. kz/ ru

3. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее. – Астана, 2017.

Негізгі:

1. Аль-Фараби социально-этические трактаты. – Алма-Ата, 1972.

2. Баласагуни Ю. Благодатное знание / пер. С.Н. Иванова. – М., 1983.

3. Бейсенова Г.А. Проблемы глобализации и идентичности – А., Print, 2009.

4. Бейсенова Г.А. Проблемы образовательного знания в диспозитиве культуры. – Алматы: Искандер, 2005 .

5. Барнард Алан. "Антропология тарихы мен теориясы"/пер. на каз.яз. Под руков. Кульсариева А.Т., Масалимова А.Р. – А., 2017.

7. Всеобщая история живописи. – М., ЭКСМО, 2010.

8. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.

9. Габитов Т.Х. Казахи: Опыт культурологического анализа. – Saarbrücken: Germany Academic Publishing GmbH & Co. Kg lap lambert. - Heinrich-Böcking-Str. 6-8, 66121. - KG LAP LAMBERT, ГЕРМАНИЯ, 2012.

10. Габитов Т.Х., Абдигалиева Г.К., Исмагамбетова З.Н. Философия культуры: Учебник для студентов вузов и колледжей. – Алматы: Эверо, 2013

11. Ғабитов Т.Х., Затов Қ. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. - Алматы: Раритет, 2013.

12. Габитов Т.Х., Муталипов Ж., Кулсариева А. Культурология. - Алматы, Раритет, 2008.

13. Tursun Gabitov. Actual Problems of Kazakh Culture. Kazakh Culture Challenges. - Монграфия. - Саарбрюкен: Ламберт. - Publishing, 2016.
14. Древние цивилизации. - М., 2009.
15. Жолдубаева А.К. Культурология: практикум. - Алматы: Казну им.аль-Фараби, 2014.
16. История культурологии под ред. Огурцова А.П. - М., Гардарики, 2006.
17. Каиржанова А. Palaeoturcica. Мир древних тюрков. – Алматы, 1999.
18. Карабаева А.Г. Эпистемологические этюды. – Монография. - А., Қазақ университеті, 2016.
19. Кондыбаев С. Введение в казахскую мифологию. – Алматы. 1999.
20. Курмангалиева Г.К., Нысанбаев А.Н., Соловьева Г.Г., Сейтахметова Л.Н. Наследие аль-Фараби и современная философия взаимопонимания. – Алматы. 2011.
21. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М-Л, 1951.
22. Маргулан А. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. - Алма-Ата, 1979.
23. Масалимова А.Р. Культура и цивилизация. – А., 2005.
24. Махмуд аль-Кашгари Диван Лугат ат-Турк / Пер. З.-А.М. Ауэзова. – Алматы, 2005.
25. Мирзабекова А.Ш. Проблема культурной идентичности в социальной философии. – Монография. – Караганды: Болашак-Баспа, 2006.
26. Мир ценностей аль-Фараби и аксиология XXI века. Книга.2. – Алматы, 2006.
27. Молдабеков Ж.Ж. Казактану. - Алматы, 2015.
28. Молтобарова К.И. Мәдениеттану. - А, 2018.
29. Наследие аль-Фараби и формирование нового интегрального мировоззрения. коллективная монография./ под общ.ред. з.к. шаукенова. – алматы: ифпр кн рк, 2012.
30. Никонов А.Ю. Алутун билиг. Тенгрианство. – Алматы. 2000.
31. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология. - Алматы, 2011.
32. Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. – Алматы, 2012.
33. Раев Д.С. Влияние тюркской цивилизации на средневековую европейскую культуру//Известия КаУМОиМЯ имени Абылай хана, №4 (26), 2016. (с.13-21).
34. Раев Д.С. Тенгрианство как религиозно-духовное мировоззрение тюрков-кочевников//"Тенгрянство и наследие народов Евразии: истоки и современность": сборник статей YI-й Межд. науч.-прак. конф. (14-16 июня 2017 г., Астана, Казахстан) 1-ое изд., стер. –Астана: ТОО Мастер По, -2017. -495 с. (323-327 бб.).
35. Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. –Алматы: Ценные бумаги. –2001. –228 б.
36. Сарсенбаева З.Н. Этнос и ценности. – 2-е изд. перераб. и доп. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОНРК, 2018.
37. Старр С.Ф. Утраченное Просвещение: Золотой век Центральной Азии от арабского завоевания до времен Тамерлана. – М.: Альпина Паблишер, 2017.
38. Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI-VIII веков. – М, 1965.
39. Полная энциклопедия живописи. – М., Астрель, 2009.
40. Шәлекенов У.Х. Қазақ өркениеті – Алматы; Қазақ университеті, 2009.
Қосымша:
1. Акимбеков С.М. История степей: феномен государства Чингисхана в истории Евразии. – Алматы: ТОО "Институт Азиатских исследований". 2-е издание, исправленное и дополненное, 2016.
2. Акимушкин О.Ф. Средневековый Иран: культура, история, филология. – СПб, 2004.
3. Акишев К.А. Искусство и мифология саков. - А., 1984.
4. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы, 1998.
5. Барманкулов М. Хрустальные мечты тюрков о квадронации. – Алмат, 1998.
6. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Средняя Азия и Восточный Туркестан. – Алматы, 1997.
7. Ганиев Р.Т. Восточно-тюркское государство в VI - VIII вв. - Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2006.
8. Геродот История. В 9 кн. Кн.4. – М., 1999.
9. Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии: Эпоха и цивилизации. - М., 1993.
10. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М., 2008.

11. Грушевицкая Т.Г. Культурология: учеб. пособие /Т.Г.Грушевицкая, А.П.Садохин. – М.: Альфа-М: ИНФРА-М, 2015.
12. Данильян О.Г. Культурология: учебник /О.Г.Данильян, В.М.Тараненко. – 2-е изд. – М.: ИНФРА-М, 2014.
13. Даукеева С. Философия музыки Абу Насра Мухаммада аль-Фараби. – А., 2002.
14. Делез Ж. Кино. – М.: Ад Маргинем, 2004.
15. Закон о культуре. - А., 2000.
16. Ибраев Ш. Поэтика огузского героического эпоса. – Алматы, 1997.
17. Касымжанов А.Х. Стелы Кошо-Цайдама. – А.: ТОО "Компания Printing Systems", 1998.
18. Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. - А., 2001.
19. Кастельс М. Галактика. Интернет. – Екатеринбург: У-Фактория, 2004.
20. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И., Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алама-Ата, 1992.
21. Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. – СПб, 2006.
22. Кляшторный С.Г. Древние рунические надписи. – М., 1964.
23. Крадин Н.Н., Скрынникова Т.Д. Империя Чингис-хана. - М.: Восточная литература, 2006.
24. Крадин Н.Н. Кочевники Евразии. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007.
25. Культурология. Антология. Т. 1-4. - М., 2012.
26. Культурология: учеб. / под ред. А.С.Мамонтова. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2016.
27. Культурология: учебник /под научн. ред. Г.Д.Драча. – 2-е изд., стер. – М.: КНОРУС, 2014.
28. Луман Н. Реальность массмедиа. – М.: Праксис, 2005.
29. Лукиан из Самосаты. Избранная поэзия. – М., 1991.
30. Маклюэн Г.М. Галактика Гутенберга. Становление человека читающего. – М.: Академический проект, 2005.
31. Melikoff I. Ahmad Yesevi and Turkic Popular Islam, Electronic Journal of Oriental Studies - 2003. №6, № 8.
32. Молдабеков Ж.Ж. Интеллектуальная нация. Стратегический курс и культурно-национальные факторы становления. – А.: КазНУ им. аль-Фараби, 2015.
33. Мутанов Г.М., Таджикова К.Х., Хасанов М.Ш., Нурышева Г.Ж., Курмангалиева Г.К., Сейтахметова Н.Л., Сыргакбаева А.С., Джаамбаева Б.А. / под общ.ред. Г.М. Мутанова. Аль-Фараби и современность: учебное пособие - Алматы: казак университеті, 2014. – 223 с.
34. Нурышева Г. Ж.,Сыргакбаева А.С., Хасанов М.Ш., Джаамбаева Б.А., Мутанов Г.М., Сейтахметова Н.Л. Әл-Фараби және қазіргі заман - А., Қазақ университеті ", 2014г.
35. Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. - Алма-Ата, 1994.
36. Отенияз Самат Атилла. – Алматы, 2000.
37. Раевский Д.С. Модель мира скифской культуры. – М., 1985.
38. Раев Д.С. Қазақ шешендігі адамның рухани болмысы хақында//Адам әлемі. Философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журнал. №4 (58), 2013. (75-82 бб.).
39. Раев Д.С. Тюркское влияние на Европейсую культуру в эпоху раннего средневековья//Научный журнал "Austria Science", №8 2017. (20-23 с.).
40. Раев Д.С. Қазақ шешендігі адамның рухани болмысы хақында//Адам әлемі. Философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журнал. №4 (58), 2013. (75-82 бб.).
41. Разлогов К.Э. Мировое кино. История искусства экрана. – М.: ЭКСМО, 2011.
42. Рахманалиев Р. Империя тюрков. История великой цивилизации / науч.ред. Н.Н. Цовма. – М.: РИПОЛ классик, 2017.
43. Сарткожа-улы К. Гуннское письмо // Алем. Альманах. Вып.1. – Алма-Ата, 1991.
44. Сегизбаев О.А. История казахской философии: от первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия: Учебник для вузов. Алматы: Гылым, 2001.
45. Сыргакбаева А.С. Некоторые особенности урбанизма в Казахстане/ ҚазҰУ хабаршысы. Серия: Философия, политология, культурология сериясы . - Алматы., 2010г. N 1, с. 87-91.
46. Стеблева И.В. Жизнь и литература доисламских тюрков: историко-кульутрный контекст древнетюркской литературы. – М.: Вост. лит.,2007.

47. Тер-Минасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация"./ пер на каз.яз. – А, 2018.
48. Фромкин В., Роберт Родман, Нина Хайамс Тіл біліміне кіріспе /пер. На каз.яз.". - А.,2017.-
49. Ли Энн Гек, Гайс Рип Медиа "Этика жас мамандардың тәжірбиесінен" / пер. На каз.яз. – А., 2017.
50. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. // Геополитика: Антология, - М., 2006.
51. Шваб Клаус Мартин "Төртінші индустриалық революция" / пер на каз.яз. – А., 2017.

Психология

| № | Пәннің мазмұны | Семинар (практикалық) сабақтар тақырыптары | Білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары | Сағаттар саны |
|---|---|---|---|---|
| Психологиядағы ұлттық сананы қалыптастыру контекстіндегі тұлға | | | | |
| 1 апта: Психологияға кіріспе | | | | |
| 1 | Психология ғылым ретінде. Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологияның орны және міндеттері. Заманауи тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы психология мен психологиялық білімдердің мәні. Психологияның әдістері. Психология тиімді өмір сүруге ықпал ететін ғылым және практика ретінде (бизнес , спорт, денсаулық сақтау, жарнама психологиясы). | Заманауи психологияның салалары | Эссе "Психология менің өмірімде және кәсібімде". | 4 |
| 2 апта: Мен және менің мотивациям | | | | |
| 2 | Мотивация және өзіндік мотивация. Мотивациялық сфераны жалпы ұйымдастыру. Мотивтер және қажеттіліктер. Мотив түрлері. Жетекші мотив.. Жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу мотивациясы. Мотивацияны зерттеу әдістері. Тұлғаның мотивациялық профилі. Тұлғаның мотивациялық сфераның бұзылуымен байланысты еңбек тиімділігінің төмендеуі. | Еңбек іс-әрекетінің мотивациясы | Кейс: "Ұйым қызметкерлерінің мотивациясын жетілдіру" | 4 |
| 3 апта : Эмоциялар және эмоционалдық интеллект | | | | |
| | Адам өміріндегі эмоцияның рөлі. Эмоцияны түсіну және эмпатияға қабілеттілік. Эмоцияны реттеудің әдістері мен механизмдері: эмоцияларды қайта қарастыру | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | және эмоцияларды басу. Эмоционалдық интеллект анықтамасы. Эмоционалдық интеллект когнитивті қабілет пен тұлғаның даралық сипаттамасы ретінде. Эмоционалдық интеллект диагностикасы және дамуы. | Эмоцияның әр түрлі мәдениеттерде көрінуі мен сезілуі | Эмоционалдық интеллектіні дамыту бағдарламасын құру. | 4 |
| 4 апта : Адамның ерік қасиеті мен өзін-өзі реттеу психологиясы | | | | |
| 4 | Психологиядағы ерік түсінігі. Ерікті актінің құрылымы. Шешім қабылдау және таңдау мәселесі.. Ерік және тұлға. Тұлғаның өзін-өзі реттеу психологиясы ( стресс-менеджмент). Стресс түсінігі. Стресс түрлері. Стресстің даму кезеңдері. Стресстің белгілері. Стресске жауап берудің жеке стилдері. Стресске тұрақтылық түсінігі. | Тәуелсіз қоғамдағы тұлғаның "ерік бостандығы" тұжырымдамасы. | Кейс "Кәсіби маманның ерік қасиеттерінің дамуы" | 4 |
| 5 апта: Тұлғаның даралық-типологиялық ерекшеліктері | | | | |
| 5 | Темперамент, мінез және қабілет.<br>Темперамент анықтамасы. Жүйке жүйесінің қасиеттері темпераменттің негізі ретінде. Темпераменттің анықтамасы. Темперамент типтері: холерик , сангвиник, флегматик, меланхолик. Темперамент пен мінездің ара қатынасы. Мінездің анықтамасы. Мінез акцентуациясы және тәрбие. " Ұлттық мінез" ұғымы. Тұлғаның қабілеті және нышандары. | Тұлғалық ресурстар ұлттық сананы сақтау мен дамытудың факторы ретінде. | Қазіргі студенттің психологиялық портретін құру. | 4 |
| 6 апта: Құндылықтар, қызығушылықтар, нормалар тұлғаның рухани негізі ретінде | | | | |
| 6 | Әлеуметтік әлемдегі Мен. Мен-концепциясы. Өзін-өзі таныстыру. Адам өміріндегі құндылықтар. Психологиядағы құндылық түсінігін зерттеу. Құндылықтар тұлғаның маңызды психологиялық ресурсы ретінде. Тұлғалық құндылықтар. Қызығушылық әлеуметтік іс әрекеттің жетекші мотиві ретінде. Мінез-құлық және нұсқаулар. Тұлғаның адамгершілік | Тұлғаның дүниетанымы және ұлттық бірегейлігі . | | 4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | негіздері. Тұлғаның рухани әлеуметтенуі. | | "Өмір жолы" жобасын даярлау | |
| 7 апта: Өмірдің мәні және кәсіби өзін-өзі анықтау психологиясы | | | | |
| 7 | Өмірдің мәні, өмірлік мақсаттар және бағдарламалар. Кәсіби маманның сенімдері мен бағдарлары. Қазақстанның заманауи даму кезеңіндегі кәсіби тұлғаның құндылықтары мен бағдарлары: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, сананың ашықтығы, ұлттық бірегейлік. Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы жеке құндылықтар мен мағыналар. Кәсіби өсудегі кедергілер, оларды болдырмау және жеңу жолдары. Кәсіби сәйкестілік дағдарысы және эмоциялық қажу синдромы. | Тұлғалық және кәсіби жетістікке жету психологиясы. | Эссе "Менің мансаптық және кәсіби өсуім" | 4 |
| 8 апта : Тұлғаның денсаулық психологиясы | | | | |
| 8 | Психика мен дененің өзара байланысы және өзара ықпалы. Аурулардың пайда болуы мен денсаулықты нығайтудың психологиялық факторлары. Психикалық белсенді заттарды қолдану мен зиянды әдеттер денсаулықты әлсіретуші фактор ретінде. Салауатты өмір салты тұлғаның жетістікке жету негізі ретінде. | Теріс эмоциялар және денсаулық. | Кейс "Кәсіби денсаулықты сақтау". | 4 |
| Тұлғааралық қарым-қатынас қазақстандық үйлесімді тұлғаның даму факторы ретінде | | | | |
| 9 апта: Тұлғаның және топтардың қарым-қатынасы | | | | |
| 9 | Қарым-қатынас түсінігі. Қарым-қатынастың түрлері, формалары, қызметтері. Тұлғааралық қарым-қатынас ғылыми білімнің пәні ретінде. Тұлғааралық қарым-қатынас сипаттамалары. Тұлғааралық коммуникация, өзара әрекеттесу, тұлғааралық қабылдау түсініктері. Тұлғааралық, топаралық және ұлтаралық қарым-қатынас ерекшеліктері. | Ұлтаралық қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде. | Көшбасшылық пен жетекшілікке | 4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қарым-қатынас стильдері. Көшбасшылық және жетекшілік. | | салыстырмалы талдау жасаңыздар. | |
| 10 апта: Қарым-қатынастың перцептивті жағы | | | | |
| 10 | Қарым-қатынастың перцептивті жағы – қарым-қатынас процесіндегі адамдардың бірін-бірі қабылдауы ретінде. Қарым-қатынастың перцептивті механизмдері: эмпатия, идентификация, децентрация, аттракция, толеранттылық, рефлексия, кері байланыс. Тұлғааралық өзара әрекеттесу кеңістігі. Мен және басқалар. | Тұлғааралық қабылдау әсерлері. | Эссе "Қарым қатынас процесінде қоршаған ортаны қабылдау" | 4 |
| 11 апта : Қарым-қатынастың интерактивті жағы | | | | |
| 11 | Психологиялық әсер етудің мәні. Психологиялық әсер ету түрлері. Әсер ету механизмдері: жұқтыру, еліктеу, сендіру. Сендіруді тиімді ету факторлары. Психологиялық әсер етудің негізгі тәсілдері мен әдістері: демонстрация, жалған ақпарат тарату, қауесеттерді тарату, қорқыту, БАҚ-тағы манипуляция. | Тұлға және топ ( әлеуметтік-психологиялық ықпал ету) | "Әлеуметтік желілердің жастардағы тәуелді мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етуін талдау" презентация дайындау | 10! |
| 12 апта: Қарым-қатынастың коммуникативті жағы | | | | |
| 12 | Қарым-қатынас ақпарат алмасу ретінде. Коммуникацияның құрылымы, негізгі функциялары және түрлері. Коммуникациядағы цифрлық технологиялар. Коммуникацияның вербалды және вербалды емес құралдары. Коммуникативтік рөлдердің мәні және қажеттілігі. Коммуникативтік кедергілер (кәсіби, мағыналық, ұйымдастырушылық, тұлғалық-психологиялық және т.б.). Коммуникацияның жас ерекшеліктері, әлеуметтік-мәдени және гендерлік ерекшеліктері. | Г.Д.Лассуэлл бойынша заманауи қоғамдағы коммуникацияны талдау. | "Қарым қатынастағы психологиялық кедергілер және оларды жеңу" кестесін құру. | 4 |
| Тиімді тұлғааралық қарым-қатынас технологиялары қоғамдық сананы жаңғырту негізі ретінде | | | | |
| 13 апта : Әлеуметтік-психологиялық конфликт түсінігі және құрылымы | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13 | Әлеуметтік конфликтілердің табиғаты және шығу себептері . Психологиялық конфликтілердің түрлері. Конфликтінің конструктивті және деструктивті функциялары. Конфликтінің даму сатылары. Конфликтінің қатысушылары мен жүргізушілері, олардың қажеттіліктері, мүдделері мен мақсаттары. Конфликтінің кеңістік-уақыттық шекаралары. Конфликтінің типтік кезеңдері. Конфликтінің функциялары мен зардаптары. | Біздің өміріміздегі конфликтілер. | Толерантты мінез-құлықты дамыту бойынша психологиялық ұсыныстар әзірлеу. | 4 |
| 14 апта : Кәсіби саладағы конфликт жағдайындағы тұлғаның мінез-құлық моделдері | | | | |
| 14 | Конфликтіні болдырмау технологиясы. Конфликтідегі рационалды мінез-құлық технологиялары. Конфликтілік мінез-құлықтар: ынтымақтастық, бәсекелестік, қашу, құтылу, кооперация стратегиялары. Конфликтілерді шешу көп сатылы процесс ретінде. Манипуляторлардың типтері. Негізгі манипуляциялық техникалар. Манипуляция процесіндегі тұлға. Манипуляция жасырын хабарлама ретінде. Келіссөздер - конфликтіні шешудің тәсілі ретінде. | Еңбек ұжымындағы конфликтіні реттеудің механизмдері және тәсілдері. | Конфликтілік жағдайда басым көрінетін мінез-құлық типін анықтау бойынша өзін-өзі диагностикалау | 4 |
| 15 апта : Тиімді коммуникацияның техникалары мен тәсілдері | | | | |
| 15 | Тиімді коммуникация ұғымы. Тиімді коммуникация технологиялары және қағидалары, ережелері, дағдылары, тәсілдері. Тиімді коммуникацияның шарттары. Әлеуметтік интеллект. Коммуникациядағы имидж және өзіндік ұсыну. Имидж қалыптастырудың технологиялары. Сыртқы келбет имидждің бір бөлігі ретінде. Белсенді тыңдау техникалары. Келіссөз процесінің технологиясы. | Тиімді коммуникация мен тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің өзара байланысы | "Тиімді коммуникация" тренинг бағдарламасын даярлау. | 4 |
| | | | | |

Ескерту: 1 академиялық кредит - 30 академиялық сағат
Барлығы: 2 академиялық кредит - 60 академиялық сағат

Әдебиеттер: Негізгі:
1. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Астана, 2016.
2. Назарбаев Н.А. "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания". – Астана, АКОРДА, 2017 / http:// www. akorda. kz/ ru.
3. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее. – Астана, 2017.
4. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] = The Social Animal: әлеуметтік психологияға кіріспе: [ оқулық] / Э. Аронсон ; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [және т. б.]. - 11-бас. - Астана: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. - 407, [2] б. - (Рухани жаңғыру).
5. Годфруа Ж. Что такое психология. Том 1. – М.: Мир, 2005 г. – 496 с.
6. Годфруа Ж. Что такое психология. Том 2. – М.: Мир, 2005 г. – 276 с.
7. Даниел Гоулман. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ. Изд-во Манн, Иванов и Фербер: 2018. -560 с.
8. Джакупов С.М. Введение в общую психологию. – А.: Қазақ университеті, 2014
9. Ильин Е.П. Психология общения и межличностных отношений. - СПб.: Питер, 2009. - 576 с. ил. - ( Серия "Мастера психологии").
10. Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін] = Social Psychology: [оқулық] / Д. Г. Майерс, Ж. М. Туенж ; ауд. Г. Қ. Айқынбаева [және т.б.]. - 12-бас. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 559, [1] б.: сур . - (Рухани жаңғыру).
11. Майерс Д. Психология / пер. с англ. И.А. Карпиков, В.А. Старовойтова. – 4-е изд. - Минск: "Попурри", 2009. – 848 с.
12. Психология индивидуальных различий / Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.Я. Романова. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: АСТ: Астрель, 2008. – 720 с.
13. Руденко А.М. Психология в схемах и таблицах: учебное пособие. – М: Феникс, 2016. – 379 с.
14. Шульц Д. Қазіргі психология тарихы [Мәтін] = A History of Modern Psychology : [монография] / Д. Шульц, С. Э. Шульц ; ауд. Б. Қ. Ақын [және т.б.]. - 11-бас. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. – 447 [1] б.: сур. - (Рухани жаңғыру).
Қосымша:
1. Анцупов А.Я, Шипилов А.И. -Конфликтология .- Москва: Юрайт, 2017.
2. Арбузова Е. Н., Анисимов А. И., Шатрова О. В. Практикум по психологии общения. 2008 – 272 с.
3. Виноградова, С. М. Психология массовой коммуникации: учебник / С. М. Виноградова, Г. С. Мельник. – Москва: Юрайт, 2014. – 512 с.
4. Гарнер А., Пиз А. Язык разговора. Издательство: "Эксмо-Пресс" 2006 г. – 224 с
5. Гришина Н.В. Психология конфликта. СПб.: Питер, 2008. — 464 с. ил. — (Серия "Мастера психологии" ).
6. Ефимова Н.С. Социальная психология. – Москва: Юрайт, 2017.
7. Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности. – СПб.: Питер, 2011. – 448 с.
8. Маклаков А.Г. Общая психология. Учебник для вузов. Москва: Юрайт, 2018.
9. Маслоу А. Мотивация и личность. — СПб.: Питер, 2008. – 352 с.
10. Наумов В.В. Гридасов М.А. Психология карьерного роста. Изд-во МСШ: 2009- 320 с.
11. Солсо Р.Л. Когнитивная психология. – пер. с англ. –М. "Тривола", М. "Либерия". 2002. – 600 с.
12. Э. Берн Игры, в которые играют люди. Люди, которые играют в игры. 2016 – 576 с.
13. Балинт М. Базисный дефект. М.: Когито-Центр, 2002. 256 с.
14. Кохут Х. Анализ самости. Системный подход к лечению нарциссических нарушений личности. М.: Когито-Центр. 2003. 368 с.
15. Фрейд А. Эго и механизмы защиты // Теория и практика детского психоанализа. Пер. с англ. И нем. / М.: ООО Апрель Пресс, ЗАО Изд-во ЭКСМО-Пресс, 1999. С. 115-244.
16. Шмидбауэр В. Вытеснение и другие защитные механизмы // Энциклопедия глубинной психологии. Т .1. - М.: ЗАО МГ Менеджмент, 1998. С. 289-295.

17. Выготский Л.С. Проблема воли и ее развитие в детском возрасте // Собр. соч. в 6 т. Т. 2. М.: Педагогика, 1982. С. 454-465.
Интернет-ресурстар:
1. http:// www. akorda. kz
2. http:// azps. ru/
3. http:// psy chol ogy. net. ru/ articles
4. http:// www. psy chol ogy- online. net/
5. http:// psynet. narod. ru/ main. htm
6. http:// psy fact or. org/

Ескерту: 1 академиялық кредит = 30 академиялық сағат
Барлығы: 8 академиялық кредит - 240 академиялық сағат

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 31 қазандағы
№ 603 бұйрығына
7-қосымша

## Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Дене шынықтыру" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін "Дене шынықтыру" жалпы білім беру пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - бағдарлама) "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқытудың мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын, әдістерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 13.07.2023 № 314 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бағдарлама дене шынықтыруды әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестікте қарастыратын жалпы білім беретін "Дене шынықтыру" пәнін оқытуға бағытталған. Бағдарлама оқытушы мен білім алушының дене тәрбиесі барысында оқытудың барлық кезеңіндегі пәнді игеру деңгейіне қойылатын талаптар контексіндегі бірлескен ынтымақтастығын анықтайды.

3. Жоғары білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкес осы бағдарлама бойынша оқу ұзақтығы 240 академиялық сағатты (8 академиялық кредитті) құрайды.

### 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз

факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

5. Мақсатты жүзеге асыру үшін келесідей білім беру, сауықтыру және тәрбие міндеттері шешілуі қажет:

1) тиімді кәсіби еңбекке қабілеттілікті және денсаулық сақтау үшін өмірлік маңызды дене қасиеттерін дамыту жолында дене шынықтыру және спортты қолдану бойынша базалық ғылыми-негізделген білім беру;

2) дене шынықтыру және спортпен айналыстырудың жүйелі сабақтарына деген қажеттілік пен дене шынықтыруға мотивациялық- құндылықтық қатынасты қалыптастыру;

3) ағзаның еңбек қызметінің қолайсыз факторларының әсеріне кедергісін арттыру, денсаулығын нығайту және машықтану;

4) өзара көмекке, коллективизмге және тәртіпке тәрбиелеу;

5) психикалық тұрақтылықты, өз күшіне сенімділікті, мақсаттылықты, батылдық пен табандылықты, бастамашылықты, қайсарлық пен қажырлықты тәрбиелеу;

6) негізгі қозғалтқыш қасиеттерін дамыту және жетілдіру - төзімділік, күш, жылдамдық, икемділік;

7) дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі мен әлеуметтік-мәдени құндылықтарын дамыту бойынша әртүрлі дағдылар мен қабілеттерге ие болуды қамтамасыз ету;

8) қарым-қатынас дағдыларын дамыту, атап айтқанда, әр түрлі көздерден ақпаратты пайдалану қабілеттілігі, сәйкес формада нақты ұсыну;

9) ойлау дағдыларын, өзін-өзі дамыту дағдылары және зерттеу дағдыларын дамыту.

6. Бағдарламаны игеру нәтижелері бойынша білім алушы келесідей құзыреттіліктерді иеленеді:

1) жеке тұлғалық:

өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тұлғалық тануға даярлық пен қабілеттілік;

кәсіби дене шынықтыру дағдыларын еңбек және өмірлік жағдаяттарда өз бетінше пайдалана алуға даярлық;

2) метапәнаралық:

танымдық, спорттық, дене шынықтыру, сауықтыру және әлеуметтік практикада пәнаралық түсініктер мен әмбебап оқу әрекеттерін (реттеуші, танымдық, коммуникативтік) қолдану қабілеттілігі;

дербес ақпараттық-танымдық қызметке даярлылық пен қабілеттілік;

жарыстық қызметтің әртүрлі түрлеріне қатысу дағдыларын қалыптастыру;

3) пәндік:

салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолдану шеберлігі;

**3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

7. Пәннің мазмұнын құрылымдау кеңейтілген дидактикалық бірліктерді (модуль, бөлім) бөлу арқылы жүзеге асырылады. Пәннің мазмұндық құрылымы мынаны қамтиды: кіріспе; бөлімдер (модулдер); оқу тәжірибелік сабақтар тақырыбы

8. Бағдарламаның мазмұны келесі тұжырымдамалық ұстанымдарға негізделген:

1) дене шынықтыру үрдісінің жалпы білім беру бағыттылығына;

2) дене шынықтыру қызметін ықпалдастырушылыққа;

3) оқу-тәрбие үрдісінің жүйілілігіне;

4) дене шынықтырудың кәсіби-қолданбалы бағыттылығына;

5) дене шынықтыру және спорт саласындағы білім алушылардың білімділігін нормативтік және әдістемелік қамтамасыз етуге;

6) білімгерлерді дене шынықтыру бойынша біртіндеп және қорытынды аттестаттауға;

9. Бағдарламаны іске асыру барысында қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:

1) мәселелік-модульдік оқыту технологиялары;

2) оқу-зерттеу қызметі технологиялары;

3) коммуникативтік технологиялар (пікірталас, баспасөз мәслихаты, оқу талқылаулары және басқа белсенді формалар мен әдістер);

4) кейстер әдісі (жағдайды талдау);

5) студенттер іскери, рөлдік, имитациялық және басқа да ойындарға қатысатын ойын технологиялары.

10. Бағдарламаның мазмұны студенттерді төрт оқу бөлімдері бойынша бөлуге сәйкес келеді: негізгі, даярлық, арнайы (емдік дене шынықтыру топтарын қосқанда), спорттық. Білім алушыларды оқу бөлімдеріне бөлу оқу жылы басында жынысын, денсаулық жағдайын, дене дамуын, дене шынықтыру және спорттық даярлығын ескеру арқылы жүргізіледі. Білімгер бір оқу бөлімінен (топтан) екіншісіне оқу жылы немесе семестр аяқталғаннан кейін көше алады. Білімгерлерді даярлық немесе арнайы медициналық оқу бөлімдеріне ауыстыру ауруына байланысты оқу жылының кез келген уақытында жүзеге асырылуы мүмкін. Білімгерлер негізгі және даярлық бөлімдеріне жалпы физикалық даярлық пен спорт түрлері бойынша топтарға бөлінеді. Даярлық бөліміне денсаулық жағдайының төмін деңгейі немесе денсаулығында аз ауытқулары бар білімгерлер бөлінеді. Медициналық тексеру мәліметтері бойынша арнайы оқу бөліміне жіберілген білімгерлер арнайы медициналық топтарға немесе емдік дене шынықтыру топтарына бөлінеді. Спорттық оқу бөлімінде топтардың толтырылымдылығы спорт түріне және айналушылардың біліктілігіне қатысты болады.

Спорт ойындары түрлері бойынша спорттық мамандандыру оқу топтары ойыншылардың қос құрамын толтыру арқылы құрылады.

11. Практикалық сабақтар білімдерді, қимыл шеберліктері мен дағдыларын игеруді, білім алушыларда дене шынықтыру-сауықтыру мен жаттықтыру бағдарламаларын жүзеге асыру тәжірибесін қалыптастыруды қарастырады:

1) Оқыту (дәрісханалық) сабақтары дене тәрбиесінің негізігі түрі болып табылады. Оқыту сабақтары әдістемелік-тәжірибелік және оқыту-жаттықтыру бөлімдерінен тұрады. Практикалық сабақтардың әдістемелік бөлімі мынаған бағытталған: денелік жаттығуларды және спорт түрлерін таңдауды игеру; жалпыдамыту және арнайы жаттығулар кешенін құру; сабақ барысында бақылау мен өзін-өзі бақылауды, сақтандыру мен өзін-өзі сақтандыруды жүзеге асыру шеберлігі; жарыстардағы төрешілік дағдыларын меңгеру.

Оқыту-жаттықтыру сабақтары мыналарға бағытталған: денелік даярлылық деңгейін арттыру мен дене қасиеттерін дамыту; спорт түрлері техникасын игеру; студенттерді бұқаралық спорт жарыстарына қатысуға даярлау; арнайы кәсіби-қолданбалы даярлық дағдыларын мамандық талаптарымен сәйкестікте меңгеру мен жетілдіру.

2) Сабақтардың оқытудан тыс (дәрісханадан тыс) түрлері білімгерлердің жеткілікті қимыл тәртібін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылады:

1. күн тәртібіндегі дене жаттығулары (Таңертеңгілік гигиеналық гимнастика (ТГГ), атлетикалық сабақтар, сауықтыру жүзу, жүру, жүгіру, шаңғымен жүру, конькимен сырғанау, білім беру мекемесінің мүмкіндіктері бойынша инновациялық, дәстүрлі емес сауықтыру технологиялары);

2. спорт секцияларында, сауықтыру, атлетикалық және қызығушылықтар бойынша клубтарда айналысу;

3. дәрісханадан тыс сабақтар білім алушылардың жоғары дене жұмыс қабілеттілігі деңгейін сақтауын қамтамасыз етеді және бағдарлама талаптарын орындауына ықпал жасайды. Сабақтардың барлық түрлерін басқару, бақылау, кеңес беруді дене шынықтыру және спорт кафедраларының профессорлық-оқытушылық құрамы жүзеге асырады.

12. Білімгерлердің құзыреттерін бағалау (түлектің заманауи әлеуметтік-тұлғалық және әлуметтік-кәсіби құзыреттерін қалыптастыру мақсатында) мына критерийлер бойынша жүзеге асырылады: жаңартылған бағдарламаны түсінуді көрсету, терминологияны игеру, алған білімдерді қолдану; өзіндік практикалық сабақтарды жүргізуді, талқылау түрлерін практикаға енгізу.

Студентті аттестациялық нормативтерді орындауға жіберудің міндетті шарттары келесідей:

- семестр және оқу курстары бойынша бағдарламаның теориялық бөлімінің талаптарын орындау;

- ағзаның дене және функционалдық жағдайының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін оқу пәндеріне тұрақты түрде қатысу;

- дене даярлығына арналған тестілеуден өту;

-кәсіби-дене дайындығының біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру.

Ұзақ мерзімге сабақтан босатылған студенттер және емдік дене шынықтыру тобының студенттері келесі нормативтік талаптар негізінде дене тәрбиесі және спорт кафедрасында аттестаттаудан өтеді:

- "дене шынықтыру" пәнінің міндетті дәрістері бойынша теориялық білім деңгейін бағалау;

- студенттің денсаулық жағдайын, дене жаттығуларын қолдануға қарсы көрсетілімдер мен айғақтарды ескере отырып, дене шынықтыру бойынша қосымша тақырыпты өз бетінше меңгеруін бағалау;

- сауықтыру және бейімделу дене тәрбиесі мәселелері бойынша кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттердің қатысуы.

13. Пәннің теориялық және практикалық (әдістемелік) бөлімдеріне кіретін тақырыптық жоспарлар осы бағдарламаға қосымшада келтірілген.

Жоғары және (немесе) жоғары
оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымдары үшін "Дене
шынықтыру" жалпы білім беру
пәнінің үлгілік оқу
бағдарламасына
қосымша

**1. Пәннің теориялық бөліміне кіретін тақырыптық жоспар**

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде дене шынықтыру оқыту пәні ретінде.

2. Салауатты өмір салты негіздері (СӨС).

СӨС кәсіптік білім беру жүйесі аясында қалыптастырудың әдістері мен нысандары. Студенттердің СӨС жүргіздіруге ынталарын арттыру.

3. Дене тәрбиесінің жарытылыстық-ғылыми негіздері.

Дене шынықтырудың әлеуметтік-биологиялық негіздері туралы түсінік. Негізгі дене жүйесі. Қозғалтқыш қызметінің физиологиясы.

4. Заманауи сауықтыру жүйелері және ағзаның денелік күйін бақылау негіздері.

Заманауи сауықтыру технологияларының сипатаммасы. Педагогикалық бақылау, өзін-өзі бақылау және функционалдық жағдайды бағалау, физикалық даму және студенттердің дене дайындығы, өзін-өзі бақылау. Бақылау және өзін-өзі бақылау нәтижелері бойынша сабақтарды түзету.

5. Дене шынықтыру және спорт өзіндік сабақтарының негізгі әдістемелері.

Өзін-өзі зерттеудің мазмұны, формалары және әдістері. Оларды қолдану әдісі. Өзіндік дене шынықтыру жаттығуларының мазмұны.

6. Кәсіби-қолданбалы дене даярлығы (бұдан әрі – КҚДД).

КҚДД студенттердің мақсаты, құралдары және ұйымдастырылуы.

**2. Пәннің практикалық (әдістемелік) бөліміне енгізілген тақырыптық жоспар**

Жалпы дене даярлығы (дене қасиеттерін дамыту). Тәжірибелік бөлімнің материалын жоспарлау кезінде физикалық қасиеттерді дамыту үшін келесі құралдарды пайдалану ұсынылады:

Жылдамдық. Жүгіру: қалыпты, кібіртіктей жүгіру, жортаңмен, жамбасты көтере, жіліншікті айқастыра жүгіру. Бұрылыстармен жүгіру, қайталамалы жүгіріс. Эстафеталар.

Әртүрлі жаттығуларды жылдамдыққа орындау (гимнастика, қозғалмалы және спорттық ойындардың элементтері).

Төзімділік. Сауықтыру жүгірісі және шаңғы жаттығулары (солтүстік аймақтардағы университеттер үшін). Ойлы-қырлы жерлермен жүгіру техникасын меңгеру. Кросстық дайындық .

Икемділік. Белсенді және пассивті қарсылықпен, кең бұрылыспен, объектілері бар және оларсыз жалпы даму жаттығулары.

Ептілік, қозғалыстар үйлесі және тепе-теңдік. Объектілермен және оларсыз гимнастикалық және акробатикалық жаттығулар. Қозғалмалы және спорттық ойындар. Кешенді эстафета (секіру, жүгіру, лақтыру элементтерімен). Жаяу жүрудегі жалпы даму жаттығулары.

Күш. Объектілері бар және оларсыз жалпы даму жаттығулары. Гимнастикалық және қосалқы жабдықтарда жаттығулар. Тығыздау және сүйреу жаттығулары, салмақ тасу. Айналмалы тренировкалар әдісі бойынша жаттығуларды орындау.

Арнайы дене даярлығы. Арнайы дене қасиеттерін дамытуға арналған құралдарды таңдау үшін практикалық сабақтар өткізу формалары ұйымдастырылуы мен әдістемелік қамтамасыз етілуі бойынша, құралдар мен әдістер жиынтығы бойынша, аумаққа байланысты өткізу орны бойынша әртүрлі болуы мүмкін;

Жылдамдық пен төзімділікті дамытуға арналған арнайы жаттығулар:

- спринтердің арнайы жаттығулары, старттық серпілістер, үдеу, жүгіру;
- бақылаулық старттар: 100м, 500м, 1000м;
- жылдамдыққа түрлі жаттығуларды орындау (гимнастика, қозғалмалы және спорттық ойындар элементтерін);
- орташа деңгейлі спортшыларға және стайерлерге арналған жалпы және арнайы жаттығулар кешендері;
- шаңғымен жүріс техникасын меңгеру;

- 10-15 минут және 18-25 минутқа дейінгі әр түрлі жүктемелерді бірқалыпты қарқынмен орындау;

- жеңіл атлетика және шаңғы жарыстарына қатысу.

Икемділікке арналған арнайы жаттығулар:

- мөлшерленген және максималды сыртқы ауыртпалықтар түсіре отырып және оларсыз серіппелі және сермелі қозғалыстар;

- қайталанатын серіппелі қозғалыстар;

- созылудың қаупі бар снарядсыз және гимнастикалық снарядтарды пайдалана отырып, статикалық жағдайлардың жаттығулары.

Ептілікті, үйлестіруді және тепе-теңдікті дамыту үшін арнайы жаттығулар:

- қозғалмалы және спорттық ойындар. Еліктеушілік және алаңдатушылық амалдар;

- кешенді эстафеталар (секіру, жүгіру, лақтыру, домалау элементтерімен);

- доңғалақты конькилер, велосипед тебу, шаңғымен сырғанау кезіндегі тепе-теңдікті жетілдіру.

Күшті дамытуға арналған арнайы жаттығулар:

- Ауыр атлетика элементтері. Ауыр атлеттің жалпы дамытуға арналған және арнайы жаттығулары. Күштік қозғалыстардың техникасын меңгеру – серпу, жұлқу.

- Гір спорты элементтері. Жалпы дамытуға арналған және арнайы жаттығулар. Гір жұлқу және көтерудің техникасын және күштік-сауықтыру және жаттығу бағытындағы жаттығулар кешенін меңгеру;

- Атлетикалық гимнастика элементтері. Жалпы дамытуға арналған және өз салмағын еңсеру арқылы құралдармен (эспандерлер, амортизаторлар, гантельдер) жасалатын арнайы жаттығулар кешені. Тренажерларда жасалатын түрлі бұлшықет топтарына арналған жаттығуларды орындау.

Спорт түрлері (гимнастика, атлетикалық гимнастика, спорттық ойындар, жеңіл атлетика, шаңғы спорты, жүзу).

Гимнастика. Жалпы дамытуға арналған жаттығулар, жүгіру, секіру, эмоциялық-ырғақты музыка әуенімен орындалатын би элементтері. Би жаттығулары формалары. Сынақтық және жарыстық би-ырғақты бағдарламаларды орындау.

Атлетикалық гимнастика. Жалпы дамытуға арналған жаттығулар: гантельдермен; гирлермен; эспандермен; металл таяқшамен; тренажерларда; штангамен. Дене бітімінің түрлі ақауларын жоюға, сондай-ақ бұлшықеттерді қатайтуға және жұмысқа қабілеттікті арттыруға арналған жаттығулар.

Спорттық және қимыл-қозғалыс ойындары

Баскетбол. Жарыс ережелері. Қорғанышқа тік тұру, айналу, секіру, қозғалу, алып жүру, беруді қағып алу, лақтыру. Техникалық және тактикалық қимылдар негіздеріне үйрету. Командалық ойын.

Волейбол. Жарыс ережелері. Тік тұру және қозғалу. Допты орнында тұрып және қозғалыста жүріп қабылдау және беру (алға, артқа, солға, оңға). Допты беру. Командалық ойын.

Футбол. Жарыс ережелері. Допты орнында тұрып жыне жан-жаққа қозғала жүріп әріптесіне аяқпен беру. Допты теуіп, қақпаға түсіру. Допты қабылдап алу. Футболшының допсыз және доппен орын ауыстырып қозғалуы. Допты қатты тебу. Допты алып жүру. Допты тартып алу. Қақпашының ойын техникасы. Командалық ойын.

Гандбол. Қозғалу, қағып алу және беру, лақтыру, алып жүру және алдау қимылдары , тосқауылдар, оқшаулау және қағып әкету. Шабуылдау мен қорғануда техникалық және тактикалық әрекеттер негізіне үйрету.

Қимыл-қозғалыс ойындары. Қимыл-қозғалыс ойындарының үлгілері: "Нысанаға дәлме-дәл", "тарелкелер" лақтыру", "Аңшылар мен қояндар", "Бердің-отыр", " Жылжымалы нысана", "Дәл беріп үлгір", "Допты қағып түсір", "Шеңбердің ішіне тигіз" , "Кім алысырақ", "Қақпаға дәлме-дәл", "Дәлме-дәл беру", "Айналып өтіп, допты қақпаға соқ", "Футбол слаломы", "Доптың ізінен", "Допты ұстап ал", "Допты жүргізушіге", "Екі допты қақпақылдау", "Аудағы доп", сондай-ақ қазақтың ұлттық ойындары: "Ақсүйек", "Қармақ", "Үйрек ату", "Көмбеден доп шығару", "Аң аулау", " Таяқ жүгірту", "Садақ ату", "Қақпа тас", "Қарагие.

Жеңіл атлетика. Жарыс ережелері. Жүкіру. Лақтыру. Қарғу.

Шаңғы спорты. Жарыс ережелері. Шаңғымен саптық командалар орындау, оқу алаңқайында және оқу шаңғы жолдарында шаңғылармен және шаңғыға мініп түрлі тәсілдермен қозғалу. Көтерілу мен түсулерді меңгеру, бір орнында тұрып және қозғалыста тежелу мен бұрылыстар. Кесіп өтетін жерлерден шаңғымен өту техникасы. Қашықтықты баяу және орта ырғақты уақытта жүріп өту. Шаңғымен эстафеталар. Түрлі қадамдар техникасын үйрену.

Жүзу. Жарыс ережелері. Суда өзін ұстау дағдыларын қалыптастыру. Жүзгіштің жалпы дамытушы және арнайы жаттығулары. Жүзудің негізгі тәсілдерінің техникасын игеру.

Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы. ККДД құралдарын таңдау еңбек қызметінің күрделі факторларына ағзаның тиімді бейімделуіне, өндірістің климаттық шарттарына шыдамдылықты арттыруға, сондай-ақ еңбек дағдыларын қалыптастырып, бекітуге қатысатын қолданбады қозғалыс координацияларының арсеналын кеңейтуге бағытталуымен шартталады.

Заманауи сауықтыру жүйелері (тыныс алу: А.Стрельникованың парадоксальды гимнастикасы, "бодифлекс" - тыныс алу жаттығуларының жүйесі, созуға арналған жаттығулармен біріктірілген, К.Динейки релаксациялық: бұлшық ет релаксациясы, ырғақты гимнастикалар: мүсінге, тепе-теңдік, заттармен; аэробика: ағзаның негізгі жүйелерінің қызметтік мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған циклдық спорт

түрлерінен алынған жаттығулар жүйесі, калланетика: негізінен изометриялық режимде орындалады және тереңде орналасқан бұлшық ет топтарының белсенділігін туғызады, фитнес: жалпы фитнес, дене және спорттық-бағдарлы, шейпинг: қыздарға арналған сауықтыру дене шынықтырудың ғылыми-негізделген жүйесі, дене бітімін дұрыстауға және ағзаның қызметтік жағдайын жақсартуға бағытталған. Пилатес: жаттығулар жүйесі фитнестің барлық түрлерінің ішінде қауіпсіз болып табылады, алынған жарақаттар мен сырқаттарды оңалтуға бағытталған, стретчинг: бұлшық еттерді, сіңірлер мен буындарды созу арқылы дене денсаулығын жақсартуға арналған жаттығулар кешені, воркаут); С.М.Бубновскийдің буын гимнастикасы. Буын гимнастикасының жаттығулары бұлшық еттерді қатайтып, ондағы тұралап қалған жерлерді кетіреді, лимфа және қанайналымдарын белсендіреді.

Дене жаттығуларымен айналысу ппроцесіндегі бақылау және өзін өзі бақылау.

Дене жаттығуларымен айналысу нәтижелерін өзі бақылаудың қарапайым әдістері. Өзін өзі бақылау күнделігін жүргізу және оның студенттердің денсаулығын бақылау процесіндегі маңызы. Өзін өзі бақылаудың объективті және субъективті көрсеткіштері. Дене жаттығулары және спортпен айналысу әсерінен болған ағзаның денсаулық жағдайының диагностикасы. Дене дамуын, ағзаның қызметтік жағдайын, дене дайындығын бағалау үшін стандарттарды, антропометрикалық индекстерді, функционалдық сынамаларды және жаттығуларды пайдалану.

Спорттық оқу бөлімінде жоспарлау студенттер біліктілігі мен спорт түрлерін ескеру арқылы жүзеге асырылады. Спорттық бөлім топтарында түрлі курстар мен факультеттердің студенттері бір мезгілде айналыса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бароненко В.А. Здоровье и физическая культура студента: Учебное пособие / В.А . Бароненко. - М.: Альфа-М, ИНФРА-М, 2012. - 336 б.

2. Евсеев, Ю.И. Физическая культура: Учебное пособие / Ю.И. Евсеев. - Рн/Д: Феникс, 2012. - 444 б.

3. Виленский, М.Я. Физическая культура и здоровый образ жизни студента: Учебное пособие / М.Я. Виленский, А.Г. Горшков. - М.: КноРус, 2013. - 240 б.

4. Кобяков, Ю.П. Физическая культура. Основы здорового образа жизни: Учебное пособие / Ю.П. Кобяков. - Рн/Д: Феникс, 2012. - 252 б.

5. Мельников, П.П. Физическая культура и здоровый образ жизни студента (для бакалавров) / П.П. Мельников. - М.: КноРус, 2013. - 240 б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК